

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНДА ОТБАСЫЛЫҚ  
ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Әдістемелік ұсынымдар**

**ФОРМИРОВАНИЕ У ОБУЧАЮЩИХСЯ СЕМЕЙНЫХ ЦЕННОСТЕЙ**

**Методические рекомендации**

Нұр-Сұлтан  
2020

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (26.02.2020 жылғы № 3 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 3 26.02.2020 года)

Білім алушылардың бойында отбасылық құндылықтарды қалыптастыру. Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020. – 192 б.

Формирование у обучающихся семейных ценностей. Методические рекомендации. – Нұр-Сұлтан: НАО имени И. Алтынсарина, 2020. – 192 с.

Бұл әдістемелік ұсынымда орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың отбасылық құндылықтарын қалыптастыру бойынша өскелең ұрпақты тәрбиелеу ерекшеліктері айтылып, халықаралық тәжірибелер көрсетіледі.

Әсіресе, білім алушылардың жалпыдамзаттық, ұлттық құндылықтарын білім бағдарламаларын кіріктіру қалыптастырудағы білім беру үдерісінің тәрбиелік әлеуетін іске асыру жөніндегі ұсынымдар қызығушылық тудырады.

Бұл әдістемелік ұсыным мектеп директорына, орынбасарларына, мұғалімдерге, психологтарға білім беру беру жүйесіне құндылықтарды енгізу жұмыстарында көмекші құрал болып табылады.

В методических рекомендациях описывается международный опыт по формированию семейных ценностей в организациях среднего образования, представлены традиционные культурные ценности как основа воспитания в семье, предлагаются методические рекомендации по культивированию семейных ценностей и важности института семьи в учебно-воспитательном процессе организаций среднего образования.

Данное издание адресовано заместителям директоров по воспитательной работе, педагогам-организаторам, старшим вожатым, классным руководителям, методистам и другим педагогическим работникам для обеспечения методической поддержкой и помощью в воспитательной работе по семейному воспитанию.

© Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2020  
© Национальная академия  
образования им. И. Алтынсарина, 2020

## Кіріспе

*Тәртіптің ең тамаша мектебі – отбасы.  
Сэмюэл Смайлс*

Тұңғыш Президентіміз, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жаңғыру жағдайындағы еліміздің болашағын айқындайтын аса маңызды бағдарламалық құжат болып табылады [1].

Бағдарламалық мақалада білім беру саласының жаңа бағыт-бағдары, міндеттері айқын көрініс тапқан. «Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» - деп көрсеткен Н.Ә.Назарбаев білім алушыларда ұлттық сананы қалыптастыруды ұсынады. Сонымен қатар, кейінгі жылдары жарияланған «Ұлы Даланың жеті қыры» [2] мен «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» [3] мақалалары да «Рухани жаңғыру» мазмұнымен сабақтас туындылар. Ел басшылары бұл мақалаларында Ұлттық сананы қалыптастыру жолында ұлттық рухымызды оятатын әдебиетіміз мен мәдениетімізді жас ұрпаққа танытудың маңыздылығын түсіндіреді.

2020 жылы Американың «U.S. News & World Report» жаңалықтар журналы «Бала тәрбиесіндегі үздік елдер» рейтингін жариялады. Журнал алдымен «адам құқықтарын сақтау, отбасын құрметтеу, гендерлік теңдікке қол жеткізу үшін қоршаған орта, бақыт деңгейі, табыс теңдігі, қауіпсіздік деңгейі, мемлекеттік білім берудің дамуы және денсаулық сақтау жүйелері» бағытында жаһандық сауалнамаға жүргізген. Сегіз түрлі көрсеткіштердің нәтижесі бойынша Қазақстан соңғы орынды иеленді» деп жазады Qazweek.kz сайты.

Білімдегі бұл ахуал білім берудегі тәрбие жүйесіне жаңаша көзқарас қажеттігін көрсетіп отыр. Сондықтан, рухани жаңғырудың ауқымды идеяларын жүзеге асыру үшін алдымен қоғамдағы құндылықтарды анықтау қажет болды. Осы мақсатта «Нұр Отан» партиясының Қоғамдық саясат институты, еліміздегі Фридрих Эберт қоры, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Қазақстандық қоғамның әлеуметтік өлшемдегі құндылықтары» және «Қоғамдық сананы жаңғырту аясында қазіргі заманғы қазақстандық қоғам құндылықтары» атты әлеуметтік зерттеулер жүргізді.

«Нұр Отан» партиясының Қоғамдық саясат институтының зерттеу деректері бойынша «қазақстандық патриотизмді» маңызды құндылық ретінде сауалнамаға қатысқандардың 13 %-ы ғана атап көрсетті. Бұл еліміздегі отбасы тәрбиесінде үлкен олқылықтың барын көрсетіп берді [4].

Отанға деген сүйіспеншілік отбасыдан басталады. Туған шаңырақтан алған тәрбие – бұл барша халқымыздың бақуатты да табысты болашағының кепілі» [5].

Халқымыздың ғасырлар бойғы қалыптасқан отбасылық тәрбиесі де өзгеше. Тәрбие адам тағдырын шешетін ұлы іс. Ұлы істің бастау бұлағы, қайнар көзі – отбасындағы тағылым мен үлгі-өнегенің, тәлім-тәрбиенің жүйелі, бірізді жүргізілуінен бастау алатыны баршаға белгілі. Үздіксіз тәрбиенің басты сатысы – отбасы тәрбиесі. Отбасында бала еңбек етуге, өмір сүруге әлеуметтік қатынас

тәжірибесін игеруге үйренеді, отбасында өзіндік өмірлік көзқарасы қалыптасады.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы білім алушылар арасында отбасылық қарым-қатынасты анықтау мақсатында элеуметтанушылық зерттеулер жүргізді. Зерттеу деректері бойынша ата-аналардың 62 %-ы өз балаларына жеткілікті уақыт бөлмейді, 43 %-ы балаларының проблемаларына аз мән береді [4].

Балалардың өз-өзіне қол жұмсауының өсуі сақталып отыр (2018 жылы балалардың арасына өз-өзіне қол жұмсаудың 178 оқиғасы тіркелді. Бұл 2017 жылмен салыстырғанда 6,6 %-ке жоғары).

Сондықтан, білім беру саласында отбасы тәрбиесін дамыту өзекті болып отыр. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері (бұдан әрі – Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері) әзірленді. Бұл құжатта тәрбиенің базалық мазмұнын жаңартудың басым бағыттары анықталады. Соның бірі отбасы тәрбиесіне арналды [6].

Сонымен қатар, 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында (бұдан әрі- БДМБ) 5 бағыт, 11 міндет қарастырылған. «Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету» бағытында негізгі міндеттердің бірі – «жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту» болып бекітілді [4].

Жоғарыда айтылған бағыт пен міндеттерді жүзеге асыру мақсатында Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Білім алушылардың отбасылық құндылықтарын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» құралын әзірлеп отыр.

Себебі, орта білім беру беру жүйесіне отбасылық құндылықтарды енгізу барысында мектеп директорына, оның орынбасарларына, мұғалімдерге, психологтарға ғылыми-әдістемелік көмектің ауадай қажеттілігі туындады.

Бұл әдістемелік ұсынымда өскелең ұрпақтың бойына отбасылық құндылықтарды қалыптастырудың бірегей жолдары қарастырылған. Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық салт-дәстүрімізді талдап, саралай отырып оны жаңғыртып жас ұрпаққа заманауи үлгіде ұсынады. Білім беру ұйымдарында ата мен әке, әже мен ана, аға мен жеңге мектебін ұйымдастыру жолын үйретеді. Сабқтың мақсаты мен міндетін дұрыс қою арқылы әулет ішіндегі ынтымақ пен бірлік, бауырмалдық құндылықтарын және ағайын арасындағы туыстық атауларды үйретеді. Отбасылық құндылықтар бойынша тапсырмалар, танымдық сұрақтар, тренингтер, зияткерлік ойындар берілген. Осы арқылы білім алушыларды күнделікті өмірде отбасылық құндылықтарды орынды қолдана білуге тәрбиелейді.

Білім алушылардың бойында отбасылық құндылықтарды қалыптастыруда Әдістемелік ұсынымның көмегі көп деп сенеміз.

# 1 Отбасылық құндылықтарды орта білім беру ұйымдарында қалыптастырудың халықаралық тәжірибесі

*Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек.  
Тәрбиесіз берген білім – адамзаттың қас жауы.  
Әбу Насыр әл-Фараби.*

Қазақстан Республикасындағы орта білім беру жүйесіне құндылықтарды енгізу жұмыстары қолға алына басталды. Себебі, құндылықтарға арналған білім беру бағдарламасына қатысқан жоғары класс білім алушылары, бағдарламаға қатыспайтын мектептегі оқушылармен салыстырғанда құндылықтарының оқу дағдысының және математика пәні бойынша деңгейлерінің айтарлықтай өскенін көрсетті. (Opuni Washington, and Giddings 2012).

Алдымен, құндылықтар тарихына шолу жасаймыз. Құндылықтардың абсолютті және салыстырмалы қасиеттері туралы түсініктер антика заманында өмір сүрген Сократ, Платон, Аристотель еңбектерінде өздерінің даму деңгейіне сәйкес анықталып отырған. Өз кезегінде немістің ұлы философтары Кант пен Гегель де құндылықтар мәселесіне назар аударып, әрқайсысы талдаулар жүргізген.

Г.Риккерт, А.Д. Тойнби, В.Виндельбанд, Э. Кассирер, М.Шеллер, В.Дильтей, О.Шпенглер, П.Сорокин, Ф.Ницше тәрізді шетел ғалым-философтары аксиологияның ілім ретінде қалыптастыруға өз үлестерін қосқан. Аталған философтардың алуан түрлі құндылықтар теориясынан бір бірінен ерекше философиялық және социологиялық концепциялар қалыптасты.

Қалыптасқан құндылықтардың жіктелуінде әртүрлі көзқарастар мен тұрғылар бар. Философия мен мәдениеттану оқулықтарында, әдебиеттерінде олардың жіктелуі былай беріледі.

1. Витальдық құндылықтар.
2. Әлеуметтік құндылықтар.
3. Саяси құндылықтар.
4. Моральдық құндылықтар.
5. Діни құндылықтар.
6. Эстетикалық құндылықтар.

Сол сияқты әртүрлі аксиологиялық теориялар адамдардың құндылықтық қатынастары топтарын қарастырады.

Рухани-адамгершілік құндылықтарды зерттеудің әлемдік тәжірибесі олардың табиғаты, қалыптасуы мен дамуының әртүрлі тұжырымдамаларын ұсынады.

Э. Дюркгеймнің пікірі бойынша құндылықтарды адам сыртқы мәжбүрлеу- тәрбиелеу арқылы қабылдайды және қоғамдағы адам мінез-құлқын реттеуші рөлін атқарады.

М. Вебердің шығармаларында құндылықтар дәуірдің немесе қоғамның белгілі бір қатынасы ретінде қарастырады.

М. Шхлер – сезімдер арқылы белгілі идеалды қарапайым тәуелсіз және өзара байланыссыз қасиеттер ретінде.

Э. Толман адам реакцияларының күші мен бағытын сипаттай отырып, құндылықты адамның әрекеттері бағытталған объектінің тартымдылығы ретінде анықтайды.

Н. Роких рухани-адамгершілік құндылықтарды зерттеу нәтижелерін қорытындылауға әрекет жасай отырып, құндылықтарды белгілі бір объектіге немесе жағдайға ешқандай қатысы жоқ оң немесе теріс абстрактылы идеялар ретінде түсінуді ұсынды, бірақ адамның мінез-құлқының түрлері мен мақсаттары, іс-әрекеттерді жүргізудің таңдаулы стратегиялары туралы сенімдерін білдірді.

М.С. Каган еңбектерінде және басқа ғалымдардың құндылықтары табиғат құбылыстары (материалдық құндылықтар) және қоғам (рухани және адамгершілік құндылықтар) ретінде қарастырылады, олар шын мәнінде бар нәрсені ғана емес, сонымен бірге оған ұмтылу үшін қажет нәрсені де білдіреді. Кең мағынада рухани-адамгершілік құндылықтар адам үшін белгілі бір маңызы бар құбылыстар, сезімдер, мұраттар, әртүрлі қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіндігі ретінде әрекет етеді [7].

Кенес дәуірінде рухани дүниені біздерге материалдық дүниеден кейінгі немесе оның дамуының жалғасы, жақсара түскен материалдық жағдайдың әрі қарай дамуының жемісі деп танытты.

Бүгінгі күні К.Ушинскийдің халықтың өзі құрған және халықтық бастамаларға негізделген тәрбие абстрактілі идеяларға негізделген немесе басқа халықтан алынған ең жақсы жүйелерде жоқ тәрбиенің күші бар [8]. деген сөзі өзекті болып қалып отыр.

А.С.Макаренко – Сіздер баланы тек сөйлеген кезде ғана, оған ақыл айтқанда немесе бұйрық берген кезде ғана тәрбиелейміз деп ойламаңыздар – Сіздер оны өмірлеріңіздің әрбір минутында, тіпті өздеріңіз үйлеріңізде жоқ уақыттың өзінде тәрбиелейсіздер, сіздер қалай киінесіздер, сіздер басқалармен қалай сөйлесесіздер немесе басқа адамдар туралы қалай қуанасыздар және ренжисіздер, сіздер достарыңызбен қандай қарым-қатынаста боласыздар, сіздер қалай күлесіздер, газет-журнал оқисыздар – осылардың бәрінің бала үшін маңызы бар – деп жазады өз еңбегінде.

Адам дайын ұлттық сипатпен туылмайды, ол белгілі бір ұлттық және әлеуметтік ортада, атап айтқанда, отбасында тәрбиелеу барысында ғана нақты этникалық қауымдастықтың өкілі болып қалыптасады. Отбасы – тәрбиенің әлеуметтік институты, бұл отбасылық құндылықтар мен мінез-құлық стереотиптерін беруден тұратын ұрпақтар сабақтастығын, балаларды әлеуметтендіруді жүзеге асырады.

Белгілі психолог Л.С. Выготский отбасы дамудың әлеуметтік жағдайының маңызды элементі болып табылады деп жазды. Отбасында әлеуметтену неғұрлым табиғи және ауыртпалықсыз өтеді, оның негізгі механизмі – тәрбие [9].

Құндылықтар бойынша шетелдік тәжірибелер тарихы осы болды. Біздің еліміздегі білімдегі рухани-құндылықтар жүйелі жолға қойылып келеді.

Қазақстан Республикасында 2019 жылы бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздері мен «Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» мектеп және отбасы, мемлекет және қоғамды тұтастай өскелең ұрпақты тәрбиелеуге жұмылдырады.

Мектеп пен отбасы баланың тәрбиесі үшін жауапкершілікті бөліссе, ортақ мақсатқа жету үшін бірігіп жұмыс жасаса, оқушының білім алуына және академиялық үлгірімін арттыруға мүмкіндігі болады. (Boonk, Gijsselaers, Ritzen u Brand Gruwel, 2018)

Отбасы үйде адамгершілік тәрбиені қолға алса, оқушылардың өміріндегі құндылықтардың маңыз артады. Тұрақты және мазмұнды адамгершілік тәрбиесі үшін отбасы мен мектеп бірлесіп жұмыс жасауы қажет.

«Баланың бас ұстазы – ата-ана». Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы – туған ұясы саналады. Қай ғасырда болмасын, тәрбие мәселелері назардан тыс қалып көрген емес. Әсіресе, бала тәрбиесі. «Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар» деген халық ұрпағының өсіп-жетілуіне, тәрбиесіне барынша жағдай жасауға тырысқан. Ал тәрбие, тал бесіктен емес, құрсақтан басталады. Оның себебі, болашақ ана баланы бесіктен емес, құрсақтан бастап тәрбиелеуі керек. Балаға деген мейірімі, сезімі, махаббаты ананың ыстық ықыласы мен тәрбиесінен берілетін құнды дүние. Бала тәрбиесі ата-ана тәрбиесімен ұштасып жатуы тиіс.

Кемеңгер Абай жетінше қара сөзінде «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген...».

Бала бойындағы білмекке құмарлықты дамыту, болашақта баланың жеке тұлға болып қалыптасуына, саналы ұрпақ болып өсуіне, дұрыс білім алып жетілуіне, өмірде өз орнын табуына көмек беру ата-ананың міндеті деп санайды. Бұл көзқарасын «Баламды медресеге біл деп бердім, қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім» деп білдіреді.

Білім тәрбие арқылы беріледі. Болашақта ел тізгінін ұстар азаматтар – бүгінгі мектеп оқушылары. Осы қағиданы нақты ұғынған Елбасы да «Ұлт болашағы білімді ұрпақ қолында» деп әрдайым айтып келеді. Дана халқымыз «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың» деп бекер айтпаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, яғни адамгершілік секілді құнды

қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады.

Тәрбие жоқ жерде білім де жоқ. Тәрбие қаншалықты тереңде болса, білім де соншалықты тереңде. Болашақ білімді, дарынды, адмгершілігі мол ұрпақ үшін бұл – өте маңызды. Сол себепті де отбасының бала тәрбиесінде алатын орны айрықша. Әрине, әрбір ата-ана өз ұлы мен қызының әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының білімді азаматы мен азаматшасы болып жетілуін қалайды. Сыйластық, түсіністік, зор жауапкершілік сезімдері бар отбасы – бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қарым-қатынасы мазмұнды, сенімді болады.

Халықаралық зерттеулер білім алушыларға адамгершілік-құндылықтарды үйрету отбасы, мектеп, қоғамның ынтымақтасуы арқылы кешенді түрде жүргізілетінін нақтылайды. Себебі, отбасы, мектеп, қоғам құндылықтарды қалыптастырушы тараптар болып саналады.

Қоғамның алғашқы ұйтқысы отбасында бала үлкендермен араласады. Баланың қоғамдық әлеуметтік дамуы жанұяда өз орнын алуынан басталады. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай, жақсыға да жаманға да бірдей бейімделгіш. Халқымызда «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» немесе «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген нақыл сөздер тегін айтылмаған. Ата-ана өзінің мінезі, дағдысы, сөзі, іс-әрекеті арқылы баласына үлгі көрсетеді.

Бала тәрбиесі – өте күрделі үрдіс және ешқандай үзіліс, демалыс дегенді білмейді. Баланың жақсысы әке мен шешенің ары, ата-ананың абыройы, жаманы – қайғысы, бақытсыздығы, азабы», - дейді халқымыз.

Қай заман, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән беріп келген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу, білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Сондықтан да Елбасымыз ХХІ ғасырды «білім жарысы ғасыры» деп атап отыр. Тәрбиенің мақсаты пәнді керемет меңгерген оқушы тәрбиелеу емес, ең бастысы адамды тәрбиелеу.

Қазақ халқы айтпақшы, «балалы үй – базар» екені, бала бар жерде күнде мереке екені айтпаса да түсінікті. Бала – басты байлығымыз, ал ең асылы – оның тәрбиесі. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы алтын ұясы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне отбасы мен өскен ортасының тигізетін әсері мол. Бала тәрбиесі ұлт таңдамайды, тәрбие барлық ұлтқа қызмет етеді. Алайда, әр елдің балаларының бала тәрбиелеу ісі бір-біріне ұқсай бермейді. Әр ұлттың тәрбие беруі әрқилы болса да, бала атаулыға бірдей нәрселер қажет. Олар: туған отбасы, ұядай жылы үй, ата-анасының қамқорлығы мен сүйіспеншілігі. Бала тәрбиесіндегі әр елдің өзіндік ерекшеліктерін оқытатын ғылым бар. Оны этнопедия деп атайды. Жас ғылым саласы деуге де болады. Бүгінгі таңда әлемде тұрмысы мен мәдениеті бойынша этникалық, лингвистикалық, психологиялық белгілері бірдей екі халықты табуға болмайды. Әрбір халықтың тәрбиелеу жүйесінің ұлттық мәдениеті, ұлттық сипаттағы өз ерекшеліктері бар. Бұл тұрғыда халықтың дәстүрлеріне негізделген және оның менталдығын анықтайтын жекелеген шет елдердің отбасылық тәрбиесі үлкен қызығушылық тудырады.



**Жапония.** Бұл елдің білім беру ісін дамытудың стратегиясын осы уақытқа дейін император Мэйдзидің 1879 жылғы Жарғысы мен «Ваконесай» – «Жапон рухы–батыс технологиясы» принципі анықтайды. Бұл принциптерге жатады:

1. Өзін тұлға ретінде терең түсінетін баланы тәрбиелеу.
2. Мәдениетті тасымалдайтын, қалыптастыратын және дамытатын баланы тәрбиелеу.
3. Өзін Жапония азаматы деп танитын баланы тәрбиелеу.
4. Дені сау және белсенді баланы тәрбиелеу.

Мектеп құрылғанына 130 жыл өтсе де алғашқы жылы анықталған мақсаттары әлі де өзгеріссіз қалған. Мектептің негізгі мақсаты – оқушылардың рухани және физикалық дамуына сәйкес бастауыш білім беру.

Жапония Білім министрлігінің мәлімдеуінше мақсатымыз – мектептегі барлық оқу іс-әрекеттері арқылы «оқушының моралін, оның ішінде адамгершілік, ақыл-ойды, пайымдауды, белсенділік пен қарым-қатынасты дамыту» - дейді. Бұған тәртіп, ұқыптылық, еңбекқорлық, әділеттілік, табиғатпен байланыс үйлесімділігі жатады.

Жапондар бала тәрбиесіне баса мән беретін ұлттың бірі. Олар «балаңды бес жасқа дейін патшандай күт, он бес жасқа дейін құлыңдай жұмса, ал он бестен кейін досыңдай сырлас» деген тәрбие негізін берік ұстанады. Жапондар бала тәрбиелеуде «ұл», «қыз» деп бөлмейді. Екеуін де қазақ халқы сияқты еркелетіп өсіреді. Күншығыс елі мен қазақ халқының ұлттық тәрбиесіндегі бір ұқсастық – ер баланы ел қорғаны, қыз баланы келешек отбасы ұйытқысы болуға баулу. Қатаң қағидалар негізінде өскен жапон баласы он бес жастан кейін тәртіпті, оң-солын таныған, жақсы мен жаманды айыра алатын толыққанды азамат саналады. «Патша» болып еркін өскен бала 5-6 жасынан бастап, тастай темір тәртіпке бағынатын «қиын» күндерге тап болады. Егер бұл тәртіпке бағынбаса, қатаң жазаланады. Жапон баласы үшін ең үлкен жаза – жалғыз қалу. Отбасы мүшелерінен бөлек бөлмеде жалғыз отырудан асқан азап болмайтынын сәби күнінен санасына сіңірген бала сол жазаға ұшырап қалмауға күш салады. Көпшіліктен, қоғамнан тыс өмір сүру түсінігі жапондардың ортасында кешірілмес күнәмен тең.

Жапон педагогикасының негізгі міндеті болашақта ұжымда табысты жұмыс істей алатын адамды тәрбиелеу болып табылады. Бұл адамдар «барлығы сияқты» өмір сүретін және әрекет ететін жапон қоғамында өмір сүру үшін қажет. Халық тілі - өмір тәжірибесін, дәстүрлерін, ұлттық сипатын көрсететін айна болып табылады. Жапондықтар олардың ұқсастығы бұзылмауын, әрқайсысы «барлығы сияқты», ал барлығы «әрқайсысы сияқты» болғанын мұқият қадағалайды [10].

Жапон ғалымдары, отбасын – өзін-өзі тану, әлеуметтендіру, тұлғаның адамгершілік қалыптасуының басты көзі деп санайды. Дәстүрлі жапон отбасы – ана, әке және екі баладан тұрады. Бұрын отбасылық рөлдер нақты сараланған: күйеуі – табыскер, әйелі – ошақты сақтаушы. Ер адам отбасының басшысы болып саналып, үйдегі қалған барлық мүшелер оған бағынуға тиіс. Алайда

соңғы уақытта жапон әйелдері жұмыс пен отбасылық міндеттерді қатар атқарады. Дегенмен, ерлермен тең құқылы болуға әлі де біраз уақыт қажет. Олардың негізгі жұмысы үй және бала тәрбиесі болып табылады, ал ер адамның өмірі жұмысқа арналған. Рөлдердің мұндай бөлінуі тіпті этимологияда да көрініс табады. Әйел адамға қатысты ең көп қолданылатын сөз «канай» деген зат есім болып табылады, ол сөзбе-сөз аударылғанда «үйдің іші» дегенді білдіреді. Ал ер адамдарға судзин – «басты адам», «қожайын» - деп жүгіну керек болған. Субординация балаларға қатысты да байқалады. Жапон тілінде «ағасы» және «әпкесі» деген сөз жоқ. Олардың орнына ани («үлкен ағасы») және отоото («кіші ағасы»), анэ («үлкен әпкесі») және имоото («кіші әпкесі») деп айтады. Сондықтан жоғары және төмен тұрған идея бала санасынан ешқашан да кетпейді. Үлкен ер бала қалған балалар арасында ерекшеленіп байқалады, ол «тақтың мұрагері» деп саналады, дегенмен тақ – бұл ата-ана үйі ғана [11, 12]. Үлкен баланың құқықтары көп, бірақ оған тиісінше көп міндеттер жүктеледі.

Бұрын Жапонияда некелер келісім бойынша болды: әлеуметтік және мүліктік жағдайды назарға ала отырып, күйеуі мен әйелін ата-аналар таңдады. Қазір жапондықтар өзара ықыласпен жиі үйленеді. Бірақ ата-ананың борышы эмоциялық байланыстардан басым екені анық. Жапонияда да ажырасу бар, бірақ олардың пайызы айтарлықтай төмен. Жапондықтардың топтық санаға бағдарлануы әсер етеді, бұл ретте отбасының мүдделері жеке-дара болып келеді.

Баланың тәрбиесімен анасы айналысады. Әкесі де қатыса алады, бірақ бұл өте сирек кездеседі. Бала туған кезде акушер оның кіндігін кеседі, оны кептіреді және сіріңке қорабынан сәл артық өлшемдегі дәстүрлі ағаш қорапқа салады. Онда алтын жалатылған әріптермен анасының аты және баланың туған күні жазылады. Бұл ана мен баланың байланыс нышаны.

Жапонияда бес жасқа дейінгі балаларға барлығы рұқсат етілген. Бала өз тәжірибесінен, жақсы деген не, жаман деген не екенін түсінуге үйренеді [13]. Жапонияның мектепке дейінгі ұйымдарына үш жасқа толған балаларды қабылдайды, бірақ ата-анасының екеуі де жұмыста күніне төрт сағаттан кем емес уақыт өткізетін жағдайда. Мектепке дейінгі балалар тобында әдетте 6-8 адамнан тұрады, оларды сурет салуға, хормен ән айтуға, иероглифтер жазуға үйретеді. Бес жасқа жеткеннен кейін бала бағынбауға мүмкін болмайтын ережелер мен тәртіптердің қатаң жүйесіне түседі, себебі бұл ұжымнан тыс болу дегенді білдіреді. Бала болашақта оның бір бөлігі болу үшін қазіргі қоғамның заңдары бойынша өмір сүруді үйренеді. 15 жасында Жапонияның кішкентай тұрғынының балалық шағы аяқталады және ол ересек адамға теңестіріледі. Осындай тәрбиенің нәтижелері – жапондықтар көптеген дәстүрлерді сөзсіз құрметтейтін және сақтайтын ең заңға мойынсұнушы ұлттардың бірі екенін көрсетті. Сондықтан, қазіргі таңда жапондықтардың жаһандану жағдайында да өзінің өзіндік ерекшелігін сақтап қалатыны кездейсоқ емес. Жапондықтарда білім беру, тәрбиелеу, адамды қалыптастыру философиясының ұғымдары бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Жапон мектебінде оқытудың мақсаты білім

беруге қарағанда тәрбиелік мәні зор, өйткені халықта ғалым болғаннан гөрі жақсы адам болу қажет деген қағида бар [14].

Менталитеттегі барлық айырмашылықтарға қарамастан, жапондықтардан ересектердің балаларға деген сергектік және қамқорлық қарым-қатынасы, жана буын проблемаларына назар аудару, ата-аналардың бала тағдыры үшін жауапкершілігі сияқты қасиеттерді үйренуге болады.

**АҚШ.** Бір қарағанда, Америкада бірыңғай әдет-ғұрып жоқ сияқты болып көрінеді, бірақ әрбір қалада, штатта, елде көптеген берік дәстүрлер бар екені шындық.

Американдықтар уақытының көп бөлігін отбасымен өткізеді: серуендер, хайуанаттар бағы, отбасылық кешкі ас, қала сыртында өткізген демалыс күндері. Бұл көптеген американдық отбасылардың ажырамас дәстүрлері болып табылады.

Елде жұмыс істейтін аналар санының қысқару үрдісі бар. Көптеген әйелдер кезекпен балалармен отыру үшін өз құрбыларымен, достарымен, әріптестерімен клубтарда бірігеді. Ойын бөлмелерімен, компьютерлік залдармен жабдықталған балалар дамуының ресми орталықтары кең таралған. Американдықтар өз балаларына ең жақсысын беруге тырысады: балалар құрал-жабдықтарынан бастап, беделді білім берумен аяқталады. Олар баланың белгілі бір жасында бір нәрсені меңгермейтініне немесе білмейтініне алаңдамайды.

Ата-аналар әр нәрсені өз уақытында болады деп санайды. Америкада ерте дамыту әдістемесі қолданылмайды. Алайда, әрбір бала ерте жастан өзінің құқықтары туралы біледі. АҚШ-тың заңы бойынша ата-аналардың кез келген «заңсыз» әрекеті үшін бала оны ата-ана құқығынан немесе бас бостандығынан айырғанға дейін сотқа бере алады. Сотқа беру үшін тіпті сүйікті мультсериалды көруге тыйым салу немесе тәттіден айыру себеп болуы мүмкін. Сондықтан, бұл елде дене және сөздік жазалау, сондай-ақ шектеулер баламен сөйлесуді қалайды. Сонымен қатар, ата-аналар 12 жасқа дейінгі баланы жалғыз қалдырса да, заңмен жазаланады. Кішкентай американдықтарды сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелейді, бірақ олар 18 жастан бастап тәуелсіз және дербес болады.

Кәмелетке жасқа толған соң балалар ата-анасынан бөлек өмір сүре бастайды. Американдықтар дәстүрлерді жиі жоққа шығарып, ата-аналарына қарсы тұра алмайды, сондықтан бұл елде өте мықты отбасылар қалыптасады. Ерлі-зайыптылардың әрқайсысында банкте өздерінің жеке шоты бар. Бірақ олардың ортақ отбасылық шоты бар, бұл ақшаға үйге және балаларға арналған ірі сатып алулар жасалады. Егер өзінің жеке қаражаты жетіспесе, тұрғын үйді бөліп төлеу арқылы сатып алады. Американдықтар балаларды өз елін сүюге, ол үшін жұмыс істеуге және өмір сүруге, үлкендерді құрметтеуге және ата-аналарын сүюге үйретеді.

Бүгінгі таңда көптеген ата-аналар өз балаларын үй шаруашылығына көмекшілер ретінде жұмысқа және өздерінен кіші балаларды күтуге тартады, оларды тұрмыстық қызмет көрсету саласына тартуға ықпал етеді. Мектеп бітірушілердің басым бөлігі оқуды жұмыспен ұштастырады. Америкалықтар,

оның ішінде бай ата-аналар да өз балаларын кіші жастан бастап ақша табуға үйретуге, тапқырлықты, іскерлік шеберлікті көрсетуге ұмтылады. Соңғы онжылдықта американдық педагогикада жастардың өмірге, еңбек әлеміне кіруіне тиімді дайындығына көңіл бөлінеді.

АҚШ-та көбінесе ата-аналардың *педагогикалық білім беру бағдарламалары* деп аталатын отбасылық тәрбиеге көмектесетін көптеген бағдарламалар әзірленеді және жүзеге асырылады. Олар мұғалімдердің, психологтардың, әлеуметтанушылардың, психотерапевтердің және басқа да мамандардың бірлескен күшімен құрылғандықтан, оларға күрделі кешенді мазмұн тиесілі. Бағдарламалар отбасылық тәрбиедегі барлық буындарды нығайтуға, ең алдымен ата-аналардың педагогикалық құзіреттілігін арттыруға бағытталған. Әртүрлі отбасылар топтарының ерекшеліктері ескеріледі, сондықтан отбасыларға сараланған педагогикалық көмек көрсетудің бағдарламалары жасалады.

«Сиэтлдің әлеуметтік даму Жобасы» рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеуге арналған ұзақ мерзімді зерттеулердің біріне жатады. Жоба 1981 жылы балалар арасындағы әлімжеттілік, бұзақылық, нашакорлыққа әуестік, мектептегі нашар сабақ үлгерімі мәселелерін азайту стратегиясы бойынша бірнеше сынаққа арналған. Бұл зерттеулерду негізгі зерттеуші Дж.Дэвид Хокинс зерттеудің лонгитті әдісін қолданды. Ол рухани-адамгершілік құндылықтарды үйрету 12 классқа дейінгі мектеп жасындағылар мен үлкен өмірге қанат қаққан түлектердің өміріне тигізетін ықпалын анықтау үшін жүргізілді. Бұл бағдарлама 1985 жылдан күні бүгінге дейін тұрақты жүргізіліп келеді. Зерттеуге қатысушылармен сұхбат нәтижесі жастар мен ересектердің өміріне оң ықпалын тигізетінін анықтап берді. Осыған байланысты адамгершілік құндылықты үйретуші ұстаздар адамгершілік құндылықтар бойынша білім беру сабақтарының ұзақ мерзімді басымдығын үйрену үшін бұл зерттеулерге көп көңіл бөліп келеді. Бұл Жобалар туралы қосымша мәліметтерді [SSDP:www.ssdp-tip.org/SSDP/index.html](http://SSDP:www.ssdp-tip.org/SSDP/index.html) сайтынан табуға болады.

АҚШ-та 1996 жылы «Жеке тұлғаның адамгершілігін дамытудағы Юта қоғамдастығы» жоба басталды. Жоба шеңберінде АҚШ білім беру Департаменті алты округке қарайтын 65 мектепке грант бөлді.

АҚШ елінде соңғы 20 жылда өмірлік маңызы бар құндылық ретінде тәрбие бағдарламалары саналады. 2001 жылы АҚШ-та мектептер тәрбие мен білімге бірдей жауаптылықта болғандықтан арнайы заң қабылданды. Бұл заң бойынша мектептерден тек қана білім ғана емес тәрбие де талап етілді. Заң қабылданған соң федеральды үкімет барлық білім алушыларға тәрбие беру бағдарламасын жүргізуге арналған гранттарды ұсына бастады. АҚШ та штаттардың жартысынан астамы К-12 оқу бағдарламасы аясында тәрбие беруді талап ететін заңды қабылдады.

VbE құндылықтарға негізделген білім беру.

VbE – бұл білім алушылардың кім және қандай екендігі арқылы әлемге өзгеріс енгізу, өркендету мен дамытуға мүмкіндік беретін тәсіл.

VbE тәсілін 1990 - 2000 жылдары арасында доктор Нил Хоукс зерттеп,

әзірледі. Содан бері, біз оның алғашқы зерттеу нәтижелерін жинақталды. Көптеген зерттеулер VbE білімге ықпалын растады. Төменде құндылықпен білім берудің әсері туралы академиялық зерттеу нәтижелерінен үзінді келтірілген.

Мектептер оқушылардың контексте жағымды құндылықтарды сезінетін орынға айналуға. Олар сәйкесінше құндылықтарды қолдануға және айтуға үйренеді. Олар мотивацияға айналады, ал олардың мінез-құлқы тыныш және мақсатты болады. Мектептерде бөліну азаяды, оқушылар арасындағы ынтымақтастық артып, құндылықтар бірлік пен жағымды бағытты қолдайды. Құндылықтар көшбасшылық, жағымды рөлдік модельдеу және әлеуметтік құндылық сияқты аспектілерді дамытатын серпінді жұмыс істейді.

*Құндылыққа негізделген білім беру:*

Оқушылардың жеке тұлға ретінде дамуына және ата-аналармен және кең қоғамдастықпен байланыс орнатуға ықпал ететін және сапалы білім берудің іргелі тәсілі.

Ұйымдастырушылық саясат пен күнделікті практиканы қамтитын және оқушыларға мінез-құлық пен әрекеттер үшін рефлексиялық тәжірибе мен жауапкершілікті дамытуға көмектесетін өмір және тұрмыс философиясы.

Оқушыларға болашақтарын анықтауға мүмкіндік беретін және олардың өміріне мағынасы мен мәнін түсіндіретін практикалық және трансформациялық құрал.

Қолайсыздықтың салдарын жоюға көмектесетін интеграцияланған және өршіл қоғамдық рухты қалыптастырады. Бұл келісілген құндылықтар бүкіл ұйымның күшті, тиімді және мағыналы болып қалуын қамтамасыз етеді.

Құндылықтарға негізделген мектептерде олардың оқу бағдарламалары мен оқытуда құндылықтарды тәрбиелеуге баса назар аударылады. Нәтижесінде оқушылар сабаққа ынталы бола бастайды, мектеп тыныш, жайбарақат атмосфера алады, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас жақсарады, оқушы мен мұғалім өзін жақсы сезінеді, ал ата-аналар мектепте жұмысқа көбірек араласады.

Құндылықтарды нақты меңгеру тұлға аралық мінез-құлық туралы сөйлесу үшін жалпы этикалық тілді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар ол өзін-өзі реттеу тәртібін ұсынады. Маңызды нәтиже – бұл оқытудың сапасын жақсартатын және мұғалімдерге оқушылардың үлгеріміне деген үміттерін арттыруға мүмкіндік беретін жаңадан құрылған мектеп.

*Академиялық еңбекқорлық:*

Білім алушылардың оқу үлгерімін нығайту. Оқушылар:

- сабақта ұқыптылық пен өздігінен жұмыс істей білу қабілеттерін көрсетті;

- өз оқулары үшін үлкен жауапкершілікті өз мойнына алды;

- сұрақтар қойып, бірлесе жұмыс жасады;

- мектеп жұмысында үлкен қамқорлық пен күш көрсетті;

- олардың күш-жігерін мақтан тұтады;

*Ambiance мектебі*

Мектепті жақсартудағы ықпалы болды:

- оқушылар арасындағы қайшылық азайды немесе конструктивті болды;
- оқушылар үлкен жанашырлықты, адалдықты және әділдікті көрсетті;
- толерантты және бірлескен оқушылық қарым-қатынас;
- қауіпсіз және үйлесімді кластар мен ойын алаңдары;
- оқушылар арасындағы үлкен мейірімділік пен төзімділік;
- оқушылар құрдастарын достарсыз тартуға белсенді ұмтылады;
- оқушылар мектеп жабдықтары мен күнделікті тапсырмаларға үлкен жауапкершілік алады;
- оқушылар мектеп ғимараттары мен құрылыстарын құрметтейді.

VbE ұйымы туралы көбірек білу үшін мына сайтқа кіруге кеңес береміз:  
<https://www.valuesbasededucation.com/>

Психофизиологиялық даму бұзылыстары бар балалары бар отбасылар үшін; патронаттық балалармен; «әлеуметтік жағдайы нашар отбасыларға» және т.б. Осындай бағдарламалардың мысалы ретінде «Хэд Старт» (Head Start), аудармада – «Жетекші бастама» жобасын атауға болады. Ол аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға жан-жақты білім беру, сауықтыру және әлеуметтік қызметтер көрсету мақсатымен жасалды. Бұл жағдайда баланың отбасының ерекшеліктері ескеріліп, баланың отбасының ұсынылған бағдарламаға толық қатысуына ерекше назар аударылады. 1965 жылдан бастап Хэд Старт оқыту жүйесіне 5 миллионнан астам бала қабылданды. Жыл сайын 1400 Хэд Старт-орталықтарында (мектепке дейінгі мекемелерде) 400 000 мыңға жуық бала мен осыншама ата-аналар оқиды. Ата-аналармен жұмыс жасаудың бірнеше аспектілері бар: ата-аналардың мектепке дейінгі мекемелердің жұмысын жоспарлауға және олардың жоспарларын жүзеге асыруға қатысуы; үй жағдайында ата-аналарға баланы тәрбиелеудің заманауи әдістері туралы хабарлау және оқыту; олардың мәселелерін шешуге көмектесу мақсатында ата-аналарға жеке кеңес беру және т.б. Ата-аналар ерікті көмекші немесе ақылы қызметкерлер ретінде балаларымен бірге әртүрлі тәрбиелік шараларға қатысуға (сабақ өткізу, музейге, кітапханаға бару, спектакльдер дайындау және т.б.) тартылады. Ата-аналарға мамандардың басшылығымен өз балаларымен жұмыс істеу ұйымдастырылады. Мысалы, аналарға балада жеке гигиена дағдыларын дамытуды, кітапты қалай оқуды және т.б. үйрету.

«Хэд Старт» жобасында, АҚШ ата-аналарының педагогикалық білім берудің басқа бағдарламаларымен қатар, ересектер мен балалардың теңдігі қағидатында отбасындағы өзара іс-қимылдың психологиялық негіздеріне көп көңіл бөлінеді. Сонымен, ата-аналар балаларының пікірлерін қызығушылықпен тыңдауды («белсенді тыңдау» әдісі), мінез-құлқын түзетудің адамгершілік әдістеріне жүгінуді және т.б. үйренеді.

АҚШ-тың көптеген штаттарында ер адамдарды балаларды тәрбиелеуге тарту бағдарламалары жасалады, соның ішінде ер адамдар балаларға күтім жасауды үйрететін курстар құрылады, ер адамдарды мектеп мұғалімдері және балабақша тәрбиешілері болып жұмыс істеуге шақырады [15].

Қазіргі Америка ерекшеліктерінің бірі – мультимәдениеттілік болып табылады.

Ол алғашқы қадамдардан бастап мектепте қалыптасады. Балаларға барлық адамдардың нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік қатыстылығына қарамастан тең құқықтар мен мүмкіндіктерге ие екендігін түсіндіреді. Сондықтан, американдық мектепте басқа нәсілдің, ұлттың немесе ағылшын тілін нашар меңгерген кішкентай баланы шеттетуге жол берілмейді.

Сонымен қатар, олар «эралуандықтағы бірлік» идеясын ұстанады, яғни Американы мекендейтін адамдар әртүрлі болғанымен, олар ең алдымен американдықтар және осы қасиеттерімен олар мықты. Тіпті дайындық класында сабақ күн сайын «pledge of allegiance» [16], хормен оқудан басталады, бұл Құрама Штаттарға деген беріктікке ант беруді білдіреді. Әрбір мектеп пен әрбір класс бөлмесі АҚШ жалауымен безендірілген.

Америкада отбасына қоғамның құрылымына жанжалсыз шексіз үйлесетін, онда толыққанды өмір сүре алатын және тиімді жұмыс істейтін «жақсы азамат» қалыптастыруға барынша маңызды рөл беріледі. Сондықтан осы елде жастарды отбасылық өмірге дайындау мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Бірақ, Америка Құрама Штаттары сияқты бірде-бір ел осыншама халық санымен және әртүрлі мәдениетімен мақтана алмайды.

Америкада жалпыдамзаттық құндылықтарды анықтайтын, тексеретін және сертификат беретін түрлі ұйымдар бар. Соның бірі Character.org. ұйымы.

1993 жылы бір топ оқытушылар, бизнес көшбасшылары және зерттеушілер жиналып, қоғамдастықта мінез-құлықты дамыту үшін ұлттық ұйым құру керек деп шешті. Осы жылы негізі қаланған ұйымда бүгінде 81 мектеп пен 7 аудандық қоғамдық сипаттағы мектептері бар.

Character.org - Колумбия округінде, Вашингтонда орналасқан ұлттық коммерциялық емес ұйым. Ұйымның арнайы «Персонаждар мектебі» бағдарламасы бар. Ол мектептер, отбасы, жұмыс орындары және қоғамдастықтармен кез-келген жастағы адамдарға әдепті және қамқор азамат болуға үйрету, өмірге шабыттандыру және мүмкіндік беру үшін жұмыс істейді. Бағдарламаны жүзеге асыратын мектептер туралы [www.character.org](http://www.character.org) сайтынан көбірек білуге болады. Character.org бағдарламасы құрылған сәттен бастап 3 миллионға жуық оқушыларға, қызметкерлерге, ата-аналарға және қоғамдастықтың басқа мүшелеріне оң әсерін тигізді. Жыл сайын Character.org академиялық үлгерімге, оқушылардың мінез-құлқына және мектеп климатына жағымды әсер ететін мінез-құлықты дамытуға бағытталған мемлекеттік мектептер мен аудандарды сертификаттайды. 25 жыл ішінде Character.org көркем мінездің 11 ережесі бойынша бүкіл елдегі және халықаралық мектептердегі мінез-құлық бастамаларын бекітті және сертификаттады.

**Швеция.** Швецияда балаларға өз құқықтары мен міндеттері бар толыққанды тұлға ретінде қарайды. Ең бастысы, ата-анасы баласының қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс. Сондықтан шведтер баламен бірге ұйықтау практикасын қолданады және бұдан ешқандай жамандық көрмейді. Ал шведтер, барлық еуропалықтар сияқты, тағы да өзінің «сен сияқты еместілерге» деген төзімділігі және шыдамдылығымен ерекшелінеді. Қоғамда дені сау және мүгедектер, дәстүрлі және дәстүрлі емес бағдарлы адамдар арасында қатаң

шектеу жоқ. Жалпы, кез-келген тиянақтылық көзқарасы дамытылмайды, ал адамға деген адалдық пен мейірімділік қарым-қатынасы тәрбиеленеді. Швецияда балалар туралы басты заң «Ата-аналар мен қамқоршылар арналған кодекс» деп аталады. Онда бірде-бір бала кемсітуге, жазалауға және оның жеке басына теріс әсер ететін жағымсыз әсерлерге ұшырамауы тиіс деп жазылған. Балалардың қол сұғылмаушылыққа, білім алуға және қауіпсіздікке құқығы бар. Балалармен өз дербестігі мен қадір-қасиетін құрметтеу арқылы қарым-қатынас жасау ұсынылады. Бұл заң ата-аналарды тәртіпті болуға және балалық шақты өзара құрметтеуге үйретеді. Швед мемлекеті балаларды тәрбиелеу үдерісіне өте белсенді араласады. Бұған швед отбасыларының басым көпшілігінде ата-ананың екеуіне де жұмыс істеуге қолайлылық туғызылған, себебі елдегі өте жоғары салықтар отбасын бір жалақыға асырауға мүмкіндік бермейді.

Швецияның отбасында ер адам мен әйел тең. Бұл тек елдің мәдени дәстүрі немесе қоғамның дүниетанымының элементі емес, бұл заңнамалық деңгейде бекітілген мемлекеттің саясаты. Швецияда жыныстардың интеграциясы мен теңдігі мәселелері бойынша тұтас министрлік бар, сондай-ақ отыз жылдан астам бұрын – 1980 жылы жыныстардың тең құқықтылығы мәселелері бойынша Омбудсмен институты құрылды [17]. Мысалы, Швеция отбасыларындағы бала күтімі бойынша демалыс анасымен бірдей әкесіне де беріледі, әрі ол әйелдің пайдасына баланы күтуден бас тартуға құқығы жоқ. Ажырасқан кезде балалар ата-аналарының әрқайсысымен бірдей тең уақыт өткізуге міндетті.

Швеция отбасыларындағы балалардың мүдделері мен құқықтарын омбудсменнің арнайы институты қорғайды. Сондай-ақ, бірқатар ұйымдар бар, мысалы, BRIS («Қоғамдағы балалар құқығы») - жасөспірімдер мен балаларға арналған кезекші электрондық және телефон желісі; Friends («Достар») – құрдастары ренжітетін жағдайда көмек көрсету және т.б. Баланың дене жазасына кез келген түрде тыйым салынады және бұл норма 1979 жылдан бастап енгізілді. Баланы ұрып-соққаны үшін заңнамамен 10 жыл түрмеге отырғызу қарастырылған. Балалар балабақшадан бастап өз құқықтары туралы толық ақпараттандырылады және осындай жағдайлар туралы полицияға хабарлауға құқылы (және қажет) екенін біледі. Швецияда Денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі орталық кеңес сияқты орган жұмыс істейді. Жыл сайын оның шешімі бойынша Швецияның отбасыларындағы ата-аналардан 12 мыңға жуық бала алынады. Бұған себеп тәрбиелеудегі қателіктер, тәрбие мәселелеріндегі ата-аналардың біліксіздігі, тіпті шектен тыс қамқорлықта болуы мүмкін.

Шведтер дәстүрлерсіз отбасы жоқ деп санайды. Сондықтан әрбір «қоғамның ұяшығында» ата-бабалардың салт-дәстүрлерін құрметтейді немесе өз дәстүрлерін ойлап табады. Мұнда отбасылық түскі ас пен бірге серуендеуді, үйде фильмдер көру немесе кинотеатрға баруды, отбасылық оқуды, үстел ойындарын құрметтейді. Әдетте бұл жұма күндері, яғни демалыс алдында адамдар ешқайда асықпайтын уақытта өткізіледі. Мұндай жұма күнінің тіпті өз атауы да бар – «жайлы күн» деп аталады.



Швецияда балаларды ерекше тәрбиелеу қабылданған. Бұл ата-аналар талассыз беделге ие ел емес. Балаға бастапқыда үлкен жеке еркіндік беріледі. Оның жасына қарамастан, оны тыңдау және оның пікірімен санасу қабылданған. Ересек адамның тікелей үйретуімен емес, оның қателіктеріне тәрбиелеу қабылданған. Егер бала бірденені дұрыс істемесе, ол дұрыс емес шешімдердің салдарын сезінуі керек және енді қателеспеуі керек.

Балаға қатысты кез келген түрдегі физикалық жазаларға заңмен қатаң тыйым салынады. Балаға тіпті жеңіл түрде де қол жұмсауға болмайды, егер белгілі болса, онда сот талқылауы жүргізіледі және айыппұл салынады. Швецияның отбасыларындағы тәрбиенің тағы бір ерекшелігі, балаға ерте жастан, әдетте, бес жастан бастап ересек жыныстық өмірдің ерекшеліктері түсіндіріледі. Швед қоғамында және швед отбасы шеңберінде жыныстық қарым-қатынас мәселесі ашық және еркін талқылау тақырыбы болып табылады. Шведтер жыныстық функциялары әлі белсенді емес және осы тақырыпқа адам қарым-қатынасының жоғары қызығушылығы жоқ бес жастағы балаға түсіндіруге болады деп санайды [17].

Шведтер – жеткілікті түрде қамтамасыз етілген ұлт, бұл ел қоғамның қорғалмаған топтары үшін өзінің ауқымды әлеуметтік бағдарламаларымен танымал. Швецияда зейнеткерлерді әлеуметтік қамтамасыз етуге жұмсалатын жалпы ішкі өнімнің әлемдегі ең жоғары үлесі, медициналық қызмет көрсету тегін, 80%-ға жуық табыс салығы денсаулық сақтау саласын қаржыландыруға кетеді. Сонымен қатар, Швецияда жоғары білім тегін және жалпыға қолжетімді. Екінші жағынан, Швеция – жалғыз басты адамдар елі. Шведтік қоғамға келген және олар мақтан ететін дарашылдық пен еркіндіктің екінші жағында бар. Әлеуметтанушылар қарт адамдарды жерлеу белгілі бір рәсімдерсіз өтеді, оларды кремациялайды, ал туған-туысқандарының ешқайсысы күлін жинамайды деп айтады. Жерлеу рәсімдерінің болмауы Швецияның көптеген отбасыларындағы эмоционалдық және сезімталдық байланыстары алшақтығының маңызды көрсеткіші болып табылады.

Швеция – 81,93 жасқа дейін өмір сүру ұзақтық деңгейі бар Еуропалық Одақтың ең дамыған елдерінің бірі [17].

**Ұлыбритания.** Ұлыбританияда балаларды тәрбиелеу ең маңызды міндеттердің бірі болып саналады. Бұл елде адамдар тек 35-40 жасқа толғанда ғана ата-ана атанады, сондықтан олар балаларды тәрбиелеуге барынша шындап кіріседі. Ағылшындар өздерінің дәстүрлері мен мінсіз мәнерлерін мақтан тұтады, сондай-ақ оларды ерте жастан бастап балаларға үйретеді. Бұл елде бала тәрбиелеудегі маңызды мәселе – шынайы ағылшын азаматын өсіріп, тәрбиелеу мақсаты болып табылады. Балалар қатаң тәртіппен, яғни өздерінің эмоцияларын ұстап тұруға үйретеді. 2-3 жастан бастап балаларды дастархан басында өзін қалай ұстау, қоршаған адамдармен қалай қарым-қатынас жасау, өз эмоцияларын қалай ұстау керектігін үйретеді. Сондықтан Ұлыбритания көшелерінде ата-ананың балаға деген махаббатының ашық көріністерін сирек кездестіруге болады: әдетте, бұл тек үйде ғана көрсетіледі.

Англияда әдетте «эйел» және «ер» адамдардың міндеттері болып нақты

бөлу жоқ: үйдің жұмысы екіге бөлінеді. Англияда сенбі күні – дәстүрлі «Әкелер күні» болып саналады. Көшелерге отбасы иелері, яғни әкелер балаларымен бірге «тең дәрежеде» диалог жүргізу үшін шығады, тіпті бала әлі сөйлемеген жағдайда да. Мұндай жағдайларда балалар еркіндікті ерте сезінеді және өз бетінше талқылай бастайды. Англияда балаларға, әсіресе, көпшілік алдында ұрсуға болмайды, ал оның орнына балаға қажетті нәтижеге қол жеткізу үшін жетекші сұрақтар қою арқылы не істеу керек екенін айтады. Ата-аналар балалардың мектеп өміріне қатысады, концерттер мен мерекелерді, бірлескен демалысты ұйымдастыруға көмектеседі. Бір класс оқушылары ата-аналарымен бірге серуендерге, саяхаттарға барады.

Британдықтардың басты ерекшелігі олардың кертартпалығында. Ол барлығында көрініс табады. Кертартпалық рухында тәрбиеленген адамдар барлық ескі және жылдар бойы тексерілген ұстанымдарды қолдаушы болып қала береді [18].

**Қытай.** Қытайда көне заманнан бері отбасылық тәрбиеге көп көңіл бөлу дәстүрі бар. Қытайда дәстүрлі тәрбиенің танылған принципі балаларды ата-аналарының тәрбиелеуі болып табылады. Отбасылық тәрбие тек балалар мен отбасы үшін ғана емес, сонымен қатар қоғам мен жалпы елдің дамуы үшін де маңызды, өйткені ел бір үлкен отбасы болып табылады. Бала жас кезінен бастап өзінің отбасына ғана емес, бүкіл елге де қамқорлық жасауға тиіс екенін түсінуі керек еді. Оған қоғамда өзін лайықты ұстай білуге, тек содан кейін ғана оған өз міндеттерін дұрыс орындауға үйретті. Конфуций теориясы бойынша адам ең алдымен ізгілік, адамгершілік, адамдарға деген сүйіспеншілікке ие болуы керек [19].

Дәстүр мен әдет-ғұрыптар қазіргі Қытай өміріне берік еніп, адамдардың көптеген ұрпақтарын байланыстыратын оның ажырамас бөлігіне айналды. Бай ежелгі мәдениеттен көптеген пайдалы дәстүрлер қалды. Отбасылық тәрбиенің негізгі принциптері балаларды ерте жастан бастап сүйіспеншілікпен пен қаталдыққа тәрбиелеу болып табылады. Бала кезінен бастап баланы еркелетпеу маңызды, керісінше оған дұрыс үлгілерді көрсету, жақсылық пен жамандықты білуге үйрету керек. Ежелгі ғалымдар «сөзсіз тәрбие» деп санаған жақсы қоршаған орта да маңызды рөл атқарады. Ата-аналардың жеке үлгі-өнегесі оң әсер етеді. Ата-аналардың жеке үлгі-өнегесінің тәрбиелік күші мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктеріне негізделген: еліктеу мен ойлаудың нақтылығы. Ата-аналар балаларды тек сөзбен ғана емес, өзінің үлгілі өнегесімен де тәрбиелеуі тиіс. Қытай отбасыларында, балалардың санына қарамастан, көп балалы отбасында әрқайсысын сүю маңызды.

Патриархалдық қытай отбасында баланы тәрбиелеудің ерекшелігі – оның көп балалы құрамы. Мұндай отбасында кіші балаларға үлкендер күтім жасады, туған аға-інілері мен апа-қарындастарына, іні мен қарындастарына қарап, бұл отбасы мен ұрпақтар арасындағы туыстық байланыстарды нығайтуға алып келді.

Ата-бабалардың табынуы қытайлықты ерлердің ұрпағына қамқорлық жасауға міндеттеді, сондықтан қытайлықтардың алдында некелесу –

некесіздіктен, балалардың көптігі - игілік, бедеулік-бақытсыздықтан жоғары тұрған. Балалары жоқ, әсіресе ұл балалары жоқ әйелдер күйеуінің және оның ата-анасының ешқандай құрмет көрмеді, ал әйелінің бедеулігі ажырасу үшін заңды себеп болып саналды.

Адамның бала кезінен бастап жеке, эмоционалды сезімдері өзінің құндылықтар шкаласы бойынша жалпы, қабылданған, ұтымды негізделген және барлығы үшін міндетті өлшемсіз болып табылады. Үлкендерге бағыну мен сыйлауды тәрбиелеу дәстүрі бала кезінен басталады және үйде, мектепте, қоғамда, жұмыста да міндетті болып табылады. Ата-бабалардың табынуы – уақыт өте келе қытай халқының рухани өмірінің барлық жағына терең таралған көне дәстүр. Оның мәні – ерлер жағынан жалпы тектің қадір-қасиетін құрметтеу және қадірлеу. Сондықтан жүргізіліп жатқан саясатта отбасылық тәрбие проблемаларының бірі ата-аналардың мұрагері болмауы, ал екінші жағынан жалғыз баланы жоғалтудан және қартайған шағында қамқорлықсыз қалу қорқынышы болып табылады. Мұның бәрі жалғыз баланы асырап алуға, ондағы эгоизмді тәрбиелеуге, үлкендерге құрмет пен үлкендерге жауапкершілікті тәрбиелеу дәстүрінің жоғалуына әкеледі. Бір жағынан, ата-аналар баланың біліміне, оның интеллектуалды дамуына көп ақша жұмсай алады, екінші жағынан, оны қорғауға, артық жүктеуге қорқады. Қытайдағы «Жоспарлы бала тәрбиесі» саясатының аясында көрінетін отбасылық тәрбиенің белгілі бір шығындары көптен бері бір бала және сирек екі бала болған Еуропа елдеріндегі отбасылық тәрбие проблемаларын қайталайды. Ата-аналар мен балаларды алып жүру процесінде әлеуметтік педагог тарапынан көрсетілетін педагогикалық іс-әрекеттердің қажеттілігі туындайды.

**Франция.** Аталған әлеуметтік сауалдар француздардың отбасын құрметтейтінін көрсетеді. Францияда әрдайым ұқсас этикалық көзқарастар болған: ұзақ уақыт бірге өмір сүру, эмоционалды көңіл-күй – уақыттың еншісінде. Француздар отбасын құруды тұлғаның толыққанды дамуы үшін қажетті шарт деп санайды.

Францияда отбасын, ата-аналар мен балалардың құқықтарын қорғау шеңберінде әлеуметтік және қаржылық саясат жүргізіледі, оның барысында әртүрлі қауымдастықтар құрылады. Олар мұқтаж отбасыларға қаржылық қиындықтарды шешуге көмектеседі (балалар жәрдемақыларының көбеюіне ықпал етеді), сондай-ақ көп балалы аналарға арналған бала күтіміне байланысты демалысты ұзартуға көмектеседі. Жаңа отбасылық саясатты қалыптастырудағы маңызды рөл Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне, Отбасы, әйелдер мен балалар мәселелері департаментіне тиесілі. Оның басты міндеттерінің бірі - отбасы институтын іргелі және бірегей әлеуметтік институт ретінде нығайту. Франциядағы бала туу ата-аналарға ақшалай жеңілдіктер, баланы тәрбиелеу үшін кейбір салықтық жеңілдіктер ретінде қолдау көрсетіледі, сонымен қатар қоғамдық көліктерде жеңілдіктер қарастырылған.

Көп балалы отбасылар иммигрант отбасыларының арасында жиі кездеседі. Көптеген зерттеушілер заманауи француз отбасыларындағы бәсекелестік, жарыс рухын көрсетеді. Бұл, атап айтқанда, ата-аналар өздерінің

балаларына қатысты жаттықтырушылар қызметін атқарып, оларды күннің астындағы ең үздік орын үшін жарыста жеңімпаз болуға мәжбүрлеуде. Ата-аналар балаларды емтихан алдында, спорттық жарыстар алдында жаттықтырады. Көптеген ата-аналар балаларға дем алуға мүмкіндік бермейді, демалыс кезінде, бос уақытта да сабақтарды жалғастырады [20].

**Италия.** Ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін сақтап, дамыта алды, оның негізгісі кландық пен авторитарлықтың толық еркіндікпен ұштасуы болып табылады. Мұндай құндылықтар жүйесінде басты рөлді итальяндық тұлғаның негіздері қаланған отбасы атқарады. Итальяндықтар үшін отбасының маңызы зор. Итальяндық отбасы тек әйелінен, күйеуінен және баласынан ғана емес, сонымен қатар ата-аналарынан, екі жақтың көптеген туыстарынан тұрады. Отбасы қоғамның бір бөлігі ғана емес, бұл мемлекеттік құрылыстың негізі, осыған байланысты елде бюрократия қатты дамыған, ал итальяндық бизнестің 80% - ы отбасылық кәсіпорындардан тұрады.

Итальяндық отбасында балалар дүниеге егде жасқа келгенде кеш туады. Итальяндық ерлер мен әйелдер 27 жасқа жеткен соң некеге тұрады. Мұндай кеш үйлену тойлары өте қатаң заңдардың нәтижесі болып табылады, оған сәйкес ажырасу процесі 5 жылға созылады.

Итальяндықтар балаларды тәрбиелеуге ерекше көңіл бөледі. Итальяндық балалар Еуропада ең тәрбиесіз деп саналатынына қарамастан, мұны итальяндық менталитеттің ерекшеліктеріне жатқызуға болады. Өйткені, бұл елдегі балаларға барлығы рұқсат етілген. Кейіннен мұндай тәрбиелік дәстүр қарапайым итальяндық – еркіндікті сүйгіш, моральдық тұрғыдан еркінсінген адам сипатында көрініс табады. Италияда тікелей тәрбиелеу процесі бала 10-12 жасқа толған кезде басталады. Үш жастан бастап бала алдымен балабақшада оқиды, онда оны ересек өмірге атакты педагог Мария Монтессоридің әдістемесі бойынша дайындайды, оның маңызды ерекшелігі балалардың ерте дамуы және өз нәтижелерін дербес бағалау болып табылады. Оқу қыркүйек айынан маусым айына дейін созылады, алайда бес балдық жүйенің орнына «өте жақсы», «жақсы» және т.б. сөз бағалары қойылады. Мүгедек балалар басқа балалармен бірге оқиды, бұл ерте жаста төзімділік негіздерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Алты жастан бастап Италиядағы балалар екі деңгейге бөлінген бастауыш мектепте оқи бастайды. Бес жыл бойы балалар жалпы білім беру пәндерін оқып, әр кезеңнің соңында тест тапсырды.

Бастауыш мектепті аяқтағаннан кейін балалар бастауыш мектеп туралы аттестатты алып, орта мектепке барады, онда 14 жасқа дейін оқиды. Әр оқу жылынан кейін «тапсырды – тапсырған жоқ» жүйесі бойынша емтихандар өткізіледі. Егер оқушы бұл тесттен өтпесе, оны екінші жылға қалдырады. 18 жастағы кәмелеттік аттестатқа арналған емтихан университетке түсуге және бакалавр дипломын алуға мүмкіндік береді.

Орта мектеп түлектері Италиядағы жоғары орта мектеп ретінде белгіленген түрлі бейіндегі оқу орындарына түсе алады. Бұл 14 жастан 19 жасқа дейінгі жасөспірімдер оқитын техникалық институттар, кәсіптік мектептер, көркемсурет мектептері, колледждер мен лицейлер. Бұл ретте негізгі

оқудан шығарулар оқу кезінде болады. Статистика бойынша мұндай мекемелерді тек оқуға түскендердің жартысы ғана аяқтайды [21].

**Канада.** Бұл елде феминизм өте белсенді дамыған. Әйелдердің бостандыққа ұмтылуы канадалық отбасылардың 20%-ында балалар ата-аналарының біреуімен бірге өсуге алып келді. Әйелдер өздерін неке киюмен байланыстыру ниеті аз. Тұрмыста шығатын әйелдердің орташа жасы - 26 жас. Ерлер, әдетте, балаларды тәрбиелеуде және үй шаруашылығын жүргізуде көмектеседі, бірақ негізгі жүктеме әйелдерге жүктеледі.

Канадада балаларды тәрбиелеуде бірқатар негізгі ерекшеліктер бар. Мысалы, дене жазаларына толық тыйым салынған. Баланы ұруға әрекет жасаған кезде ата-ана түрмеге отыруға немесе ірі айыппұл төлеуге тәуекел етеді. Сонымен қатар, ата-аналарға кездейсоқ зорлық-зомбылықтың куәгері болған көршілері де, баланың өзі де шағымдана алады.

Денені жазалауға тыйым салумен қатар, ата-аналардың міндеттеріне өте қиын норма қосылады. Үкімет балаларды 12 жасқа дейін қараусыз қалдыруға тыйым салады, ал балаларды мектепте оқыту 6 жастан басталады. Демек, оларды мектепке алып бару, сабақтан кейін алып кету керек. Осыған байланысты көптеген ата-аналар бала күтушіні (оның ішінде басқа елдерден) тұрақты жұмысқа-канадалық отбасында тұрумен жалдауға мәжбүр.

Мектептік білім Канада азаматтары үшін тегін, ал шетел азаматтарына баланы оқытуы үшін ақы төлеуге тура келеді. Ел Конституциясы бойынша білім беру мәселелері жергілікті атқарушы органдардың құзыретінде, яғни әртүрлі кантондарда жүйе бір-бірінен ерекшеленуі мүмкін. Мектептер мемлекеттік және жеке меншік болып бөлінеді. Мәртебесіне қарамастан, білім сапасы шамамен бірдей қамтамасыз етіледі, бірақ оқу бағдарламалары өзгеше болуы мүмкін. Мектептердің мықты жақтарының бірі – компьютерлермен жоғары қамтамасыз ету. Канадалық мектептер Интернетке қосылған компьютерлердің саны бойынша қалғандарын басып озады. Ұлдар мен қыздарды бөлек немесе бірлесіп оқытатын, толық пансионмен немесе күндізгі оқытумен және т.б. көптеген жеке меншік мектептер бар. Бірақ жеке меншік мектептер салыстырмалы түрде аз және оларда өте жоғары конкурс болады. Бала туғанға дейін жазылып қоятын мектептер бар. Жеке меншік білім берудің басты тартымдылығы – олардың класста оқушылар санының аз болуы және оқушыларға жеке-жеке қарауға мүмкіндік бар.

Әр мектеп әрбір оқушы сақтауға міндетті моральдық нормаларды анықтайтын өзінің Мінез-құлық ережелері туралы кодексі бар. Ол, әсіресе, күн тәртібін бұзуға, темекі шегуге, ішімдік немесе есірткі қолдануға, басқа оқушыларға қатысты агрессия көрсетуге, емтихандарда көшіруге қатаң тыйым салынады. Осы талаптарды бұзғаны үшін алдымен ескерту жасалады, содан кейін оқудан шығару мәселесі тұрады. Мектеп-пансионда арнайы дүкенде сатып алынатын мектеп формасын кию қарастырылған. Мектеп аумағынан тыс жерлерге шығу қатаң регламенттеледі. Бала демалыс күндері мектептен тыс жерде демалуы үшін ата-анасының немесе қамқоршысының жазбаша өтініші қажет. Балалар күн сайын мектепке ата-аналардың мұғаліммен қарым-қатынасы

үшін арнайы папкаларды алып жүреді. Папкаларға әртүрлі жазбалар, шағын кітапшалар және балалар орындаған мектеп тапсырмалары салынады, оларды күн сайын мұғалім тексереді.

Тіпті қажет болса ата-ана өз жазбасын қалдыра алады. Оқу аптасының соңында мұғалім үйге демалыс күндері орындайтын арнайы «жаңалықтар» папкасын жібереді. Мектепте ата-аналар жиналыстары өткізілмейді, көбінесе әңгімелесу (сұхбат) жылына 4 рет өткізіледі - мұғалім ата-аналармен кездеседі, оқушының өзі қатысатын жағдайлар болады, олар достық қарым-қатынаста сөйлеседі. Сонымен қатар, кемшіліктер туралы жұмсақ түрде айту әдетке айналған. Алайда, егер ата-ананың өзі әңгімені тереңдетіп, кейбір мәселелерге назар аударғысы келсе, онда мұғалім бұл әңгімені сол бағытта қолдай алады.

Жоғары класстарда жыл сайын мұғалімдер, класс құрамы өзгереді, сондай-ақ класс ішінде оқушылар әртүрлі үстелдерге отырады. Бұл психологтардың пікірінше, қарым-қатынас дағдыларына жағымды әсер ететін тәуелділік пен бейімделуден аулақ болуға мүмкіндік береді [22].

**Израиль.** Еврейлер отбасында бала тәрбиесі қатаң бақылауда болады. Тәрбие беруде өзіндік ұстанымдары да бар. Мәселен, баланың әлжуаз, көп шағым айтуына жол бермейді. Баланың көзінше ақша туралы сөйлеуге де болмайды. Себебі бала танымында маңызды дүние ақша қалыптасып, адамдық қасиеттерден алшақтай түседі деп топшылайды. Еврей отбасында жұбайлар бір біріне ерекше құрметпен қарайды. Ата-ана арасында сыйлы қатынас болса, бала өзін батыл сезінеді екен. Олар баланы үнемі мақтап жүреді. Бұл оның туыла салғанынан басталады. Тіпті, оның ең бірінші салған түкке тұрғысыз суреті үшін де мақтап отырады. Кез келген жетістігін барлық туыстарына, достарына хабарлайды.

1. Баланың бойында комплекс тудырмау керек.

Еврей анасы ешқашан да баласына «Сен жамансың!» деп айтпайды, еврей анасы былай деп айтады: «Сен секілді жақсы бала қалай ғана бұл жаман істі жасады екен!». Еврей аналарының ұстанымы мынандай: «Менің баламда еш кемшіліктер жоқ және олардың болуы да мүмкін емес!». Мүмкін олар кемшіліктерді көріп те тұрған болар, алайда бұны олар ешкімге де тіс жарып айтпайды.

2. Ақылмен ерік беру.

Бүгінгі еврей тәрбиесі бір-біріне қарама-қарсы екі нәрседен тұрады: балаға ерік беру және қатал талаптар қою. Бұл стилді сипаттайтын метафора мынау: іші бос, алайда қабырғалары қатты нәрседен жасалынған кең бөлме. Еврейдің үйінде балалар ойына келгенін жасайды, әке-шешесінің басына шығады. Алайда әкесінің паспортын анасының 100 доллар тұратын помадасымен бояу – балаға ренішпен қараудың себебі емес. Еврей ата-анасы үшін баланың еркіндігі арнайы «тәрбие әдісі» емес, еркіндік – баланың тыныс алатын ауасы іспетті.

Ал қатал тәрбие бала рұқсат етілгеннің ауқымынан тыс шығып кеткенде басталады. Еврей жанұясында анасының қымбат әтірсуын мысықтың үстіне құйған әбестік емес, алайда әжесіне сөз қайтару – бұл өрескел, тыйым салынған

әрекет екендігі түсінікті нәрсе.

3. Баланы мақтаудың кез келген мүмкіншілігін пайдалану.

Анасы әр кезде өз баласын мақтайды. Бұл мадақтау баланың шыр етіп жерге түскенінен басталады. Еврей анасы баласының тіпті болмашы табыстары мен жетістіктеріне қуанады: мейлі бір жаңа буынға тілі келсе де немесе шимайланған алғашқы сурет салса да. Бұл туралы анасы өзінің барлық достары мен жақындарына да айтады, өйткені мұның ең басты мақсаты мынада: бала өзін елдің алдында мақтап жатқандығын көруі керек.

Ал баласының жетістіктері шынымен де мақтауға тұрарлық болса, онда ұзақ қол шапалақтау мен отбасы мүшелерінің барлығының да көп мақтау айтуын күту керек. Егерде біз баланың бойындағы барлық жақсы қасиеттерін, тіпті құртақандайларын да байқап жүруге өзімізді үйретсек, оларды әр оңтайлы кезде мақтасақ, онда бұл әрекетіміз баламыздың мінез-құлқын түбегейлі өзгертуі мүмкін. Балаларымыздың жақсылыққа деген ұмтылысын нығайту үшін оларға өз достарымызға қалайша балаларымызды мақтап жатқанымызды «білдіртпей», абайсызда, кездейсоқ болған секілді қылып естірту керек.

4. Өз іс-әрекеттеріңе деген жауапкершіліктің жоғары деңгейі.

Еврейлер балаға айтылған әрбір сөз (мейлі ол тіпті асығыста айтылса да), баланың көзінше жасалған әрбір әрекет (мейлі ол тіпті болмашы болсын) түзетуге болмайтын өзгерістерге алып келетіндігіне сенеді. Сондықтан да олар балаларына үлгі болу және әр сөзі мен әрекетіне асқан жауапкершілікпен қарау арқылы өз балаларын бағыттайды.

5. Жанұядағы махаббат пен сыйластық—баланың психикалық салауаттылығының кепілі. Еврей дәстүрі кез келген жанұяның негізін күйеуі мен әйелі, яғни әке мен ана құрайды деп түсіндіреді. Сондықтан да кішкене күндерінен бастап балаларды шешенің әкеге және әкенің шешеге деген қамқорлығы бірінші орында тұратындығына үйрету керек. Егер бала өз әкешесінің ең алдымен бір-бірі үшін өмір сүріп жатқандығын бойына сіңірсе, олардың өзара қарым-қатынасы сыйластық, махаббат пен қамқорлықтан тұратындығына көзі жетсе, онда бала өзінің қорғанышта болатындығын сезінеді. Бұған қоса ата-анасының мұндай қарым-қатынасы - еліктеуге тұрарлық тамаша үлгі. Дәл осындай қарым-қатынасты бала есейгенде өз жанұясында құруға тырысады.

6. Әке мен ана болуға үйрену.

Ата-ананың тәрбиесі баланың дүниеге келуінен де ертеректе басталады. Қыз бала тұрмысқа шыққанда ана болуға дайын болады, өйткені оны «өзің үшін өмір сүр» деп үйретпейді, «сенің басты қызметің – үй мен отбасы» деп үйретеді. Егерде жас жұбайлар «әзірше бала табуды ойламайық: карьера жасап, жетістіктерге жеткеннен кейін ғана ана мен әке болайық, әзірше бағымызды байламайық» деген түсінікті қабылдаса, онда оларға жақсы баланы тәрбиелеу қиынға соғады. Бәріміз де күшті қайда жұмсасақ, сол жақтан өнім алатындығымызды жақсы білеміз.

Өмірде табысты, өздігімен өмір сүре білетін, екі аяғында нық тұратын балаларды тәрбиелеу мақсатында еврейдің ғұламалары мықты тәрбие жүйесін

құрған. Бұл жүйемен кез келген адам ата-аналардың арнайы курстарында таныса алады. Осы секілді курстар әлемнің көптеген қалаларында синагогалар мен еврей мектептері жанында бар.

Табысты тәрбиелеудің бірінші ережесі мынау: балаға жақсы тәрбие бергің келсе, онда алдымен өзінді тәрбиеле, үйрен, «ана және әйел», «әке және күйеу» деген кәсіптерді иемден.

7. Балаларды өз уақытын дұрыс жұмсауды үйрету.

Еврей балалары жалқаулық пен бос сенделу, көше қыдыру дегенді білмейді: скрипка, ағылшын тілі, математика – барлығы да бір мезгілде және аздап жүзеге асырылады. Балалар кішкене кезінен бастап «Ылғи да қолдың бос болмауы – дұрыс нәрсе» деген ойға үйренеді [23].

**Индия.** Үндістер балаларын қатаң ұстайды. Оларда ата-ана мен бала арасындағы достық қарым-қатынасты өте сирек кездестіресіз. Балалар кішкентай кезінен бастап ата-анасының таңдауына, қалауына мойынсұнып өседі. Сондықтан, ержеткенде немесе бойжеткенде әке-шешесі кімді қалайды, сол адаммен бас қосады [24].

**Испания.** Испанияда баланы ешуақытта қараусыз қалдырмайды. Үйде жалғыз тастамайды. 12 жасқа дейін баланы мектепке ертіп апарып, ертіп алып қайтады. Баланың танымы кең болып, мансап жолында ірі жетістерге жету жолдарын кішкентайынан құлағына құйып өсіреді. Балаларын өзгелермен салыстыра қарамайды. Отбасын, ұлттық құндылықтар мен үлкендерді сыйлауға баулиды [24].

**Германия.** Германия – тәртіптің елі. Бала тәрбиесінде де бірінші орынға тәртіпті қояды. Ал ата-аналар үшін басты орында – жауапкершілік. Қазіргі таңда Германия бала туу көрсеткіші бойынша құлдырап бара жатқан елдердің бірі. Себебі жастар көбіне мансап қуып, 30-дан аса, 40 жасқа таяғанда үйленеді. Сондай-ақ бірнеше баламен шектелуді жөн санайды. Бүгінде бұл процессті жою мақсатында мемлекет түрлі жобаларды қолға алуда [24].

Дүниенің ең тамаша туындысы – тамаша тәрбие алып шыққан адам болып табылады. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы – оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде болады. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының тигізетін әсері мол.

Әлем халықтарының бала тәрбиесін зерделей отырып, олардың өзіндік ерекшеліктері мен өзгешеліктерін бағаладық. «Әр елдің салты басқа» болғанымен бала тәрбиесінде ортақ құндылықтарын анықтадық. Ынтымақтастық, құрмет, жауапкершілік, адалдық, еңбекқорлық, кемелдену, этика-әдеп, табандылық, Отансүйгіштік, кішіпейілділік, сүйіспеншілік, жомарттық, әділдік, эмпатия, қанағат, тазалық, денсаулық, батылдық құндылықтары нәсілі мен ұлтына қарамастан адамның баласына үйрететін рухани құндылығы екеніне көз жеткіздік.

Әртүрлі елдердегі отбасылық тәрбиенің ерекшеліктерін талдау



отбасылық тәрбиенің қоғам өмірі үшін маңыздылығын көрсетеді. Әртүрлі халықтардың көптеген әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері тек қана формасы бойынша ғана ерекшеленеді, ал мазмұны жағынан бірдей және оларды зерделеу олар үшін ғана емес, басқа халықтар үшін де маңызды. Оларды жалпылап, біртұтас етіп жинап, олардың негізінде жас ұрпақты тәрбиелеу керек. Жеке тұлғаны қалыптастыру мен индивидтің табысты әлеуметтенуінің негізінде жатқан отбасылық тәрбиенің арқасында, сол немесе өзге халықтың адами әлеуетін арттыруға қол жеткізіледі, бұл табысты әлеуметтік дамуды қамтамасыз етеді.

Бүкіл дүниежүзінде орын алып жатқан қатыгездік, азғындық пен мейірімсіздік – иманы жоқ тәрбиенің нәтижесі. Имансыз қалған адам – бақылаусыз қалған адаммен тең. Бұл жайында көрнекті ақын, ағартушы Абай Құнанбайұлы «Он екінші қара сөзінде» былай деген: «Күзетшісіз, ескерусіз иман тұрмайды, ықыласымен өзін-өзі аңдып, шын діни шыншылдап жаны ашып тұрмаса, салғырттың иманы бар деп болмайды». Расында да, бойына имандылықты жинап өскен адам өмірде ешқашан аяғын шалыс баспайды.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, отбасы тәрбиесіне және отбасы проблемаларына немқұрайлы қарау ұлттың рухани-адамгершілік азғыруына алып келеді. Балалық шақ және отбасы, отбасылық тәрбие гуманитарлық негіз, мемлекеттік әлеуметтік саясаттың негізгі мақсаты болуы керек. Дәл осы тәсіл мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және оның халықаралық аренадағы орнын нығайту мәселелерін сәтті шешуге көмектеседі.

Қорыта айтқанда, дүние жүзінде отбасыларға ортақ, бірегей мақсат – адамзатты адами құндылықтарға бастауында жатыр.

## 2 Дәстүрлі мәдени құндылықтар – отбасындағы тәрбиенің негізі

«Отанды сүю – отбасынан басталады»

Төртінші өндірістік төңкеріс пен әлемдік жаһандану заманында материалдық құндылықтар алға шығып, рухани құндылықтардың дамуы кідіре бастады. Бұған дәлел жастардың жат ағымға ілесуі, қоғамдық санасының адасуы, шет елдерге еліктеушілік және ұлттық құндылықтарға «шекесінен қарауы» бола алады. Осының барлығы ең бірінші тәрбиеден болады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері бекітілді [6].

Тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерінде тәрбиенің сегіз бағыты берілген (1-кесте). Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің бағыты адамның рухани, моральдық-этикалық қағидаттарын, қазақстандық қоғамның әдет-ғұрыптарына сәйкес келетін құндылықтарды жандандыру арқылы «Рухани Жаңғыру» мақсатын жүзеге асыруды көздейді [6].

1-кесте – Тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерінің 8 бағыты

№	Тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерінің 8 бағыты
1	Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие
2	Рухани-адамгершілік тәрбие
3	Ұлттық тәрбие
4	Отбасы тәрбиесі
5	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6	Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие
7	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбиесі

Берілген сегіз бағыт тәрбиенің сан қырлы мәселелерін назардан тыс қалдырмайды. Керісінше олардың өзектілігін анықтап, тәрбие жұмысын жандандыруға бағыт береді. Адамның ішкі мәдениеті, болмысы, мінез-құлқы көрсеткішін жан-жақты дамытуға негіз болады. Адам жеке басының қасиеттері арқылы бағаланады. Тәрбиелі адам тіркесін құндылықтарды меңгерген

Тәрбие – адамзат тарихының біте қайнасқан, ажырамас бөлігі. Тәрбиенің нәтижесінде сан ғасырлардан қалыптасқан ұлттық сана, іс-тәжірибе, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар асыл мұра ретінде осы күнге дейін жетті.

Дүниежүзілік экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі – ЭЫДҰ) елдерінің оқу бағдарламалары мен білім стандарттарында жалпыадамзаттық құндылықтың 39 түрі енгізілген. Ынтымақтастық, құрмет, жауапкершілік, адалдық, еңбекқорлық, кемелдену, этика-әдеп, табандылық, Отансүйгіштік, кішіпейілділік, сүйіспеншілік, жомарттық, әділдік, эмпатия, қанағат, тазалық, денсаулық, батылдық қасиеттері жалпыадамзаттық

құндылықтарға жатады. Қазақстандағы білім беру жүйесіне құндылықтардың 7 түрі ғана бар.

Бұл жалпыадамзаттық құндылықтар тәрбиенің Тұжырымдамалық сегіз бағытына топтастырылған (1-сызба).



1-сызба. Жалпы адамзаттық құндылықтар [25].

Құндылық деген ұғым философиядағы, қоғамтанудағы және педагогикадағы негізгі құбылыстардың бірі болып табылады. Мәселен, философияда құндылық қоршаған дүниедегі объектілердің әлеуметтік ерекшеліктерін, олардың адам мен қоғам үшін, қоғамдық өмір мен табиғаттағы құбылыстардың дұрыс немесе бұрыс мәнін (игілік, жақсылық пен жаманшылық, әсем және; көріксіздік) түсіндіру үшін қолданылады.

Жалпыадамзаттық құндылықтардан философтар, прогресшіл ойшылдар мен педагогтар адамның құқығын, оның бостандығын және соған сәйкес келетін тәрбие мен білімді бөліп қарастырған. Кез келген халықтың өмірінде жалпыадамзаттық құндылықтардың орнығуы қоғамның тарихи дамуының заңды нәтижесі болып табылады. Мамандар оқушылардың рухани-адамгершілік тұлғасын қалыптастыру ісі оларға адамзат баласының қолы жеткен қоғамдық-тарихи тәжірибесін игерту және тұтастай алғанда әлеуметтік-

этикалық нормалар мен жалпыадамзаттық ізгіліктерді қатар игертуге болатынын дәлелдеп берді. Бұл өлшемдер халықтық дәстүрлерде, адамгершілік уағыздарда нақты жазылып қойылған және әлеуметтік ойдың тәуір белгілері, тұлғаның қасиеттері, адамгершілік үлгілері шоғырландырылған күйде әдептіліктің қоғамда қабылданған үлгісі ретінде көрінеді.

Тұңғыш президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің кұр жаңғырыққа айналуы оп-оңай» – деп халыққа рухани бағыт беріп отыр. Оның басты мақсаты – тарихы терең ұлт құндылықтарын сақтау, мәдениетімізді жаңа заманға сай жандандыру, дамыту. Ұлттық құндылыққа – Тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр жатады (2-кесте) [25].

## 2-кесте – Ұлттық құндылықтар

<b>ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР</b>	Тәуелсіздік – мемлекеттің сыртқы саясатта толық тәуелсіз болуы және елдің ішкі саясатында мемлекеттік биліктің бәрінен жоғары тұруы.
	Патриотизм- бұл өз отанын мен жеріне деген сүйіспеншілік, оның тарихы мен мәдениетіне деген зор құрмет. Бұл бүгін тұрғызылып жатқан өз елінің тарихына қатыстылықтың және оның болашағы үшін жауаптылықтың жоғары сезімі. Бұл әрбір қазақстандықтың табыстары үшін мақтаныш және қандай тұрғыда болғанына қарамастан өз саланда табыстарға қол жеткізу ниеті және бұл табысты әркім Отанына бағыштап, әлемде оның даңқын асыруы, беделін көтеруі.
	Толеранттық – бұл біздің әлем мәдениеттерінің, өзін-өзі көрсету формаларының және адамгершілік даралығын көрсету тәсілдерінің бай көптүрлілігін құрметтеу, қабылдау және дұрыс түсіну. (16 қараша – Халықаралық толеранттық күні).
	Ана тілі – белгілі бір <u>этностың</u> қалыптасып, ұлт деңгейіне дейін үздіксіз дамуына ұйтқы болып келген және сол этностың негізгі тілі саналатын, өзара қауымдаса тіршілік етуіне қажетті тіл.
	Заңға бағынушылық-заңды дәлме-дәл орындау.
	Этникалық мәдениет – әрбір халықтың және барша адамзаттың байлығы, рухани материалдық шеңберіндегі өмірі.
	Салт-дәстүр – халықтың рухани азығы. Қалыптасқан әдет-ғұрпы.

Рухани жаңғыру аясында бірқатар жобалар қолға алынуда: көне жәдігерлерімізге назар аударылып, қазақ ұлыларына арнап ескерткіштер салынуда, мәдениет, спорт кешендері дамып, жастар жағын білімге, тәрбие мен өнерге баулу жолында көптеген республика деңгейіндегі конкурстар ұйымдастырылып, ұлт құндылықтарын насихаттап, оларды ұлттық кодын сақтай отырып жаңарту, жаңғырту мақсатында бірқатар істер атқарылуда.

Бүгінгі күннің сұранысы да ұлы ата бабаларымыздың ізімен ерген – сапалы тәрбие, біліммен қаруланған, бәсекеге қабілетті, белсенді, шығармашыл, өркениетті болашақ үшін күресуге барын салатын, жоғары мәдениетті, адамгершілік түсініктері берік бекіген, кез-келген ісінде патриоттық сезімі көрініс тапқан ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Мұндай ұрпақты тәрбиелеу ісінде ең алдымен отбасы, қоғам, мектеп бір болып еңбек етуі керек.

Ұлттық құндылықтардың бір компонентіне отбасылық құндылықтар

жатады (3-кесте). Отбасылар бір-біріне ұқсамайды, әрі қайталанбайды. Әр отбасының тәрбие потенциалы әртүрлі. Отбасында баланың құқығын бұзбай дұрыс тәрбие беру үшін тәрбие принциптерін біліп, басшылыққа алу керек.

Отбасылық құндылықтар – бұл адалдық, ынтымақтастық, құрмет, сыйластық, жауапкершілік, эмпатия, сүйіспеншілік, Отансүйгіштік, батылдық, мейірімділік, бауырмалдық, еңбекқорлық, кішіпейілділік, этика-әдеп, денсаулық т.б.

3-кесте – Отбасылық құндылықтар.

ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР	1	Салт-дәстүрді сақтау
	2	Ана тілінде сөйлеу
	3	Жеті ата және әулет
	4	Көршімен татулық
	5	Білім беру
	6	Құдайға сену
	7	Қанағат
	8	Сабыр
	9	Ынтымақтастық
	10	Құрмет
	11	Бауырмалдық
	12	Сүйіспеншілік
	13	Достық
	14	Эмпатия
	15	Жауапкершілік
	16	Кішіпейілділік
	17	Адалдық
	18	Этика-әдеп
	19	Отансүйгіштік
	20	Еңбекқорлық
	21	Мейірімділік

Отбасылық құндылықтар – моральдық нормалар мен ұлттық дәстүрлердің басты сақтаушысы болып табылады және тұлғаның ішкі дүниесінің қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді.

Бұл құндылықтардың адам болмысындағы көрінісі мынадай болады:

**1. Салт-дәстүр дегеніміз** – дербес халықтардың табиғи болмысына, танымына, тұрмысына, менталитетіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, атадан-балаға мұра болған ғұрыптардың жиынтығы; өзге халықтардан ерекшелеп тұратын мінез-құлыққа жатады. Күнделікті қолданыста бір мәдени топты екіншісінен айыратын және бейресми жолмен реттейтін қабылданған мінез-құлық ережесіне немесе әлеуметтік әрекеттерді жөнге келтіретін терминге жатады.

Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, мәні зор. Халықтың атадан балаға көшіп, дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің

көрінісі дәстүр арқылы танылады. Салт-дәстүр байлығы – мәдениеттің байлығы. Мысалы, ата-ананы, үлкенді құрметтеу, байғазы, көрімдік, сүйінші, кәде сұрау, сәлем беру, ат тергеу, құрдастық қалжың және т.б. салт-дәстүрге жатады. Қазақ халқы салт-дәстүрге бай. Әдет, ғұрып, ишара, ырым, тыйым, дағды бәрі осы салт-дәстүр көрінісі.

Бауыржан Момышұлы «Мен өзімнің ұрыстағы тәжірибемнен жауынгерлік қасиетті тәрбиелеуде ұлттық дәстүрдің маңызы зор екеніне «көзім жетті» деп жазады.

Бұдан отаншылдық, ерлік, мәрттік, жомарттық, адамгершілік қасиеттердің бәрі салт-дәстүр арқылы даритынын түсінуге болады. Яғни, салт-дәстүр адамды адастырмас тура жолмен жүруге, жөн-жосықты біліп, үйренуге және өмірде қолдануға үгіттейтін мызғымас заң іспетті.

Отбасында балаларды ұлттық тәрбиелеу әдіснамасы аясында қазақ халқының тәрбиелік салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына қысқаша этнопедагогикалық шолу келтіреміз, өйткені дәстүрлі мәдени құндылықтар – отбасындағы тәрбиенің негізі болып табылады.

XIX ғасырдағы орыс ғалымы, зерттеуші Петр Петрович Семенов-Тянь-Шанский: «Бұларды оқытудың қажеті жоқ. Салт-дәстүрлері түгел тұнып тұрған білім!» – деп қазақ халқының этнопедагогикасына таңданысын білдірген.

Тәрбие ана құрсағынан басталып-ақ кетеді дейді ғылыми тұжырым. Олай болса, бала дүниеге келмей тұрып басталатын «Құрсақ шашу», бала дүниеге келе салысымен болатын «Сүйінші сұрау», «Азан шақырып ат қою», «Шілдехана тойы», «Бесікке салу», «Қырқынан шығару» – бәрі-бәрінің өзіндік тәрбиелік орны, маңызы бар екені анық.

Дүниеге келген шақалақтың алғашқы тойы «шілдехана», «қырқынынан шығару» деп аталады. Бұл бала туғаннан кейін толыққанды бала болып есептелетін уақыт шегін білдіреді. Бұл тойда бесікке салу, тұзды суға шомылдыру, баланың азан шақырып атын қою сияқты әдет-ғұрыптар жүргізіледі.

Қазақ халқы әрдайым «Бесігі жоқ үйде береке болмайды» деп айтқан. Баланы бесікке салған кезде елді жиып, батасын алмау – бауырмал қазақ үшін жөнсіздік болып көрінген. Бесікке бөлеу – үлкен өнер. Ол баланың ұйқысын күзетіп қана қоймайды, халық сенімі бойынша оны жын-шайтаннан да қорғайды.

Салт-дәстүрлер тек қана тәлім-тәрбие ғана емес, бұлжымас тәртіпке де негізделіп отырған. Мәселен, бала бір жасқа жеткенде «тұсау кесу» тойын өткізеді. Бұл – баланың алғаш өмірге қадам жасауына арналған ата-ананың қуанышты тойы. Ал танымдық, тәрбиелік жағы кім көрінгенге емес, ауылдағы аса сыйлы, ел-жұрты құрмет тұтатын өсіп-өнген, ардақты аналарға кестіру арқылы адамның қадірін де үлгі ету болса, рәсімнің тәртіптік рөлі алдымен ала жіппен тұсап алып, соны кестіру, бала бұл өмірде біреудің ала жібін аттамасын, яғни ұрлық жасамасын, алаяқтықтан аулақ жүрсін деген ұғым.

Үш жастан бастап жыныстық-жастық бөлу басталады: қыздарға сырға тағады, ал ер балаларды бірінші рет атқа отырғызады. Негізгі тәрбие 7 жастан 12 жасқа дейін жүргізіледі.

«Баланы – жастан» дейтін қазақ, бес жасында ер баланы сүндетке отырғызып, «Сүндет той» рәсімін өткізеді. Ер баланы азамат болды деп ашамай ерге мінгізеді.

Қыздар шаштарын өсіреді, қыз балаларға тән қасиеттерге тәрбиелейді және дербестікке баулиды. 13 жастан бастап өмір сүруді балалардың есею кезеңі деп атайды, балалар салт-дәстүрді зерделегенде, қажетті білімдерді меңгереді, білім алады және кемел жасқа жетуге дайындалады.

«Он үште отау иесі» деп көтермелей отырып болашақ отағасы болуға санасын қалыптастыра бастайды. Одан қалды, жыраулар философиясында да: «Болар елдің баласы он үшінде баспын дер, тозар елдің баласы отызында жаспын дер», деп ескертеді. Демек, қазақ халқының салт-дәстүрі де, өнері де, ұлттық бойында тұнып тұрған тәрбие, тәлім, тәртіп екен.

Оған XVIII ғасыр мен XX ғасыр аралықтарында Ресей әкімшілігінің бірқатар өкілдері, орыс және шетел ғалымдары мен саяхатшыларының жазып қалдырған еңбектері дәлел бола алады. Зерттеуші Виктор фон Герннің «Жалпы алғанда, қазақтар осы уақытқа дейін жылы жүзділігімен, қайырымды, ақкөңілділігімен және қонақжайылық қасиетімен таңғалдырады. Мұның өзі олардың сүйегіне ежелден сіңіп кеткен керемет асыл қасиет» деп жазуы ежелгі қазақ халқының мәдениет жоғарылығының суреттелуі іспеттес [26].

Қазақ халқының мейірімділігі мен құрметі оның қонақжайлылығынан көрінеді. Сондықтан үйде ең жақсысын қонаққа ұсынады. Халықтың түсінігінде үйге бақыт, байлық, ырыс қонақтармен бірге келеді деген түсінік қалыптасты. Сондықтан қонаққа шақырусыз баратын болған.

«Сарқыт» сөзі қонақтардан немесе іс-шаралардан туыстардың әкелетін сәлемдемесі. Сарқыт - балалық шақ пен мерекенің дәмі. Оған кәмпит, печенье, ет және шұжық тағамдарын салуға болады.

Қонақжайлылық деген өз қонақтарына сарқыт салу, оларға алғыс пен құрмет білдіру деген сөз. Сарқытқа адамның әлеуметтік мәртебесі де, жынысы да, адами қасиеттері де әсер етпейді. Бұл дәстүр әлі күнге дейін өмір сүруде және барлық қазақстандықтарды ерекше қуантады.

«Ерулік» дәстүрі жаңа көршілерді қонаққа шақыру дегенді білдіреді. Ауыл тұрғындары жаңа көршілерін өздеріне етене жақын болуы үшін оларды қонаққа шақыратын болған, сондықтан да бұл дәстүр ауылда пайда болған. Олар жаңа ортаға тез бейімделе отырып, сыйлық алатын болған. Бұл отбасылармен топтасып, дос болуға көмектесті. Сондай-ақ көршілер әрдайым көмекке келуге дайын болған.

Көрімдік – қазақ халқының ең ғажайып дәстүрлерінің бірі. Ол сіздің жетістіктеріңіз үшін туысқандар ұсынатын сыйлықты айтамыз. Бұл дәстүр сыйлайтын адамдардың шынайы қуанышы мен жомарттығын көрсетеді, сондай-ақ адамдарды бір-бірімен жақындастырады [27].

«Он үште отау иесі» деген халықтың дәстүрінде неке қиюға ерекше орын беріледі, өйткені өмірлік серігін дұрыс таңдау жастар үшін де, сондай-ақ туған-туысқандары үшін де маңызды болып табылады. Мысалы, қазақта адам өмірінде үш жолды дұрыс таңдау керек деген ұғым бар. Ол жар таңдау, мамандық таңдау, жол таңдау. Осы үш жолдан адасқан адам мақсатына жете алмайды деп есептейді. Сондай-ақ, мақал-мәтелдерінде «жақсы келін туған қызы сияқты; жақсы күйеу туған ұлы сияқты», «қалыңдықты анасына қарап таңда» деп айтылады.

Үйлену жаңа отбасының пайда болуы ретінде кез-келген халықтың өмірінде маңызды оқиға болып саналады. Бұл мерекелерде үйлену жырлары үлкен рөл атқарады. Қазақ қоғамында ежелден келе жатқан «Беташар», «Той бастар», «Сыңсу», «Жар-жар» сияқты әндер шырқалды. Қалыңдық осы әндер арқылы ауылдың жаңа дәстүрі мен әдет-ғұрпын біле бастайды, тұрмысқа шығатын қызды өсіріп, тәрбиелеп отырған әкесі мен анасының, туыстарының қадір-қасиетін көрсетеді, ақыл беріледі: ата-енесін сыйлау, болашақ жолдасының туыстарын құрметтеу және қадірлеу. Бұл әндердің мазмұны жастарға тәлім-тәрбие және өнеге болары сөзсіз.

Үйлену тойының алдында құда түсу рәсімі болады, қалыңдықтың отбасына күйеу жігіттің ата-анасы туыстарымен бірге келген кезде егер ата-аналар қызын тұрмысқа беруге келісімін берсе, бұдан әрі танысу рәсімі өткізіледі (болашақ жас жұбайларды таныстыру), содан кейін сөз байласу мен қол алысу рәсімі болады (ата-аналар үйлену тойларын өткізу күні мен той сыйлықтары туралы сұрақтарды шешеді). Бүгінгі күнге дейін сақталған үйлену рәсімдері дәстүрлі бай этикетті көрсетеді, ол адамдар арасындағы өзара қарым-қатынаста өзіндік бағдар рөлін атқарады, адамның басқа адамдармен туыстық белгілеріне қарай жақындасуын білдіреді, оған сенімділік береді, оның өмір сүруін неғұрлым мағыналы етеді.

Еуразия даласының кең кіндігің мекен еткен көне қазақ халқының көшпелі өмір салтына қарамастан сол кездерден-ақ салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары мен мәдениеті қалыптасып үлгерді. Аналарымыз балаларын бесік жырымен сусындатса, ата –бабаларымыз баланың жеті атасын, тарихын үйретіп, ақ жаулықты әжелер адамгершілікке, патриоттыққа баулитын ертегілерін айтып, отанды сүйуге, үлкенді сыйлауға баулыған.

Орта ғасырлық жиһанкез Рим папасының өкілі Платано Карпини өз жазбаларында былай дейді: «Бұл халық өз билеушілеріне, о дүниелік болған бабаларының алдында, ел билеген тұлғаларына өте адал болып келеді, бұларда жалған сөйлеп, өтірік айту деген жоқ. Бұл халықтың арасында өзара айтыс - тартыс деген болмайды. Ұрлық - қарлық деген нәрсе бұларда атымен жоқ, сондықтан болар, бұлардың есіктеріне өмірі құлып салынбайды. Бұлардың тіпті малы адасып басқа қораға кіріп кетсе де, оның иесі адасқан малды қайта айдап келеді. Жалпы бұлардың ауызбірлігі, ынтымағы өте берік және тауқыметке шыдамды, жолда ашқұрсақ жүрсе де жүзінен күлкісі кетпейтін дарқан, ақжарқын халық» - дейді [28].

Бұл асыл қасиеттер этностың өзін өзі сақтаушы қуат қор ғана, имани



иммунитеті, салт-дәстүрін ассимиляциядан сақтайтын берік қамалы. Оны ғылым тілінде «энтелехия» дейді. «Энтелехия» қасиеті Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясында айрықша суреттеледі.

**2. Ынтымақтастық** – белгілі бір отбасының ұжымдасқан мақсат, мұрат мүдделер тоғысынан туындайды. Ынтымақ—елдіктің, ұлт болып ұйысып отырудың басты кепілі. Қазақ халқы бірліктің күнделікті тіршіліктегі орны мен маңызын «бірлік болмай тірлік болмас», «бірлік түбі – береке», «алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деп түйген.

Бірлікті ыдыратып, ірітуші күш – күншілдік, іштарлық, араздықтық деп тауып, жұртшылықты мұндай жағымсыз қасиеттерден бойын аулақ салуға шақырған. Отбасындағы адамдар арасындағы ынтымақтастық пен бірліктің көрінісі бауырмалдық және жанашырлық, достық қарым-қатынастан көрінеді.

**3. Бауырмалдық** – адам бойындағы туысқандық, ағайыншылық қарым-қатынасқа адалдықты білдіретін құнды қасиет. Сондай-ақ, бауырмалдық тек туыстық негізде ғана көрінетін қасиет емес, ол кісінің адамгершілік, имандылық қасиеттерін айқындайтын мінез-құлықтың жағымды белгісі.

Өзгені бауырына тарта білу, әр адамды жақын санап, қамқорлық көрсету сияқты ізгілік белгілері адамдар арасындағы өзара сыйластықты, бірін-бірі құрметтеу, жақын тұту сезімдерін қалыптастырады. Адамдарды тіліне, дініне, ұлтына бөлмей, кез-келген жағдайда оларға көмектесуге дайын тұру, қол ұшын беру қасиеті де бауырмалдықтың белгісі болып табылады.

**Достық** – адамдардың бір-біріне адал, қалтқысыз сеніп, бір мүдделі, ортақ көзқараста болатын қасиеті. Достық өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі. Нағыз достық кісіге шабыт беріп, өмірде кездесетін түрлі сәтсіздіктерге мойымауға, басқа түскен қайғы мен қиыншылықты бірге көтеруге жәрдемдеседі. Дос-жарандардың мінездері әр түрлі болып келуі мүмкін. Мысалы, біреуінде қызбалық не шабандық, екіншісінде тұйықтық не жігерсіздік байқалса да, бұлар достыққа кедергі бола алмайды, қайта нағыз достық осындай кемшіліктерден арылуға көмектеседі. Сатқындық, екіжүзділік, өтірікшілік, өзімшілдік достықпен сыйыспайды. Дос биікке жетелейтін, шыңға шығаратын, көкке көтеретін, қызық қуанышына ортақ қиындықта демеу болатын жан. Нағыз достар – бір-біріне сенім артатын, жақсылығын асырып, жамандығын жасыратындар.

Достықта болудың бес дағдысы:

✓ Шыншыл бол. Жалған қарым-қатынаста құрылған достық шыншыл болудан басталады. Әрқашан бетіне ащы шындықты айта алатын достың қабілетін сый деп қабылдау абзал. Достардың арасында ыңғайсыздау болмайды.

✓ Түсінбеушіліктерді реттеу. Достар бір-бірінің әлсіз және жақсы жақтарын жақсы таниды. Сондықтан ащы шындықты айтамын деп, оның кемшілігін бетіне басу шарт емес. Уақытты өткізбей ретін тауып көңіліне тигізбей жеткізу абзал.

✓ Достарына уақыт бөліп, қадір тұт, іс-шараларды ұйымдастырғанда барлық достардың көңілін ескерген жөн.

✓ Достарыңнан уақытынан ерте көңіліңіз қалмасын. Ренжи беру орынсыз, күтуден пайда болады. Мысал үшін сіз досыңызға көп сыйлық сыйлайсыз, одан да соны күтесіз. Бірақ ол сізге сүйікті кітаптарыңызды тауып беріп, сізге сүйікті тәттілерімен шай беріп, сізбен бірге қызықты уақыт өткізуді жақсы көреді. Әркімнің достық сезімін көрсетудің өз жолы бар.

✓ Досыңа жағу әлсіздік емес. Дауласқан кезде кімнің дұрыс айтқаны маңызды емес, дұрыс шешімге келу маңызды. Досыңа жақсылық жасаған адамның өзі бақыттырақ болады екен.

**4. Көршімен татулық** – Қазақта көршілікке ерекше зор маңыз беруден туған көршілік әдеп - инабат жосын - жоралғысы жасалған, көршілер күнделікті тіршілікте соларды басшылыққа алып отырған. Оның жанды өзегін өзара сыйластық, тілектестік, қамқорлық, бірін-бірі ес, сүйеніш көрушілік, қалтқысыз сенім мен адалдық құраған. Сондықтан кімде-кім өзіне жаңа мекен, қоныс таңдағанда, болашақ көршілерінің қандай адамдар екенін немқұрайды қарамаған. Өйткені болашақ өмірдің көп қызығы мен шыжығы нақ сол көршілердің инабаттылықтарына, адамгершілік болмыстарына, тәлім-тәрбиесі мен рухани-мәдени өрісіне байланысты болатын қарым-қатынас сипаттарынан туындайды.

«Үй сатып алма, көрші сатып ал» деген мақалдың түпкі мақсаты жақсы көрші ырысың берекең.

«Жақсы көрші тапқаның – көп олжаға батқаның».

«Итің жақсы болса – ырысың, көршің жақсы болса – тынысың».

Бұл жердегі «олжа», «тыныс» материалдық табыс, пайда ұғымын емес, сенім, құрмет, сүйеніш сыйластық, ауызбірлік – шын табысың, тіршіліктің бір ғанибәтті сол дегенді білдіреді.

Атың жаман болса, сатып құтыласың, Көршің жаман болса, қайтіп құтыласың,- деген мақалдың мағынасы: тыныштық пен татулық тілейтін иманды көршісінің шарасыздық халін бейнелейді.

Отты үрлей берсең, өшіресің, көршіңді күндей берсең, көшіресің,- деген сөз көршіңе қиянат жасамауға, күндемеуге, қызғанбауға кекетіп мұқатуға болмайды [29].

#### **5. Құрмет.**

Ата-анаға деген құрмет. Ата-анаға деген құрметтің орны ерекше. Себебі, кез келген адамның жетіліп, ортаға қалыптасып кетуінде басты жауапкершілік ата-ананың мойнында. Өмірді сезінуге, танып білуге, мүмкіндік берген ата-анаға алғыс – әр адамның парызы. Дүниеге келген сәттен бастап түн ұйқысын төрт бөлген анаға алғыс. Әрдайым қамқор, ыстық пен суықты сездірмеген арқа сүйер пана – әкеге алғыс. Сенің табанына кірген тікен, менің маңдайыма қадалсын дейтін нағыз жанашыр әрі болаттай қорған тек қана ата-ана! Ата-ананы құрметтеудің негізінде бала көмейінде «Үлкенді сен сыйласаң, кіші сені сыйлайды; кіші сені сыйласа, кісі сені сыйлайды» деген түйін қалыптасады.

Құрмет көрсету, ілтипат ету барлығына өз деңгейін көрсетілсе, әркімнің де құрметке лайық болары анық. Сәлем беру-мұның ең жақсы мысалы. Өйткені- сәлем беру, сәлем алу – құрметтің бастауы. Оны көрсетудің амалы –

мектеп ішінде құрмет пен сыйластықты арттыратын барлық шараларға оқушылармен бірге атсалысудан басталады.

Отанға құрмет. Отан деген тек туып өскен жер ғана емес, ол-күнделікті отбасы, ошақ қасы, ауасын жұтып, суын ішіп, байлығын игілігіне жаратып отырған кең-байтақ жер. Отанды құрметтеу тарихын құрметтеуден басталады. Тарихын білген адам ана тілін, салт дәстүрін құрметтейді.

**6. Жауапкершілік** – адам бойындағы белгілі бір істі, өзіне тапсырылған міндетті орындап, жүзеге асыруынан байқалатын адамгершілік қасиет; тұлғаның қоғамда немесе ұжымда қабылданған әлеуметтік, өнегелі және құқықтық нормалар мен ережелеріне, борыш сезіміне сәйкес өз қызметін бақылау қабілеттілігі.

Адамның қоғам алдындағы азаматтық борышын атқарумен бірге, өзіне жүктелген жауапкершілікті орындап шығуы оның кісілік беделін қалыптастырып, іскерлігін шыңдайды. Әр адам ерік-жігеріне, қайраты мен табандылығына қарай жауапкершілікті әрқалай сезінеді. Жүктелген міндетіне жауапкершілікпен қарайтын адам туған-туыстары, жора-жолдастары, ұжымдағы қызметтестері, жалпы әлеумет алдында жоғары бағаланып, оған жауапты да күрделі істерді атқаруға сенім артады. Адамның мақсатына жетуі, ісінің сәтті болуы, көбінесе, оның жауапкершілікті сезінуіне тікелей байланысты болып келеді.

Жауапкершілік таныту – сенімділік және өмірін бақылауға алу деген ұғымдармен пара-пар.

Жауапкершілігі бар адам – өздігінен шешім қабылдауға қабілетті және өзінің іс-әрекеті үшін басқалары алдында жауапты болуға дайын адам. Бұл – оған сенім артуға болады деген сөз. Яғни өзінің және басқаларының алдында сөзі мен ісі сенім ұялататын, сүйенуге болатын адам.

Сонымен баламызды не оқушымызды жауапкершілікке қалай тәрбиелейміз?

Ең бірінші қадамы– өзіне жауапты болуы. Сондай-ақ, жауапкершіліктің артықшылықтары мен пайдасын тереңірек түсіндіру де маңызды. Кейін шамаларына қарай жауапкершіліктерін біртіндеп арттырып отыруы керек. Олардың жауапкершілікке ие тұлға ретінде жетіліп келе жатқанына көз жеткізесіз.

**7. Адалдық** – адам мінезіндегі бағалы қасиет; жеке тұлғаның сана-сезіміне, ар-ұжданына қайшы келмейтін, халықтың мақсат-мүддесін көздейтін, тарихи шындықпен, прогресспен ұштасып жататын іс-әрекеттер. Әрбір қоғамның адалдық жайында өзіндік пайым-түсінігі бар. Қарапайым халық әрқашан да адалдық қасиеттерін кіршіксіз таза ұстауға ұмтылады. «Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі – қазақтың әулиесі сол», – дейді Абай. Адалдық адамның жеке басы мен моральдық тұлғасын сипаттайды. Ол туа пайда болмайды. Қоғамның дамуына сәйкес әрбір адамның өнегелі тәрбиесіне, оқып білім алуы мен адал еңбектену процесінде қалыптасады. Адалдық жеке тұлғалар мен адамдардың абырой-атағын арттыратын ізгі қасиет.

Адалдық ол жүріс-тұрыстың жалғандығы, алаяқтық, ұрлық, алдау және т.б. жағымсыз әрекеттер орындалмаған жағдайда ар-ұят, шыншылдық, қарапайымдылық, шынайылық, сияқты жақсы қасиеттердің көрініс табуы.

Адал адам – ешкімнің ақысын жеп, ғайбат сөйлемейтін, кісіге қиянат жасамайтын, өтірік айтпайтын, шыншыл, сөзіне берік жан. Яғни, өз ісіне адал болуы, аманатқа қиянат жасамауы, әрдайым шыншылға жақтас болуы адалдықты сипаттайды. Адалдық құндылығы достарына, қоғамға, Отанына адал болуы арқылы адам бойына сіңіріледі.

*Достарына адал болу.* Адамдар саналы түрде бірге өмір сүргенде бір-біріне сенім артатын жандарға мұқтаждық сезінеді. Сол себепті, халық арасында бір-бірімен сырласатын, шерін тарқататын, күш-қуат, жігер алатын достық қарым-қатынастар пайда болады. Достың сырын сақтай білу, уәдесінде тұру, ғайбаттаудан алыс болу, теріс әрекеттеріне жол бермеу досқа адалдықты білдіреді.

*Қоғамға адал болу.* Әрбір жан қоғамға сыйлы, сенімді, адал және өзін жақсы көретін адамдардың қоршауында болуды қалайды. Кейбір жағдайларда өтірік айта салу, ұрлық жасау немесе алдай салу оңай шешім жолы болып көрінеді. Бұл әрекет адалдықтан алшақтататынын сездірместен әдетке айналса, қоғам адалдығына қиянат жасаумен іспеттес. Шыншыл болу қорқынышты және қиын болуы мүмкін. Бірақ қиял әлемінде адал өмір сүргенше, шын өмірде қиындықтарға төзе білуі, өзіне жақындарына, қоғамына адал болуы әлдеқайда жақсырақ. Бұл оның пісіп-жетілуіне мүмкіндік береді.

*Отанына адал болу.* Отанға адалдық қоршаған ортаға, қоғамға жасап жатқан адал ісінен көрінеді. Әркім өз жұмысын адал орындаса, өзіне де, еліне де пайдасы тиеді. Өз саласының адал маманы ретінде қызмет ету де Отанға адалдықтың белгісі. Ал жастардың білімі мен тәрбиесін шыңдауы Отанға адалдығының үлесі болып есептеледі.

Класс ішіндегі адалдық мұғалімнің жалпыға бірдей көзқарасынан басталады. Білім алушыларды теңдей бағалау – адалдықтың белгісі. Білім алушының айнасы мұғалім болғандықтан, әрбір принципін шынайылықпен ұстанған жөн.

Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толады. Мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылуда. Бірақ мұның бәрі той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, қоғамдық сананы жаңғырту үшін өткізілмек. Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептеймін. Абай атамыз баласы Әбдірахманның қазасына қатысты айтқан наза-жоқтау жырында:

Кешегі Оспан ағасы,  
Кісінің малын жемепті.  
Адалдық үшін алысып,  
Жегішке ақы төлетті...  
Арғы атасы қажы еді,  
Бейіштен татқан шәрбәтті,  
Жарықтықтың өнері,

Айтуға тілді тербетті,  
Адалдық, ақыл жасынан,

Қозғапты, тыныштық бермепті, – деп, інісі Оспан мен әкесі Құнанбай қажының адалдық жолынан таймай өмірден өткенін үлгі ретінде жоқтауға қосады. Жалпыдамзаттық адамзаттық құндылықтарды насихаттаған ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани құндылық көзі болып қала береді. Сондықтан ұлтымызды жаңғырту ісінде оның еңбектерін ой елегінен өткізіп, көкейкестілігіне көз жеткізуіміз керек.

Бүгінгі балалардың болмысынан ұлттық менталитетімізді жоғалтып алдық. Орта білім беру ұйымдарында ұлттық құндылықтар үйретілмеуі бала тәрбиесіндегі осындай олқылыққа себеп болып отыр. Дегенмен балалардың ұлттық құндылықты білмекке құмарлығы шексіз. Ұлттық құндылықты үйрету білім берудегі басты міндеттердің бірі деп айта аламыз.

Ұлттық құндылықтар – ұлт болмысы. Ол әрбір халықтың тарихи өмірде қол жеткізген, ғасырлармен қалыптасқан құнды дүниелері, рухани қасиеттері мен мәдениеті. Онсыз ұлтты елестету мүмкін емес.

Ғасырдан-ғасырға, атадан-балаға, ананың ақ сүтімен бойымызға, тәрбиесімен ойымызға сіңіп, біздердің бүгінгі таңда «тұлға» атанып, өзімізді табуымыздың, тануымыздың, тіпті, өзге ел-жұртқа танытуымыздың негізгі күші-рухани байлығымыз. Ал, рухани байлық-рухани қазыналардың жиынтығы, сол қазыналарды игеруді мақсат тұтқан жеке адам басындағы сезім, ақыл, парасат, өнер, білім қабілеттерімен қамтылған, әдемі салт-дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен ұштастырылған баға жетпес ұлт құндылықтары.

Шәкәрімнің: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл саналар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді» – деген сөзі бар. Адамгершілікке тәрбиелеу ісі білім берумен ғана шектелмейді. Бұл баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі дүниесін оятудың нәтижесінде оның дүниетанымын қалыптастырады.

**8. Еңбекқорлық.** Еңбекқорлық туа біткен қасиет емес. Ол – ата-аналардың өз баласына үздіксіз үйретуі арқылы дағдыға айналады. Еңбекқор болу – жауапкершілікті және үлкен табандылықты талап етеді. Оқушы еңбектенуге бейімделген болса, келешек өмірде өз орнын табуына және кәсіби маман болуына үлкен септігін тигізеді.

Отбасында басты мәселелердің бірі – баланың тіршілік іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру. Отбасы тәрбиесінің жүрегі – еңбек тәрбиесі.

Адамды шынға жетелеп, бар мақсатына уақытында жеткізетін қасиеті – еңбекқорлық. Көп жұмыс істейтін адам еңбекқор емес. Еңбекқор адам белгілі бір істе жауапкершілікті монына алып, не істеу керектігін түсініп, жұмысты жоспарлы түрде өз уақытында аяқтайды. Жұмыс нәтижелі болуы үшін ұзақ уақыт жұмыс жасаудың қажеті жоқ. Оны ақылмен де ерте аяқтауға болады. Физикалық күшті жұмсамай-ақ оң нәтижеге жетуге болады. Сондықтан уақытты да, ақылды да қатар ұстау маңызды.

Ал қазіргі таңда қоғамға пайдалы еңбекқор тұлғаны қалай қалыптастыруға болады?

- Баланы дайынға үйретпеу.
- Жасына немесе жеке қабілетіне қарай жауапкершіліктер жүктеу.
- Істің жасалу жолын үлгі бойынша көрсету.
- Нақты мақсаттар қоюды үйрету.
- Сұхбат жүргізу және оларға еңбекқорлықтың маңызын түсіндіру.

Тәлім-тәрбие берудің ең оңтайлы жолы – өзің үлгі көрсету. Осы дағдыларды терең меңгерген бала еңбектенудің маңызын түсінеді. Мына бір әке мен бала диалогынан ересектердің өнегесінің балаға тигізетін ықпалы айтылады. Бірде мектептен алып келе жатқанда ұлым:

- Әке, жаңа мектеп алдын қар күреп жүрген адамды таныдыңыз ба?
- Танымаймын.
- Біздің директор ағай ғой.
- Директорларың кабинеттен шаршап, бой жазайын деген ғой.
- Жоқ, ол кісі қарды ылғи күрейді - дейді риза көңілмен.

Бұдан шығатын қорытынды, балалар жақсылықты пайымдап жүреді. Сондықтан ата-аналар баланы мектепке апарып алып қайтар жолда сырласып әңгімелесуге болатынын естен шығармаған жөн. Бала мектепте болған жайды әңгімелеп, достары жайлы ой пікірімен бөліскісі келеді. Балаға уақытым жоқ деп тиып тастамай, сұрақтарына жауап беріп өз пікіріңізді ортаға салсаңыз ол баланың ойында дұрыс пікір қалыптастырады.

**9. Этика-әдеп.** Әдеп дегеніміз – адамдар арасындағы қарым-қатынаста сыпайы болу, жұмсақ сөйлеу және жағымсыз қылықтардан аулақ болу. Әдеп тәрбиенің басты көрінісі. Әдептің негізгі мақсаты – адамға жамандықтың зияндылығын түсіндіріп, одан бойын аулақ салуға үйретіп, адамгершілік жолына сілтеуі. Әдепті адамдар – қоғамның байлығы. Қай қоғамда болмасын әдеп жолға қойылса, сол қоғамның абыройы жоғары, тұрмысы да тұрақты болады. Егер қоғамда бір адам әдепсіз болса, басқаларын сыйламайтын, орынсыз оғаш қылықтарымен айналасына күйедей жұғып қоғамға үлкен зиянын тигізеді. Халықтың «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» дейтіні сондықтан. Ұлы Абайдың «Қолымда билік күші болса – адам мінезін жөндеуге келмейді - дегендердің тілін кесер едім» деген сөзінің мәні соған саяды. Әдептіліктің мәнін түсінбеген қоғам сөз жоқ, өзінің түбіне жетеді.

Әдептілік – адам бойында бірден бола қалмайды. Ол бірнеше жылдардың, қоршаған ортаның, үйдегі жақсы тәрбие жемісі. Негізі әдептілік сәлемнен басталады.

Әдептіліктің түрлерін ажыратып көрелік:

Қарым-қатынас әдебі – адамдардың ішкі жан дүниесінің сыртқы көрінісі. Кезіккен адамға алғаш сәлем беру – ізеттілік. Оны көпшілік ортада бұлай жіктеуге болады.

- Үйде. Ата-анамен, іні-қарындаспен, аға-апамен сыйласу, қонақ келгенде сәлемдесу, қонақ қабылдау;

- Көшеде. Дұрыс сымбатты жүру, үлкен кішімен сәлемдесу, қарт адам кездесе көмектесу, орынсыз ысқыруға жол бермеу;

- Мектепте. Оқушыларға арналған ережелерді сақтау, жолдастармен, ұстаздармен сәлемдесу, оқу орындарындағы қоғам мүлкіне дұрыс қарау, сабақты бар зейінімен тыңдау, сабақ үстіндегі бірыңғай талап ережелерді сақтау;

- Қонақта. Әр нәрсеге танданып, орынсыз сұрақтар қоя бермеу, босқа абыржымау, екеу-екеуден сыбырласып әңгіме айтпау, ерсі күлмеу, үн-түнсіз, өзімен –өзі мұңайып отырмау, басқа қонақтардың, үй иесінің пікірлерімен бөлісу;

- Дастарханда. кітап оқымау, артық әңгіме айтпау, ерсі қылықтар жасамау, үлкеннен бұрын бастамау, ұялы телефон қолданбау, басқаларына ыңғайсыздық туындататын әрекеттер жасамау, ас ішерде аузын жауып шайнау.

- Қалада. Көліктер арасында жол ережелерін сақтау, автобуста үлкен адамдарға, балалы аналарға орын беру, басқаларына кедергі болатын әрекеттер жасамау.

2. Сөйлеу әдебі – адамдармен қарым-қатынаста жұрыс әрі орынды сөйлеу, тіл тазалығын сақтау, болмашы қылжақбастық әңгімелерді айтпау, тақырыпты шектен тыс қозғамау;

3. Тыңдау әдебі, тыңдау этикасы – өзің сөйлесіп тұрған адаммен мәдениетті түрде сөйлесе білу. Оның сөзін бөлмеу, орынсыз кіналамау, әңгімені басқа тақырыпқа бұрмау.

Киім кию әдебі – ұқыпты, таза, жарасымды киім кию, сырт көзге ерсі көрінетін киімдер кию арқылы басқалардың назарын өзіне аудартпауға тырысу, киетін киімнің түстері ең көбіне үш түстен артық болмауына назар аудару;

**10. Отансүйгіштік** – өзінің жеке мүдделерін жалпы елдің мүдделеріне бағындыратын, оған адал қызмет етіп, қорғауды мақсат тұтатын, терең құрмет пен сүйіспеншілік сезімі. Отансүйгіштік өздігінен қалыптаспайды, ол үшін бірнеше сатысы бар. Елбасы «Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады» дейді. Кез-келген мемлекеттің құрылуында өзіндік сыр бар. Сол тарихты терең меңгерту арқылы Отанның қадірі артады. Өткенмен мақтана алатын ұрпақ тәрбиелеу міндетіміз.

**11. Кішіпейілділік** – жеке адамның жұрт мойындаған тәртіпке өз еркімен бағынуы, өзінің жеке басына керек-жарағын сол қоғамдағы халықтың материалдық жағдайына сәйкес шектеуі, барлық адамға құрметпен қарап, өзінің ғана мүдделеріне қатысы бар жекелеген адамдардың ұсақ-түйек кемшіліктеріне төзімділік көрсетуі, сонымен қатар өзінің және басқалардың жетістіктері мен кемшіліктеріне сын көзбен қарауы. Адам – әлеуметтік тіршілік иесі. Осыдан адамның басқалар алдындағы, қоғам алдындағы, табиғат алдындағы жауапкершілігі, міндет-парызы келіп шығады. Осыны сезіну оны кішіпейіл етеді. Ондай адам өзінің артықшылықтарына пәлендей мән беріп жатпайды, өзінен-өзі солай болуға тиісті нәрсе деп қарайды. Бұл сияқты адамдар көбінесе, шынында да, айтарлықтай артықшылықтары бар адамдар, өз еркімен қоғамға,

адамзатқа қызмет істеуге бел буған кісілер болып келеді. Кішіпейілділік, қарапайымдылық адамның барлық іс-әрекетінен, қимыл-қозғалысынан, өзін ұстауынан, мінез-құлқынан, тәртібінен, сөзінен, киген киімінен де аңғарылып тұрады. Кішіпейілділік өзге адамдарды сыйлаудан, олармен қарым-қатынас жасаудағы қарапайымдылықтан, өзінің қызметін дабырлатып марапаттамаудан көрінеді. Ондай адамның сөзі ұстамды келеді. Өзінің сезімін басқаларға білдіруге асықпайды. Қарым-қатынаста тұрақтылық басым болып, аумалы-төкпелілікке жол бермейді. Бірақ мұның бәрі қандай жағдайда да өз пікірін ашық айтуға кедергі келтірмейді. Өйткені, ол өзіне де, өзгеге де жоғары талап қояды. Кішіпейіл адам адамгершілігі мол, мейірбан болады. Кісіге қарасуға, қол ұшын беріп, жәрдемдесуге дайын тұрады. Кішіпейілділік жай нәрсе емес, ол – мінез, әлеуметтік мәртебе, көп қошемет тұтатын асыл қасиет болып табылады. Сол үшін де халық: «Кішіпейілділік – кішілік емес, кісілік» деп оның мәнін өте дұрыс айтып жеткізген [30].

Кішіпейіл адамды қалай тануға болады?

- Өзгелерді құрметпен тыңдай біледі. Сол үшін басқалардың алдында абыройлы. Ол өзін жетілдіру үшін немесе одан әрі шыңдарға жету үшін аянбай еңбек етеді. Жақсылықты үйренуге талпынады. Ал, өркөкірек адам басқалардан ештеңе ала алмайды. Өйткені ол өзін әрқашан биіктемін деп ойлайды.

- Мақтанудан алшақ болады. Мақтаған жерден қашып кетуге дайын тұрады. Қандай игілік жасаса да оны мақтаныш үшін жасамайды.

- Өзінің емес өзгенің қамын ойлайды. Олар «адамдардың абзалы-адамдарға пайдалысы» деген позицияны ұстанады. Кез келген жағдайда өзгенің игілігін қалап тұрады.

**12. Қарапайымдылық** – адамның кез келген жағдайда бір қалыпты, ұстамды болу қабілеті. Ол тек қана мінезден байқалмайды. Сөйлеген сөзінен, киген киімінен, жүріс-тұрысынан, өзгелерге қарым-қатынасынан байқалады.

Қарапайымдылықты сақтаудың жолдары:

- асыра сілтеуден алыс болу;
- тәкаппарланбау;
- құштарлықтарды тыя білу;
- басқалармен қарым-қатынаста адал болу.

Кешірімділік – адам бойындағы жақсы қасиет, пенде біткенге құрметпен, ізгілік тұрғыдан қарау. Адамгершілік, имандылық сияқты гуманистік ұғымдарға мәндес категория. Адамның оқыс істері мен қоғамға зиянды іс-әрекет жасағаны анықталғанда, оған адами тұрғыдан кеңшілік жасап, залалды істерінің мән-жайын түсіндіру, гуманистік қамқорлық жасау, кеңшілік көрсету – кешірімділік болып табылады.

Кешірімнің көптеген психологиялық техникалары бар болса да, сатқындық жасау, ренжіту, кемсіту, қорлауға қатысты кешірім жасаудың өзіндік қиындықтары бар. Кешірім жасаудың саналылыққа байланысты екендігіне тоқталады. Бұл орайда әрбір мәселеге саналылықпен қарау орын алған оқиғаға дұрыс баға беруге, тіпті жаныңды ауыртатын сезімнің өзін алғыс



түрінде қабылдауға мүмкіндік береді. Мұндай оқиғаның саналылықпен қарастырылуы адам үшін өмірлік сабақ болуы мүмкін.

Күнделікті тұрмыс-тіршілікте қателесіп, іс-әрекеттерінде жіберген жағымсыз қылықтары үшін де адамға кешірімділік жасалып, оған дұрыс жөн-жосық көрсетіледі. Айыбын мойнына алған, қатесін дұрыс сезініп, оған өкініш білдіретін адамға да кешірімділік жасалады.

Кешірім сұрау – әрбір адамның өзі жіберген қатесін ой-санасымен сезініп мойындауы оның мінезіндегі ерлігі мен батылдығын білдіреді. Кешірімділік – қоғамдағы азаматтардың болашағына сенім артып, оның саналы түрде тәлім-тәрбие алуына қамқорлық көрсетудің көрінісі.

Егер жоғарыдағыдай барлық жасалған әрекеттері дұрыс болса, ол адамның жан дүниесінде тыныштық орнайды. Яғни, бұл адамның ішкі жан дүниесі тынышталса, оның отбасында да тыныштық орнайды деген сөз. Егерде отбасымызда тыныштық орнаған болса демек, қоғамымыз да тыныш болды, онда мемлекетімізде де тыныштық орнайды деген сөз.

Тыныштық дегеніміз–жүректі тындау. Жүректің үнін сезіне білу–әлемнің мейіріміне бөлену.

**13. Сүйіспеншілік** – адам жанының асыл қасиеті, рухына қанат беретін ең күшті, ең тұрақты, ең ұлы сезім. Сүйіспеншілік өзін-өзі өзгелерді тануға жетелеп, сыйлауға негіз болады және Отанды елді құрметтеуге үйретеді, табиғаттың сұлулығын сезіндіреді. Сүйіспеншілік тұтас бір ұғым болғанымен де, оны танытудың көптеген түрлері кездесіп жатады. Мысалы, өзімізді сүйіспеншілік, өзара сүйіспеншілік және ең бастысы риясыз сүйіспеншілік.

Өзімізді сүйіспеншілік – қарым-қатынас құрудың басты кілтін құрайтын сезім. Сүйіспеншілікті сезінген адамда қызығушылық, тануға талпыныс, ізденушілік, тіршіліктің көзі пайда болады. Сүйіспеншілік танытқан жаратылысты тануға, жан-жақты зерттеуге алады. Таныған сайын оған мейірімі артып, қамқорлықпен қарайды. Бұл адамзатты өмір сүруге құлшындыратын құбылыс. Сүйіспеншілік тек қана адамдар арасында емес, жан-жануарға, табиғатқа, құбылысқа, деген сүйіспеншілік те болады. Себебі адамзаттың жаратылысы мейірімге, сүйіспеншілікпен орнаған қарым-қатынасқа мұқтаж жаратылған, яғни, өзара сүйіспеншілік мейірімді, мейірім қамқорлықты туғызады.

Риясыз сүйіспеншілік – күллі тіршілікке, болмысқа, адамзатқа ештеңе қажетсізбен, қайтарымын сұрамастан сүю.

Шынайы сүйіспеншілікке қол жеткізген адам нұр шуағын шашқан күн сияқты. Ештеңе қажетсізбен, қайтарымын сұрамастан, барлығына бірдей көмектесіп, қол ұшын беруін айтамыз.

Сүйіспеншіліктің өзгелердің мәселесін «түбегейлі шешу» деген сөз емес екенін түсінесіз. Сүйіспеншілік дегеніміз – нәтижесі қандай болса да, басқаларға қол ұшын беруге тырысу, көмекке даяр болу.

**14. Мейірімділік** – адамның өзге біреуге жылылығын, ізгі ниеті мен лебізін білдіру көрінісі. Мейірімділік адамдар арасындағы сыйластық, кең пейілділік, жанашырлық, ізгі ниет секілді қасиеттерге негізделеді. Мейірімділік

адамның жоғары адамгершілік белгісі ретінде оның бүкіл тыныс-тіршілігін, жан дүниесін жадырататын, шат-шадыман тіршілігі үшін қажетті аса маңызды қасиеттің бірі болып саналады. «Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық секілді ақ жүректен шығады» (Шәкарім). Қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесінде мейірімділік адамдар арасындағы адамгершілік, ізгілік пен ізеттілік, имандылық пен инабаттылық секілді асыл қасиеттермен үндестік тапқан. Ж.Баласағұн «кір тигізбей ұста ойыңның өресін, мейірім етсең – мейірімділік көресің» деп, мейірімділікке зор мән берген.

Мейірімділікті жүрекке ұялату үшін:

- Өзгені жан-жақты тануға тырысу. Бұл эмпатия құру арқылы іске асады.
- Қайтарамын күтпестен сүйе білу маңызды.
- Мұқтаж жағдайда ғана қамқорлық пен жанашырлық таныту. Себебі, қажеттіліксіз көрсетілген қамқорлық кері әсерін тигізеді, жағымсыз қасиеттердің пайда болуына себепші болады.
- Қамқорлықпен жасаған игі істерін ұмытпау, ешкімге міндетсінбеу.

**15. Эмпатия** (лат. *empathia*) – өзге адамдардың жан дүниесін түсіну мен жай-күйін ұғыну қабілеттілігі. Эмпатия адам бойында жиі кездесетін, өзіндік мән-мағынасы бар ерекше сезім. Оның айқын көрінісі – өзге адамдардың қайғы-қасіреті мен қиыншылықтарына ортақтасып, оларға жанашырлық білдіру, сол арқылы өзгенің ауыр психикалық жай-күйін өз басынан кешіргендей халге түсуі.

Қазақтың тиым сөздері мен табу сөздері тұнып тұрған эмпатия. Күнделікті өмірде өзіміз байқай бермейтін менталитетімізден көрінеді. Мысалы ақын Абайдың «Қыс» деген өлеңінде қасқырды – ит деп атайды. Оның себебі жамандықтың атын шақырсаң көбейіп кетеді деген ұғымда жатқанын біле бермейміз. Сонымен қатар, жас әйелдің ат тергеуі де осыны көрсетеді. Ат тергеу – жаңа түскен келіннің атасы мен енесіне, қайнағалары мен абысындарына, қайын сіңлілері мен қайындарына, ауылдағы жасы үлкен адамдарға өзінше ат қою дәстүрі.

Сондай-ақ, жас келіншектің бойына бала біткенде абысын-ажындары қосылып, енесіне хабар береді. Оны да жай айта салмаған. Аяғының ауырлығын жеткізудің өзінде бір көрегендік бар. Абысындары енесіне келіп: «*Күмәнді*», «*аяғы ауыр*», «*ішінде көжесі бар*», «*ана, келініңіз елдің алғысын алыпты, айранға, көжеге тойыпты*» - деп жеткізген. Жасырып айтудың бір себебі – жас келін естігенде қысылып, ұялмасын десе, екіншіден, іштегі сәбиге тіл-көз тимесін дегенді білдіреді.

Келінінің жүкті екенін естіген ене ауылдың барлық ақ жаулықты аналарын, көрші-қолаңның әйелдерін жинап, құрсақ тойын жасайды.

Құрсақ тойдың ене мен келіннің ара-қатынасын жақсартып, жас келіншекті қайын жұртымен жақындатуға тигізер пайдасы зор. Дүниеге енді келетін нәрестенің ең алғашқы тойы саналғандықтан халық оны ерекше ықыласпен орындаған.

Құрсақ шашу дәстүрін көбіне жаңа түскен келінге жасайды. Бұның астары да терең мәнге ие. Алақаннан ұшып, бөтен қияға қонған жас келіннің жаңа үй

ішімен, күйеуінің ағайындарымен, көршілерімен тез сіңісіп кетуі оңайға түспесі анық. Жұбайынан өзге ешкімді жақыннан танымайтын келіншекті қайын жұртымен жақындастыруда құрсақ тойдың маңызы ерекше. Арнайылап үлкен құрсақ тойын жасап берген ене мен қолында бар тәттілерін қосып әкелген ауылдың ақсамайлы аналарына жас келіншектің ілтипаты, құрметі артады. Ең бастысы – нәресте анасының құрсағында жатқаннан бастап бойына жақсы тәлім-тәрбиені сіңіріп, өседі. Бір ұлттың заңғар келешегін діттейтін ерекше ғұрыптың мәні осында [31].

**16. Тазалық** – бұл кірдің, шаңның, дақтардың, жаман иістер мен қоқыстардың болмауы, нәрсенің бастапқы күйінде болуы. Көзге көрінетін және көрінбейтін ластықтан арылу. Тазалықтың сыртқы және ішкі екі түрі болады. сыртқы тазалық – физикалық дененің және қоршаған ортаның тазалығы. Ал ішкі тазалық таза, шынайы күйге немесе ішкі болмысқа жатады. Яғни, тіл тазалығынан бастау алып, ой-сана, ішкі жан дүниенің тазалығына жалғасады.

Тән тазалығы мен қоршаған орта тазалығы ой тыныштығын кез-келген кедергі факторлар мен алаңдаушылықтан алыс қалуын қаматамасыз етеді.

Медицина көқарасында өмір сүру үшін тазалықтың маңызы өте зор. Ластанудың кез-келген түрі инфекцияға әкеп соғады. Инфекцияның түбі ауру мен өлімге апарады.

Ішкі тазалық яғни жан тазалығы– жаман қасиеттерден арылу. Құмарлық, ашкөздік, жеккөрушілік, өзімшілдік пен зұлымдық сияқты қылықтарды тазартқан сайын ақыл-ой өмір сүруден ләззат алады.

Тазалық өмірдің негізгі мақсаты емес, бірақ бұл – мақсатқа жетудің кілті. Дененің және ақылдың ластығы мақсатына жетуіне көптеген кедергілер туғызады. Ой кірлілігі адамды негізгі қызметінен алшақтатып, өзіне және айналасындағыларға қауіп төндіреді. Сол себепті тазалықты кең ауқымды ұғым ретінде адамзаттың шынайы құндылығы, мақсатты өмір үшін жоғары бағаланатын қасиет екенін оқушыларға түсіндіру керек. Яғни, тән тазалығы – денсаулық болса, ой тазалығы – ақыл, жан тазалығы – жүрек екенін терең ұғындырғаныңыз абзал.

**17. Денсаулық** – адам организмінің қалыпты жағдайы. Адамның денсаулығын биологиялық (іштен туа біткен және жүре пайда болған сырқат белгілеріне қарап) және әлеуметтік факторларды ескере отырып, кешенді түрде анықтайды. Денсаулықты адам денсаулығы және жалпы халықтың денсаулығы деп бөледі. Жеке адамның денсаулығын, яғни организмінің клиникалық, физиологиялық және биохимиялық көрсеткіштерінің жиынтығын адамның жынысына, жасына, сондай-ақ климаттық және географиялық жағдайларына байланыстыра отырып анықтайды.

Ал жалпы халықтың денсаулығы санитарлық-статистикалық кешенді көрсеткіштермен, яғни халықтың өсімі, өлуі, балалар өлімі, әр түрлі ауруларға шалдығуы, адамның дұрыс өсіп дамуы, орташа жасы, т.б. факторлар арқылы анықталады. Жалпы халықтың денсаулығының қалыпты болуы – жеке адамдардың ай сайынғы алатын еңбек ақысына, жұмыс уақытының ұзақтығына, еңбек және тұрмыс жағдайларына, дұрыс тамақтануына, денсаулық сақтау

ісінің даму барысына, елдің жалпы санитарлық жағдайына тікелей байланысты. Адам денсаулығының мән-маңызына қазақ халқы ежелден көп көңіл бөлген; күнделікті өмірде денені күтіп ұстауға, тазалық сақтауға, дұрыс тамақтануға да өте қатты мән берген. Қазақ халқының «*Бірінші байлық – денсаулық*», «*Дені саудың – жаны сау*», «*Жаны саудың – тәні сау*» деген мақал-мәтелдері адам денсаулығын күтуде терең тәрбиелік және философиялық маңызын осы күнге дейін жойған жоқ.

**18. Ана тілі.** Белгілі бір этностың қалыптасып, ұлт деңгейіне дейін үздіксіз дамуына ұйтқы болып келген және сол этностың негізгі тілі саналатын, өзара қауымдаса тіршілік етуіне қажетті тіл. Себебі өзге құндылықтар адамға сезім мүшелері, оның ішінде тіл арқылы беріледі. Сондай-ақ тіл тазалығы – өмір сүруді жеңілдететін факторлардың бірі. «Тіл жоқ жерде – ұлт та жоқ». Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет.

«Ана тілі арың бұл. Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл. Өз тіліңді құрметте». Қадыр Мырза.

Ана тілінің маңызы отбасылық құндылықтар қатарында жоғары тұрады. Қазақ отбасы мақал-мәтелдер арқылы баласына ақыл-кеңес, үлгі-өнеге үйретеді. Халық ежелден тіл құдіретінің тәрбие құралы екеніне көңіл бөлген. Тілсіз қоғамның қандай түрі болса да өмір сүре алмайды, тілдің өзі қоғам бар жерде ғана пайда болып, өмір сүреді. Демек, қоғамнан тыс, бөлек тіл жоқ.

Елбасының «Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Тілге деген көзқарас шындап келгенде елге деген көзқарас екендігі даусыз. Сондықтан оған бейжай қарамайық. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз» делінген.

Қазақстанда 2006 жылдан бері кең насихаттала бастаған «үш тұғырлы тіл» саясаты бойынша қазақстандықтардың қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеруі құп көріледі.

**19. Жеті ата.** Әрбір халықтың ұлттық дәстүрлері мен ұлттық менталитеті ерекшеліктеріне сәйкес жеке басын қалыптастыратын өзіндік ерекше өмір салты бар. Халықтың көптеген әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері тәрбиенің жазылмаған заңдары мен отбасының моральдық кодексі болып табылады, онда жастарды тәрбиелеудің сан ғасырлық тәжірибесі қалыптасады.

Ал ұлттың құндылығы – мәңгі өзімен бірге жасасып келе жатқан тілінде, салт-дәстүрінде, ұлттық өнерінде. Оларды бір-бірінен бөліп те қарай алмаймыз. Себебі, олар бірін бірі толықтыра отырып, тұтас бір ұлттық болмысын құрайды.

Жеті ата – қазақ халқының ежелден келе жатқан шежірелік жүйесі. Жеті атаға толмай қыз алыспау – ата-бабамыздан бері келе жатқан қазақтың тәрбиелік дәстүрі. Әрбір қазақ жеті атасын жетік білуі міндетті, бұл отбасылық тәлім-тәрбиенің негізі. Жеті атаның туыстық атауы: *бала-немере-шөбере-шөпшек-немене-жегжат-жұрағат*.

Бауыржан Момышұлы өзінің естелігінде жеті ата туралы былай дейді. «Әкем маған ата-тегіміздің аты-жөнін үйретуші еді.

- Кімнің баласысың?- деп сұрайтын ол.

- Мен Момыштың ұлымын.
- Момыш кімнің баласы?
- Момыш-Имаштың баласы.

Осылайша жеті атаға дейін жетелеп отырып санатады. Ал келген қонақ ең алдымен атымды сұрайтын. Сосын жеті ата жөніндегі білімімді тексеретін. Ел танудың басы осылай басталатынын ол кезде кім білген? –деп жазады.

Қазақ халқында жеті туралы мақал мәтелдер көп. «Жеті атасын білмеген – жетесіз», «Жеті атасын білген жетімдік көрмейді», «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер. Жеті атасын білмеген, құлағы мен жағын жер» дейді. Тәрбие – қоғамдық құбылыс, оның негізгі қозғаушы күші, өркениетті елді қалыптастыратын басты іргетас. Сол себепті адам баласы қай қоғамда болмасын ұрпақ тәрбиесіне аса мән берген.

Әсіресе, феодалдық қоғамда жеті атаға жетпей қосылғандарды шарифат заңымен қатаң жазалаған. Осындай жаза түрлеріне жатқызылды:

Теріс бата – әке-шешесі алақанын теріс қарата жайып, лағнет айтып, қарғыс дұғасын оқыған.

Тас ату – әр үйден бір адамнан шығып, бір кесек тасты елді қара бет еткен жастарға атқан.

Үстінен мал айдау – жерге жатқызып байлап, үстінен қоралы қойды өткізу арқылы малдың тұяғына таптатып өлтірген.

Елден аластау – екі жасты байлап, елден алыс жерге апарып, тентіретіп қоя берген.

Асау жылқының құйрығына байлап, сүйретіп жіберіп те жазалаған [32].

Көптеген халықтардың дәстүрлерінде туыстар арасындағы қарым-қатынас үлкендер мен кішілердің өзара сыйластығы бауырмалдылық, қарапайымдылық, сыпайылық, адалдық және шынайылық негізінде құрылды. Жас ұрпақтың ойлауы мен мінезін қалыптастыру тікелей қоршаған әлемінен алған тәрбиесі мен өнегесіне байланысты болды. Сондықтан ежелгі уақыттан бастап аға-інілер мен апа-қарындастар арасындағы келісім, қайырымдылық, мейірімділік қарым-қатынас бейбіт түрде дамыды.

Қазақ халқының ең қастерлі адамдары аталар мен әжелер болды. Оларға ерекше құрмет көрсетілді, «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» – деп бекерге айтылмаған. Бала кезінен бастап ата-бабаларына және тегіне, қара шаңыраққа құрметпен қарау сезімін тудырды. Мектептегі «Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебі», «Аға мектебі», «Жеңге мектебі» – озық салт-дәстүрлерді жас ұрпақтың бойында қалыптастыруға бағытталған ұлттық тәрбие беретін бағдарлама.

## **20. «Жаман болады», «ұят болады», «обал болады» ұғымы.**

Ұлттық тәрбиемізде тағы бір тамаша тағылым бар. Атадан балаға жалғас болған бұл ұғымдардың тәрбиенің бастауы болып табылады. Баланы адамгершілікке, қарапайымдылыққа, жақсы әдетке, әдемілікке, әдептілікке ұқыптылыққа, жауапкершілікке сөзбен жеткізе отырып тәрбиелеуге болады. «Жақсы сөз жан азығы» деп бекер айтылмаса керек.

Жанды-жансыз табиғатқа орынсыз зиян келтіруді, ысырап жасауды атам

қазақ ежелден қош көрмеген. Бұған дәлел – қазақтың адамзаттық-ғаламзаттық іс-әрекеттерге, таным-түсініктерге, мінез-құлық пен әдет-ғұрыптарға т.б. қатысты толып жатқан наным-сенімдік тыйымдары. Айта кетерлігі, сол ондаған-жүздеген тыйымдардың барлығы – айналып келгенде «жаман болады», «ұят болады», «обал болады» деген қазақы моральдің үштағанына келіп тиянақтайды екен. Ұлттық ар-ұят кодексін құрайтын бұл үш түрлі ұғымның мағыналық айырмашылығына үңілейікші:

Мұндағы – «жаман болады» – қандай да бір іс-әрекет салдарынан дереу тап болатын немесе түптің түбінде туындайтын оқиғалардан сақтандыруға құрылғанын көреміз. Мысалы: «зиратқа қарай жүгірме», «молаға түнде барма», «кесенеге барғанда шашыңды жайма», «босағаны керме», «Қорымның үстіне шықпа», «Молаға қарап дәрет алма» т.б.

Ал «ұят болады» – адам баласын қандай да бір орынсыз, ерсі мінез-қылық көрсету, әрекет жасау, шешім қабылдау т.б. жағдайлардан сақтандыру тұрғысында, түрлі жағдаяттарға қатысты айтылады. Мәселен, киелі орындарға барғанда қатты күлме, даурығып сөйлеме, селфи суретке түспе т.б.

«Обал болады» – жыбырлаған жәндіктен адамзатқа дейінгі іс-әрекеттерге қолданылады. Сондай-ақ, табиғат байлығына, оның ішінде адамның еңбегі сіңіп әзірленген ас-суды орынсыз ысыраптамауға қатысты да айтылып келе жатыр. Мысалы: «гүлді жұлма», «ұяны бұзба», «киелі орынды ластама» т.б. [33].

Себебі қазіргі танда, осы сөздің мәні жоғалып бара жатыр. Ата-аналардың көбі батыстың тәрбиесіне еліктеп, баламыз жасқаншақ, момақай болады деп, «ұят болады» деген сөздің түп мағынасын түсінбей, балаларға ненің «жақсы», ненің «жаман» екенін үйретпей, бойына имандылықтың дәнін екпегеннің соңы не болатынын білмей жатады. «Отан отбасынан басталады» деген сөздің мәні де осында тұр. Демек, жүрегінде иманы бар, ұлттық тәрбие негізінде құрылған отбасы сыртқы және ішкі күштерден келген соққыларға дер кезінде төтеп бере алатынында еш күмән жоқ. Тарихымызға үңілсек, ерте заманда бір жанұяның тәрбиесіздігінен бір рулы елдің сүйегіне таңба түскен екен. Сондықтан да, әр ата-ананың қоғам мүшесі ретіндегі борышы – бала тәрбиесіне барша жауапкершілікпен қарап, иманды ұрпақ тәрбиелеу мен қоғамға саналы мүше қосу [33].

**21. Кие** – қандай да бір заттың немесе тіршілік иесінің қасиеттілігін, жоғары тылсым күшін білдіретін ұғым. Әлем халықтары мифологиясы мен мәдениетінде аң мен құсты (сиыр, маймыл, аққу, т.б.), аспан денелерін (ай, күн, т.б.), жәндіктерді (тасбақа, айдаһар, т.б.), заттарды (пұт, ағаш, т.б.), сандарды (7, 13 т.б.), адамдарды (әулие, көріпкел, т.б.) Киелі деп санау, оларға сыйыну, табыну дәстүрі ежелден қалыптасқан. Уақыт өте келе адамдардың түрлі діндерді қабылдауына байланысты мұның кейбірі жойылып, өзгеріске ұшыраған. Ислам діні таралмастан бұрынғы дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасып, Кие деп саналған кейбір тотемдік наным-сенімдер жұрнағы қазіргі салт-дәстүрде де кездеседі (табалдырық баспау, айға қарап дәрет алмау, түтін түтету, аластау [34]).

**22. Құдайға сену** – халқымыздың салт–дәстүрінің кез келген түрінің түбінде ислами тамыр жатқанын байқаймыз. Дүниеге келген баланың азан шақырылып ат қойылғанынан бастап, дүниеден өткен адамның жаназасын оқып, жер қойнына бергенге дейін, яғни тал бесік пен жер бесікке дейінгі аралықта көптеген дәстүрлеріміздің Исламнан нәр алғанын байқайсыз. Сондықтан да Ислам мен дәстүріміздің арасындағы қарым–қатынас өте тығыз, айырып ажырату оңай емес [35].

**23. Қанағат, қанағатшылық** – адамның барға риза болуын, місе тұтуын, ынсаптан шықпауын, нәпсіге ермеуін білдіретін ұғым. Қанағат ету – жетіспеушілікке, таршылыққа төзіп шыдау емес, ақылға сүйеніп, өзін-өзі тежеу. Алайда қанағат етуді дұрыс түсіну керек. Бірақ кейде қанағаттың атын жамылып жалқаулыққа салынып жүру көп кездеседі.

Қолда барға риза болу деген мүмкіндіктің бәрін барынша қолданып, талпынысқа басқа амал қалмағанда көрсететін әрекет. Яғни ерінбей еңбектеніп, мақсатына жетуге бар күшін салғаннан кейін қол жеткізген жағдайына ризашылықпен қарау, қабылдау деген мағынаны білдіреді. Осындай амалдан кейін көрсеткен қанағатшылық адамды бақыта жетелейді. Әрбір таңның шуағынан ләззат алады.

Аталмыш құндылықты бойына сіңірген жандар өздерін бақытты, көңілдерін жайлы сезінеді. Дана кісілер балаларына «байлық тілесен – қанағат тіле, себебі ол – ешқашан таусылмайтын байлық» деп өсиет қалдырған.

Қанағатсыз адамға бір тау алтын берсе де, ол тағы бір тау алтынды қалайды. Қанағатсыздық ысырапшылдыққа әкеп соғады. Ысырап –өмірдің ырысы мен берекесін қашыратын әрекет. Себебі ол көзтоймаушылыққа, менмендікке, өзімшілдікке, асыра сілтеуге өзін жоғары санауға не болмаса басқаларын менсінбеушілікке жол ашады. Тізбектелген бұл жаман қасиеттерден арылу оңай жұмыс емес. Сондықтан ысырапшылдықтан әлдеқайда алыс болу, өмірлік мақсатқа ену қажет.

Мектепте қанағат құндылығын насихаттауды алғыс айтудан бастауға болады. Әсіресе өскелең жасөспірімнің өз өміріне риза болуына талпындыру қазіргі таңда маңызды әрекет болмақ. Өн бойындағы жағымды қасиеттерінің артықшылығын сезіндіру кейбір оқушылардың өмірге деген талпынысын арттырса, кейбір оқушылар үшін қайырымдылық шараларының негізінде оқушылар ысырапшылдықтың алдын алу көзделген дұрыс.

Алайда қанағат етуді дұрыс түсіну керек. Бұл өзін-өзі тежеу немесе тоқтату емес. Еңбекқорлыққа қарма-қайшы әрекет емес. Бұл жүректің және ой-сананың халі. Яғни, адам өзі өте еңбекқор һәм қанағатшыл бола алады. Ал қанағатсыз адам жалқаулықты жақын тартады. Қанағатсыздықтың белгісі ретінде көбінесе адамның «Неге бұл аз? Осы ғана ма?» деген сияқты сөздеріне қарап білуге болады.

Мектепте қанағат құндылығын насихаттауды алғыс айтудан бастауға болады. Әсіресе өскелең ұрпақтың өз өміріне риза болуына талпындыру қазіргі таңда маңызды әрекет болмақ. Өн бойындағы жағымды қасиеттердің артықшылығын сезіндіру кейбір оқушылардың өмірге талпынысын арттырса,

кейбір оқушылар үшін қайырымдылық шараларының негізінде ысырапшылдықтың алдын алу көзделген дұрыс.

**24. Сабырлылық** – адам мінез-құлқына тән байыптылық пен ұстамдылықты білдіретін асыл қасиет. Сабырлы өз ісінің дұрыстығына сенімді, ниеті түзу, әрбір қиындыққа сынақ ретінде қарап, мойымайтын жан.

Сабыр – адам бойында асыл қасиет. Адамның ұстанымдылығын, инабаттылығын, қаншалықты тәрбие көргенін көрсетеді. Сабырлық ар, ұждан, ынсап негізінен құралған. Осы қасиеттер адам бойында болса, онда ол адам өзін-өзі сыйлайтын, жанындағы адамдарды сыйлайтын азамат. Сабырлылық өз ісінің пәктігіне сенімді, ниеті түзу, тағдырдың бір құдайдан екендігіне сенетін, әрбір қиындыққа сынақ ретінде қарайтын адамға тән қасиет. Ал немқұрайлық және еріншектік сабырлыққа қарама-қарсы қасиеттер. Кейбір келеңсіз оқиғаларда адам өзін-өзі ұстап, сабырлық танытып, үндемей әңгімені аяқтауы керек. Бұл да адамның асыл қасиетінің көрсеткіші, ата-анасының тәрбиесінен, ақылдылығынан туындайды. Сыйлы адам болам десеңіз сабырлы болыңыз, кішіпейіл болыңыз, адамгершілік және мейірімділік қасиеттерін бойыңызға сіңіріңіз. Халық арасында сабырлыққа байланысты айтылатын нақыл сөздер көп. Соның бірі «Сабыр түбі – сары алтын». Өте орынды айтылған. Кез келген қиыншылықта сабыр ету. Бұл қасиетті адам өз бойында қалыптастырса, көп жағдайда жетістікке жетеді. Өз бойымыздан осы қасиетті іздейік, оны жетілдірейік. Сабырлы адам – күш иесі.

**25. Білім беру.** «Баламды медресеге біл деп бердім. Шен алсын, шекпен кисің деп бермедім». Абай Құнанбаев білімді болудың артықшылықтарын түсіндіріп кетеді. Мәселен, табыс пен бақытқа жету үшін «Толық адам» үлгісін көрсетеді. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек...» десе және бір өлеңінде «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті, Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп «ыстық қайрат» – физикалық дамуды, «нұрлы ақыл» – интеллектуалды дамуды, «жылы жүрек» – рухани дамуды білдіреді. Данышпан «Біреуінің күні жоқ біреуінсіз, Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек» деп осы үш дамуды берік ұстанған адамды «Толық адам» санайды. Ағылшында «Successful man», орыста «Успешный человек» деген ұғым сөз бар. Ағылшын мен орыстағы осы сөзді ұлы Абай «Толық адам» деп жеткізген.

«Толық адам», тек қана, діни-рухани, пәлсапалық қана ұғым емес. Әрі «Толық адамдыққа» жету жүзеге аспайтын, біздің заманымызбен қабыспайтын, тек қана кітап, сөз жүзінде ғана болатын утопиялық ой да емес. «Толық адам» болу идеясы қазіргі өмірмен біте қайнасқан, ХХІ ғасырдың барлық талап-шарттарына жауап бере алатын өміршең, нағыз қазақы әрі жаһандық деңгейде жұмыс істейтін мықты жоба. Тек, оны дұрыс түсініп, қарапайым түсіндіріп, жеке өмірімізге тиімді енгізе білуіміз қажет.

Елбасымыз: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнамайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі»-дейді.



«Толық адам» бойында кездесетін осындай тамаша қасиеттерді отбасы да қалыптасады. Осыны халқымыз «Ұяда не көрсең соны ілесің» дейді. Абайдың афоризмдерін еске түсіріп, күнделікті өмірде қолдана білу міндетіміз.

«Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы кұрбы, жақсы ұстаздан болады» деп Абай атамыз бекер айтпаған. Бұл дегеніміз, отбасы – адамзат ұрпағы үшін еш нәрсемен салыстыруға жатпайтын алтын дiңгек, қасиеттi өмiрлiк мектеп. Мектеп деп баланың ақыл-парасаты мен ой-өрісін жетілдіретін тәлім-тәрбие алатын ұжымды айтамыз. Бұл жерде өмірлік мектеп рөліне отбасы, ошақ қасы ие болып отыр.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің төртінші бағыты «Отбасы тәрбиесі» деп аталады. Бұл бағытта ата-аналар жұмысын жетілдіруге басымдық берілген. Білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына кәметке толмаған балалардың ата-аналары және басқа да заңды өкілдері ата-аналар комитеті арқылы қатысуға құқылы.


Мұғалімдердің ата-аналармен ынтымақтастығы тәрбиелеу міндеттерін және баланың даму бағдарламасын айқындау, сондай-ақ осы міндеттерді бірлесіп жүзеге асыру болып табылады. Ата-аналардың интеллектуалдық және материалдық деңгейдегі айырмашылықтары, олардың отбасында және мектепте балаларды тәрбиелеудегі ұстанымы, отбасымен қарым-қатынас жасауда жекелеген әдіс-тәсілдері мұғалімдер мен класс жетекшісінің қызметі үшін негіз болуға тиіс.

Бұл үшін отбасылар және ата-аналармен жұмыс істеудің топтық және жеке түрлері пайдаланылады: тәжірибе алмасу конференциясы, тренингтер, ең табысты ата-аналардың шеберлік сабақтары, пікірталастар, сұрақ-жауап кештері, мұғалімдер, психологтер, мектеп әкімшілігімен кездесу, ата-аналар жиналысы, сондай-ақ, ата-аналар мен балалардың қатысуымен іс-шаралар ұйымдастыру.

Әрбір оқу тоқсанының соңында қорытындысы бойынша қоғамдық тыңдаулар (ашық баяндамалар) өткізу және ата-аналар қоғамдастығының алдындағы қамқоршылық кеңестің ашық есеп беруі, Білім күніне арналған жалпыұлттық класс сағаттары, «Менің отбасым» «Жылдың үздік жанұясы», «Жазда жанұямызбен» жас ата-аналар фестиваль-байқаулары, «Жылдың ең үздік ата-аналар кеңесі», «Жылдың үздік қамқоршылық кеңесі» слеттер, ата-аналар комитетінің форумдары, конкурстар, спорттық іс-шаралар: «Әкем, анам, мен – спорттық отбасы», «Көңілді старттар» ірі жарыстар (оқушы ата-аналарының командалары, мұғалімдер) дәстүр бойынша қалады.

Осының барлығы отбасылық тәрбие мәселелері бойынша ата-аналық жауапкершілік пен құзыреттілік деңгейін көтеруге ықпал етеді. Класс жетекшілері мен пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек ретінде ата-аналармен сабақтарды ұйымдастыруда әлеуметтік педагогикалық және психологиялық қызметтер мамандарына ұсынылған әдістемелік ұсынымдамалар. Академия сайтында орналастырылған [36].

Қорыта келгенде білім беру ұйымдарында отбасылық тәрбие берудің әдістемелік модулі келесідей бағыттан тұрады (2-сызба).



## 2-сызба. Әдістемелік модуль.

Отбасы дегеніміз – адам баласының жанына жақын әлеуметтік ортасы, сондай-ақ ата-бабамыздан қалған салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың асыл мұрасы. Сәби дүниеге келгеннен бастап, оның ата-анасы және отбасы мүшелері оны алғаш рет өмірмен, өзін қоршаған ортамен және мінез-құлық нормаларымен таныстырады. Демек, бұл баланың келешекте саналы азамат болып өсуіне негіз болатын баспалдақ. Отбасы – бірлігі жарасқан орта, бала тәрбиесіндегі басты ұжым.

Отбасының басты мақсаты мен темірқазығы – бала тәрбиесі. Ендеше, жанұя тәрбиесі – тәрбие алудың негізгі іргетасы [37]. Яғни, адамның жеке тұлға болып ер жетіп өсуі мен адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіруі жанұяда қалыптасады. Сондықтан да «Отбасы – ғажап табиғаттың сыйы, тіршілік тірегі», – десек қателеспейміз. Осыған орай, ұл-қыздарымыздың бойына ар-ұят, адамгершілік, инабаттылық, сүйіспеншілік, береке-бірлік, жанашырлық және т.с.с. асыл қасиеттерді бойына дарытатын имандылықтан бастау алған берекелі отбасының зор әсері баршылық.

Психологтардың зерттеуі бойынша отбасының төрт түрі бар.

1. Адамгершілік қатынастары жоғары отбасы. Балалардың өз икемділіктерін жүзеге асыруға толық мүмкіндіктері бар. Тәрбиешінің көп араласуын қажет етпейді, дегенмен нақты бір кезеңде тәрбиелеу ерекшеліктеріне байланысты ұсыныстар мен кеңестер артық болмайды. Психолог кеңес береді.

2. Ата-аналарының қарым-қатынасы жақсы, дегенмен тәрбиелеудің дұрыс бағыттарын ұстанбайтын отбасылар. Балалар ата-аналарының «ерекше» қамқорлығында болуы мүмкін, осыған байланысты менмендік, өзімшілдік ойы басым дамиды. Бұл педагогтің көңіл бөлуін сөзсіз талап етеді. Психолог, тифлопедагогтың кеңесіне жүгінеді.

3. Дау-жанжалды отбасылар. Мұндай жағдайда ата-аналардың баламен ісі жоқ. Олар өзара қарым-қатынастарын шеше алмайды. Ешқандай парасатты тәрбие

туралы сөз болуы да мүмкін емес. Мұндай жағдайда мамандардың ақыл-кеңесі қажет және үнемі қадағалауы тиіс.

4. Ұрпақтар арасындағы сезімталдық, көңіл-күй байланысы жиі бұзылып тұратын отбасылар. Ата-анасы жоқ, анасы, әкесі жоқ балалар, ата, әжесі, аға, апа қамқорлығындағы балалар бар. Мұндай отбасыларымен психологиялық, педагогикалық тәрбие жұмыстары үнемі жүргізіліп отырады.

Білім алушының отбасылық құндылықтарын дамыту сабақта, сабақтан тыс, мектептен тыс жерлерде жүргізіледі (4-кестеде). Сонымен қатар, қосымша білім беру ұйымдарында үйретіледі.

4-кесте – Отбасылық құндылықтарды дамыту құралдары.

<b>Білім алушының отбасылық құндылықтарын дамыту құралдары</b>	
1	Мектеп пен отбасы ынтымағын қалыптастыру
2	Қоғамға пайдалы жұмыстар
3	Оқыту процесінде (сабақтар)
4	Сабақтан және мектептен тыс шаралар
5	Туыстық қарым-қатынас дәстүрі
6	Ана мектебі
7	Әке мектебі
8	Ата мектебі
9	Әже мектебі
10	Аға мектебі
11	Жеңге мектебі
12	«Жаман болады», «ұят болады», «обал болады», кие ұғымы
13	Ұлттық ойын
14	Табиғат
15	Еңбек

«Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі, Ана мектебі. Аға мектебі, «Жеңге мектебі» қосымшада түсіндірілген.

**Ұлттық ойын.** Балаларды еңбекқорлыққа, үлкен өмірге дайындау үшін өзіндік әсері бар маңызды шаруа. Тәрбиемен тура және тікелей байланысты құбылыстардан табиғатқа жақын ойын түр. Бұл табиғатқа сай адам ойлап тапқан кереметтердің кереметі ғой.

Балалар осы жас ерекшеліктеріне байланысты ойын түрлерін қалайды. Алтыбақан – мектеп жасына дейінгі бүлдіршін балалар ауладағы алтыбақанда ойнауға құмартады. Биікке қалықтаған баланың көңілі шарықтап, шад-шадыман күйге бөленеді.

Асық ойыны – албырт шақта ер балалар асық ойынына, ал қыз балалар қуыршақтармен әр түрлі мамандық ролінде ойнауға құмар болады.

Ақсүйек – бозбала мен бойжеткендер ойыны деп атаймыз. Ай қараңғысында жастар сезімін білдіріп, махаббат құндылығын бастан кешіреді.

Ойын – балалардың қызметінің алуан түрлі және бай саласы. Ойынмен бірге балалар өміріне тамаша өнер келеді. Ол халық мәдениетімен тәрбиелеу

құралы ретінде әнмен, бимен, билеумен, ертегілермен, жұмбақтармен және халық шығармашылығының басқа түрлерімен байланысты.

Отбасы – адамның бастапқы әлеуметтенуінің негізі. Мектептің ата-аналармен өзара әрекеттесуі баланы тәрбиелеуге, сенімге, сыйластыққа, шыдамдылыққа және бір-біріне қолдау көрсетуге өзара мүдделілік қағидаттарына негізделуі керек. Бұл бөлімде жалпы адамзаттық, ұлттық, отбасылық құндылықтар туралы айтылды.

Еліміздегі әрбір бала өскенде ауылдастарының не қала тұрғындарының, ұжымы мен көршілерінің арасында ерекше сый-құрметке ие болып, Отанына адал қызмет ететін еңбек адамы ретінде жетілуі үшін барынша қолайлы жағдай туғызу – баршамызға ортақ міндет.

Мектепте берілетін отбасылық құндылықтар көрсеткіші білім алушының іс-әрекетін бағалау арқылы білеміз (5-кесте) және мектептен тыс жерлерде, өзін қоршаған ортамен қарым-қатынасы арқылы бағалай аламыз.

#### 5-кесте – Отбасылық құндылықтар көрсеткіші

<b>Отбасылық құндылық нәтижелері:</b>	
1	Оқушының тәрбие деңгейінің көтерілуі: 1. Білім сайыстарына белсенді қатысуы. 2. Волонтерлік жұмыстарға белсенді атсалысуы. 3. Ұлттық құндылықтарды қастерлеуі. 4. Өлкетанушылық тиімді әрекеттері. 5. Қоғамға қайшы әрекеттерден бойын аулақ ұстауы. 6. Қоғамдық орындарда жағымды мінез-құлқы.
2	Адамның жалпыадамзаттық және ұлттық, рухани-адамгершілік қасиеттерінің көрінуінің прогрессивті көрсеткіштері. Ұстаздарды құрметтеу, үлкенге сәлемдесу, орын ұсыну, жол беру, кимелеп баса көктеп өтпеу, қонаққа есік ашып, төрге шығарып, жақсы қабақпен қарсы алып, орнымен шығарып салу, ағайынға, жетім-жесірлерге, мүгедектерге, жора-жолдастарға қайырымды болу сияқты ұлттық салт-дәстүріміз – ешқашан ескірмейтін ұлттық құндылықтарымыз.

Отбасылық құндылықтарды құрметтеу мәдениетін қалыптастыру мен дамытуда барлық мүдделі тараптар (құзырлы мемлекеттік органдар, ардагерлер кеңесі, қоғамдық ұйымдар, мектептер мен ата-аналар, оқушылар т.б.) біріге отырып, жүйелі түрде кешенді шараларды әзірлеп, оларды іске асыруға жұмылуы қажет.

Жаһандану жағдайындағы елімізде ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз.

Қорыта айтқанда, біздің ел ұлт тарихы терең, ғасырлар қойнауынан сүзіліп, екшеліп жеткен берік салт-дәстүрі бар қайсар ел. Осыны келешек ұрпақ ұғымы, мақтан етердей жүректеріне орнықтыру, біздің бүгінгі ат үстінде жүрген баршамыздың ең басты міндетіміз болуы шарт.

### **3 Орта білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесінде отбасы институтының маңыздылығы мен отбасы құндылықтарын тарату бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Қазіргі уақытта мектеп пен ата-аналардың құқықтары мен міндеттерін реттеу үшін олардың арасындағы үлгі шарт міндетті түрде жасалады. Осы құжат негізінде ата-аналар оқушыға білім беру мен тәрбиелеу мәселелері бойынша білім беру ұйымымен бірлесіп әрекет жасауға, ҚР-ның қолданыстағы заңнамасында көзделген ата-аналар комитетінің, қамқоршылық кеңестің, ата-аналар жиналыстары шешімдерін ескеру, ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарының басшы органдарының жұмысына қатысу тәрбие-білім беру процесін жүзеге асыруға қатысуға құқылы.

Білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие жұмыстары ҚР-ның төменде көрсетілген нормативті-құқықтық құжаттарына сәйкес жүргізіледі:

- 1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі. 26.12.2011ж.;
- 4) Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңы. 2002ж.;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы. 2009 жыл;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР заңы 02.07. 2018 ж. №169-VI З ҚР;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 27.07. 2007 ж.;
- 8) БДМБ 2020 - 2025 жж. ҚР үкіметінің №988 қаулысымен 27.12.2019 ж.;
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен «Рухани Жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

Көрсетілген Заң баптарынан үзінділер келтіреміз.

*Бала құқығы туралы Конвенцияның 29- бабы «Білім беру міндеті»*

Білім беру мекемелері баланың жеке тұлға ретінде дамуына, баланың бойындағы дарынын және ақыл-есін, дене бітімдік қабілеттерін барынша толық дамыту керек; ата-анасын, төл мәдениетінің құндылықтарын, тілін және құндылықтарын, өзі тұрып жатқан мемлекеттің және өзі туған елінің ұлттық құндылықтарын, сондай-ақ басқа өркениеттерді құрмет тұтуы керек.

*Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңның 6,11, 20, 34, 49 баптарынан.*

Қазақстан Республикасының балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясатының мақсаттары:

- 1) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу;
- 2) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін нығайту, сондай-ақ құқықтары бұзылған жағдайларда оларды қалпына келтіру;
- 3) бала құқықтары кепілдіктерінің құқықтық негіздерін қалыптастыру,

баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі тиісті органдар мен ұйымдар құру;

4) балалардың дене бітімі, интеллектуалдық, рухани және имандылық тұрғысынан дамуына, олардың бойында елжандылық, азаматтық және бейбітшіл сезімдерді тәрбиелеуге, сондай-ақ баланың жеке адами тұлғасының қоғам мүддесі, мемлекет халықтарының дәстүрлері, ұлттық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қол жеткізуі үшін мүмкіндіктерін ашуға жәрдемдесу;

5) кәмелетке толмағандардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі нысаналы жұмысты қамтамасыз ету;

6) балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

*«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 4-бабы. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың түрлері:*

- 1- Тұрмыстық зорлық-зомбылық
- 2- Психологиялық зорлық-зомбылық
- 3- Сексуалдық зорлық-зомбылық
- 4- Экономикалық зорлық-зомбылық

*«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңынан.*

Бұл Заң балаларды денсаулығына және имандылық, рухани, психикалық, физикалық және әлеуметтік дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғаудың ұйымдастырушылық-құқықтық тетіктері мен заңнамалық кепілдіктерді енгізу арқылы балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

*«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңынан.*

Жалпыға ортақ құндылықтарға, тарихи тәжірибеге, рухани мәдениетке және ғасырлар бойғы халықтық дәстүрлерге негізделген мемлекетіміздің білім саласындағы саясатының негізгі бағыттарын айқындады.

*«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінен.*

10-тарау. Баланың құқықтары. 60, 62, 67 баптар;

11-тарау. Ата-аналардың баланы тәрбиелеу және оған білім беру жөніндегі құқықтары мен міндеттері. 70, 72 баптар.

Бұл заңдар бала тәрбиесі бойынша жауапкершілікті жан-жақты баяндайды. Баланың үздіксіз дамуын қадағалау, бала денсаулығына қамқорлық жасау, еңбек тәрбиесі мен мамандық таңдауға және баланың жан-жақты дамуына көмектесу. Баланың қызығушылығын, бейімділігін, шығармашылығын дамыту. Баланы өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі дамытуға сонымен қатар болашақ өмірге дайындау болып табылады.

Мектеп партасында отырған баланың жан-жақты тәрбие алуына ең бірінші ықпал ететін ұстаз болса, оның сүйеушісі – ата-ана. Сондықтан мектептер ата-аналармен келісім-шарт жасайды. Бұл құжатта білім алушы, ата-ана және мектеп міндеттері көрсетілген [38]. (Қосымша 1).

Бала мектепте 6, 7 сағат болса, 18 сағат үйде болады, сол себепті ата-ана баласының оқуын, жүріс-тұрысын, жолдастарын сонымен қатар киетін киімін

де қадағалап, аптаның соңғы күндері класс жетекшісімен, пән мұғалімдерімен байланыс жасап сабақ үлгерімі, тәртібі жайлы мәлімет алып отыруы қажет.

Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және мектепте балаларды тәрбиелеу үшін жауапкершілігін арттыруға арналған жылдық жұмыс жоспары құрылуы тиіс.

Сіздердің назарларыңызға Батыс Қазақстан облысының көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы мектеп-интернатының педагогы Амирова Бақытжамал Ғалымжанқызы әзірлеген ата-аналармен бірлесіп жасалатын жұмыс жоспарын ұсыныс отырмыз [39].

Жоспарда әр тоқсанның соңғы күндері «Ата-аналар» күні болып белгіленген. Ата-аналармен тақырыптық жиналыс өткізіледі (6-кесте)

6-кесте – Ата-аналармен бірлесіп жасалатын жұмыс жоспары

<b>Мерзімдері</b>	<b>Ата-аналарды педагогикалық ағартудың тақырыптары</b>	<b>Жанұялармен жүргізілген жеке-дара жұмыс</b>
<b>Қыркүйек</b>	«Ал, енді танысайық» ата-аналар жиналысы	Кеңесті сайлау және оның жұмысын жоспарлау
	«Ортақ істеріміз» атты ата-аналар жиналысы	Бірлескен істерді жоспарлау үшін сауалнама, тренинг
	«Отбасы және тәрбие бастауы»	Ата-аналар жиналысы
<b>Қазан</b>	Ата-аналармен жеке пікірлесу	Сұхбат-пікірлесу
	«Біз шығармашыл жандармыз»	Ата-аналар мен оқушыларға арналған көрме
	«Ұл тәрбиесі мен қыз тәрбиесі»	Тақырыптық кеңестер
<b>Қараша</b>	I тоқсанның қорытындысы	
	Балалардың жетістіктері туралы ата-аналарға хат	Алғыс хаттар, мадақтамалар
	Психолог, мамандар дәрісі	Сауалнама, пікірлесу.
<b>Желтоқсан</b>	Ата-аналар жиналысы «Отбасындағы бала тәрбиесі».	Жаңа жылға ұжымдық шығармашылық даярлық.
<b>Қаңтар</b>	Ата-аналармен жеке пікірлесу. Психолог, мамандар кеңесі	Сұхбат-пікірлесу. Кеңес беру
<b>Ақпан</b>	«Ұл тәрбиесі» атты тақырыптық кеңес	Кеңес беру, пікірлесу.
<b>Наурыз</b>	«Жатақхана аруы». «Отбасындағы қыз тәрбиесі»	Тақырыптық кеңес
<b>Сәуір</b>	III тоқсанның қорытындысы. Оқушылардың ең үздік жұмыстарының көрмесі	Көрме
<b>Мамыр</b>	Жыл қорытындысы. Ата-аналар жиналысы	Ата-аналарға мерекелік концерт. Алғыс хаттар

Мұндай маңызды істерді жүзеге асыруда тәрбиеші тәрбие жұмысының мақсатын, міндеттерін, мектептің ерекшелігін, ата-аналар құрамын, ата-ана мен тәрбиешінің қарым-қатынасының негізгі ұстанымдарын ескеріп есепке алады.

Ерекше қажеттілігі бар балаларға отбасылық дәстүрлердің маңызы ерекше. Отбасылық дәстүр – бұл ерекше кездесулер мен отбасылық мерекелер, бүкіл отбасының табиғатқа бірлесе шығуы (қонаққа және т.б.), концерттерге (көрмелерге, спектакльдерге) баруы, жақындарына сыйлықтар дайындауы, фильмдерді бірлесіп көруі, шай ішу, бірлесіп серуендеу (табиғатқа, мұз айдынына, саябаққа және т. б.) [36].

Қазақстан Республикасының Президенті бастамасымен биылғы жыл «Волонтерлер жылы» деп жарияланды. Президент өз сөзінде биылғы жылдың міндеттеріне тоқталып, бірнеше бағыттарын (7-кесте) атап өтті [40].

#### 7-кесте – «Волонтерлер жылы» бағыттары

№	Бағыттары	Мақсаты мен міндеті
1	«Саулық» бағыты	Медициналық волонтерлік дамып, науқастарға қамқорлық көрсетіледі.
2	«Таза әлем» жобасы	Бұл қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазалау, ағаш отырғызу, қоқысты сұрыптауға үйрету.
3	«Асыл мұра» бағыты	Волонтерлерді халқымыздың материалдық және рухани мәдени-тарихи мұрасын сақтауға тартады.
4	«Қамқор» бағыты	Еріктілердің қарттар үйлерінде жұмысына бағытталған.
5	«Білім» бағыты	Бұл ауыл мектептерінің жоғары класс оқушыларын ҰБТ-ға дайындау, ағылшын тілі мен компьютерлік сауаттылыққа оқыту.
6	«Үміт» жобасы	Екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңістің 75 жылдығына орай отандастарымыздың ерліктерін паш ететін құжаттарды іздеуге бағдарлау.
Бұл бағыттардан бөлек волонтерлер балалар үйлеріндегі балаларды қамқорлықтарына ала алады.		

Волонтерлікпен айналасатын адамдарды волонтер деп атайды. Олар ақысыз, ерікті қоғамдық жұмыс атқаратындарға жатады.

Қоғам үшін пайдалы іспен айналысатын білім алушыларға инклюзивті білім беру, репетиторлық, девиантты мінез-құлықты кәмелет жасына толмаған балалармен жұмыс, аула және спорт клубтарын ұйымдастыру, қарт адамдарға әлеуметтік көмек көрсету сияқты бағыттар бойынша жұмыс ұйымдастыруға болады. Жалпы волонтерлық қозғалысты одан әрі дамыту қажет. Бүгінгі таңда жастардың көпшілігі ауылдарға барып, ағылшын тілін үйретіп жүрсе, бір жағынан балалар үйлерінде тәлімгерлікті дамытуда. Бұл да игі істердің бірегейі болмақ.

Кіші мектеп жасындағы балалар үшін мынадай қызмет түрлері қолайлы: қарт адамдар, ардагерлер үшін кәдесыйлар жасау; ертегілер қою және көрсету; ата-аналарға, мектепке қажетті көмек көрсету; «жақсылық» тақырыбына суреттер көрмесін безендіру және т.б.

Орта мектеп жасындағы жобаға қатысушыларға бастауыш класстар мен балабақшаларда әр түрлі мерекелерді өткізу, сенбіліктер ұйымдастыру, қарт адамдарға, жалғыз басты адамдарға және мүгедектерге, ардагерлерге атаулы



көмек көрсету, жылжымалы көрмелерді дайындау; ақпараттық орталық және тағы басқа жұмысына қатысу.

Жоғары класс білім алушылары мен колледж студенттері үшін орынды:

- жергілікті қоғамдастықтардың көмекке қажеттілігін анықтау мақсатында қоғамдық пікір мен зерттеулер жүргізу;
- әлеуметтік объектілерді тұрақты қамқорлыққа алу;
- ардагерлерге, қарт адамдарға, жетім балаларға, мүгедектерге атаулы көмек;
- экологиялық, патриоттық және т. б. акциялар өткізу;
- ақпараттық орталықтың жұмысын ұйымдастыру;
- колледж студенттерінің алған білім бейіні бойынша еріктілік қызметін ұйымдастыру (жастар кеңестері, өңірлерде ашық сабақтар және т.б.).

2. Қалалық, республикалық, халықаралық ерікті ұйымдармен ынтымақтастық.

Жобаға қатысушылар қалалық, республикалық, халықаралық іс-шараларға, акцияларға, бағдарламаларға, форумдарға, слеттерге және т.б. қатысады, балалар мен жастардың ерікті қозғалыстарымен және бірлестіктерімен ынтымақтастықты дамытады.

Білім беру ұйымдарындағы волонтерлік қызметтің келесі негізгі бағыттарын ұсынамыз:

- Әлеуметтік волонтерлік.
- Экологиялық волонтерлік.
- Спорттық волонтерлік.
- Мәдени волонтерлік.

Жалпы алғанда еріктілердің бірлескен іс қимылы «Волонтерлік қызмет туралы» 2016 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сүйенеді.

Күтілетін нәтижелер:

Білім алушылар мен студенттердің волонтерлік қозғалысқа қатысуы оқушылардың дүниетанымының өзгеруіне ықпал етеді және қоғамға да, еріктілердің өзіне де пайда әкеледі. Өзінің жеке әлеуетін іске асыру, өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін көрсету, адамдық мақсатын жүзеге асыру адамның қоғамға қызмет етуге қатысуының жетекші себептеріне айналуы тиіс.

***Отбасылық құндылықтарды оқыту процесінде (сабақтар) қалыптастыру.***

Білім беру ұйымдарының бастауыш пен негізгі орта білім беру бағдарламаларына отбасылық құндылықтар бойынша тақырыптар енгізілген. Сабақта білім алушылар тақырыптарда берілген тақырыптармен жұмыс жасайды. Коммуникативті қарым-қатынас әртүрлі әңгімелеу, сөйлеу түрлері арқылы жүзеге асырылады. Бұл оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, сыни ойлау қабілеттерін дамытуға, проблемалық мәселелер туғызуға, өзін-өзі талдауға, оқу мақсаттарына жетуге, өмірде маңызды болып табылатын дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі.

«Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Өзін-өзі тану», «Құқық негіздері» және «Адам. Қоғам. Құқық», «Дүниетану», «Биология» пәндерінің

оқу бағдарламаларына жас ерекшеліктеріне орай отбасылық құндылықтарға қатысты тақырыптар берілген [41].

#### **«Адам. Қоғам. Құқық» пәні**

Отбасылық тәрбиенің құқықтық негіздерін 9-классқа арналған «Құқық негіздері» және «Адам. Қоғам. Құқық» пәндерінен толыққанды оқытамыз.

Бұл пәндерде ұлттық құндылықтарды, рәміздерді, қастерлеу, қадірлеу ұғымы қалыптасады. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарды қорлаған білім аулышының ата-анасының жауаптылығы түсіндіріледі.

Бұл пәндер балаларға туыстық қарым-қатынастың мағынасы мен мәні ғылыми және құқықтық жағынан түсіндіріледі.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-классына арналған «Адам. Қоғам. Құқық» оқу бағдарламасында «Қоғам және отбасы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- отбасының шығу тарихы;
- отбасындағы адамдардың өзара қарым-қатынастарының ерекшелігі;
- отбасы мүшелерінің әлеуметтік міндеттері;
- қазіргі қоғамдағы отбасының рөлі мен мәні.

#### **«Құқық негіздері» пәні**

Негізгі білім беру деңгейінің 9-классына арналған «Құқық негіздері» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы «Отбасы құқығы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- отбасы құқығының түсінігі;
- некені қию және тоқтату жолдары;
- отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері;
- отбасының қоғамдағы маңыздылығы.

Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары, мұғалімге оқушыларды дамыту бойынша жұмысты жүйелі жоспарлауға және олардың жетістіктерін бағалауға, оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

Бұл мәселелер келесі оқу міндеттерінде көрсетілген:

9.5.1.1 - неке және отбасы ұғымдарын түсіндіру;

9.5.2.1 - некені қию және тоқтатылу шарттарын анықтау;

9.5.3.1 - отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін анықтау;

9.5.3.2 - құқықтық актілерге сүйене отырып, қоғам мен отбасындағы балалар құқығын талдау;

9.5.4.1 - отбасының қоғамдағы маңыздылығын бағалау.

#### **«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні**

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінде отбасылық құндылықтар мазмұндас тақырыптар арқылы беріледі:

1- класста (II тоқсан):

«Менің отбасым және достарым»

III тоқсан

«Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті»

2-класста:

I тоқсан

«Менің отбасым және достарым»

III тоқсан

«Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті»

5-класста:

I тоқсан

«Отбасындағы дәстүр мен мерекелер».

М.Мақатаев «Тоқта, ботам!» өлеңі

6-класста:

I тоқсан

«Отан отбасынан басталады».

М.Әуезов «Абай жолы» романы, «Қайтқанда» тарауы (үзінді)

**«Биология» пәні**

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-класстарына арналған «Биология» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасындағы «Координация және реттелу», «Қоректену», «Көбею. Өсу және даму» бөлімшелерінде жүйке жүйесінің қызметіне алкоголь, шылым және есірткілік заттардың әсерін түсіндіру, тамақтану гигиенасы. Асқорыту мүшелерінің жұқпалы аурулары және олардың алдын алу, жыныстық жолмен берілетін аурулар және олардың алдын алу шаралары оқытылады. Бұл тақырыптарда отбасы және отбасы тәрбиесінің көрсетілген мәселелер бойынша ролі түсіндіріледі.

**«Дүниетану» пәні**

«Дүниетану» оқу пәнінің бағдарламасында «Мен және қоғам» және «Мен және отбасы» бөлімдері бар. Бұл бөлімдерде отбасы; отбасы мүшелеріне қатысты туыстық байланыстар жүйесіндегі өз орнын анықтау; «шежіре» ұғымы; отбасындағы қамқорлық; отбасылық мерекелер ұғымы түсіндіріледі.

Көрсетілген тақырыптарды ашу оқытудың келесі міндеттері арқылы жүзеге асады:

*1-класс.*

1.1.1.1 түрлі дереккөздерді зерттеу негізінде Отбасы» ұғымын түсіну және мәнін түсіндіру;

1.1.1.2 отбасы мүшелеріне қатысты туыстық байланыстар жүйесіндегі өз орнын анықтау;

1.1.1.3 отбасы мүшелерінің арасындағы өзара қамқорлықтың маңызын түсіндіріп, мысал келтіру.

*2-класс*

2.1.1.1 отбасылық мұрағат негізінде отбасы мүшелерінің ауызша портретін жасау.

2.1.1.2 мысалдар келтіре отырып, өз отбасындағы әдеп нормаларын түсіндіру.

2.1.1.4 бақылау мен сауалнама негізінде тұтыну заттарына деген отбасы қажеттіліктерінің құрылымын, олардың түсу көзін анықтау.

*3-класс*

3.1.1.1 отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастарды түсіндіру;

- 3.1.1.2 әулет шежіресін құрастыру;
- 3.1.1.3 өз отбасының құндылықтарын анықтау;

4-класс

- 4.1.1.1 отбасының қоғам өміріндегі маңызын дәлелдеу;
- 4.1.1.2 отбасы мүшелерінің функционалдық рөлін талдау;

### **«Өзін-өзі тану» пәні**

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-класстары үшін «Өзін-өзі тану» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасында төмендегідей тақырыптар берілген[42].

1-класс

- Адам – отбасы мүшесі.
- Отбасындағы, ұжымдағы өзара қарым-қатынас.
- Кеңпейілділік таныту.
- Ынтымақтастық, өзара көмек, құрмет.
- «Достық» ұғымы туралы түсінік.
- Адам өміріндегі достықтың мәні.
- Класстағы достық.
- Достықтың біріктіруші бастауы.
- Отбасындағы және мектептегі өзара көмек, қолдау, кішіпейілділік және қайырымдылық.

және қайырымдылық.

- Адамның іс-әрекетіне көмекке келу ұмтылысын таныту.
- Алғыс айту – адамның басты қасиеті.
- Отбасында, мектепте, қоғамда алғыс айта білу білігі.

1-класс

- Отбасындағы жақсы өзара қарым-қатынас.
- Адамшылық, қайырымдылық, түсіну, өзара көмек.
- Отбасында өз мінез-құлқыңды басқару.
- Өзін-өзі адамгершілікті кемелдендіру.
- Жақсы мінез-құлық ережесі. Адам мәдениеті.
- Денсаулық құндылығы.
- Отбасындағы белсенді және салауатты өмір салты.

2-класс

- Отбасындағы жауапкершіліктер.
- Отбасындағы жағымды қарым-қатынас және бірін-бірі қолдау.
- Туған үй. Адамның отбасы.
- Отбасындағы өзара қарым-қатынас негізі.
- Отбасы мүшелерінің жауапкершілігі.

3-класс

- Өзара түсіністік – отбасындағы жақсы қарым-қатынастың негізі.
- Бірін-бірі тыңдау, есту және түсіну білігі.
- Отбасылық дәстүрлер. Отбасындағы сыйластық.
- Өзара түсіністік отбасындағы бақыттың шарты ретінде.
- Отбасылық мейрамдар.
- Отбасы бақыты.

5-9-класстардағы «Өзін-өзі тану» базалық мазмұнында «Адам және әлем» тарауы бар. Бұл тарауда отбасылық құндылықтар келесідей тақырыптарда қамтылған:

4-класс. «Отбасы татулығы».

Мазмұндық негізі «Жақын адамдарға құрмет. Отбасындағы үлкендер мен кішілердің арасындағы өзара қарым-қатынас ерекшеліктері».

5-класс. «Отбасының жылуы».

Мазмұндық негізі «Бірге туғандар – адамның өмірдегі тіреніші. Адамның отбасы мүшелерінің арасында берік байланыстар орнатудағы жауапкершілігі. Өз отбасы мүшелеріне қамқорлық пен көңіл бөлудің көрінісі».

6-класс. «Отбасылық құндылықтар».

Мазмұндық негізі. «Отбасындағы жалпыадамзаттық құндылықтар. Отбасы адамның рухани тірегі. Отбасы бақыты. Отбасындағы сенім».

7-класс. «Отбасын қадірлеу».

Мазмұндық негізі Сүйіспеншілік – отбасылық өмірдің негізі ретінде. Жақсылықтың жасампаздығы. Отбасы – өмір мектебі».

8-класс. «Отбасы татулығы – қоғамдағы татулық».

Мазмұндық негізі «Отбасы – адамгершілік дамуының алғашқы ортасы ретінде. Отбасындағы бірлік және өзара түсіністік. Кешіре білу білігі».

Оқу бағдарламаларында берілген тақырыптар білім алушыларға отбасы институтынан терең білім береді. Жалпыадамзаттық құндылықтардан бастап этнопедагогикалық, құқықтық білімін қалыптастырады.

Әрбір пән бойынша өткізілген тақырыптық сабақтар оқушылардың бойындағы отбасылық құндылықтарын толықтыра бермек.

«Рухани Жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде отбасы тәрбиесі бағытына сәйкесінше «Отбасы әлемі» жобасы қарастырылған. Жобаның басты мақсаты – ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық біліктілігін көтеру және балаларды тәрбиелеу бойынша жауапкершіліктерін арттыру болып отыр.

Осы міндеттерді іске асыру тетіктері болып:

- Білім беру ұйымдары «Қамқоршылар кеңесі» және ата-аналар комитеттері;
- Репродуктивтік денсаулық орталықтары, мамандардың консультациялары, бірлескен отбасылық іс-шаралар;
- «Өзін-өзі тану» ҰДО бағдарламасы шеңберінде ата-аналарды оқыту;
- Жастар мен ерлердің мінез-құлық мәдениеті туралы сұхбат алу;
- Жоғары класс білім алушыларына және жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Отбасылық өмірдің этикасы» бойынша элективті курстар ұйымдастыру;
- Білім беру ұйымдарының қызметіне ата-аналардың қатысуы;
- Әкелердің, әжелердің клубтары; ақсақалдар кеңесі;
- Мемлекеттік тапсырыс бойынша ата-аналарға психологиялық-педагогикалық көмек, жалпыға бірдей білім беру;
- Үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық;

- Аула клубтарының жұмысын қалпына келтіру;
- Ақысыз негіздегі қосымша білім беру мекемелеріне балалар мен жастарға қолжетімділікті ұйымдастыру;

- Элективті курстар, фестивальдер, конкурстар семинарлар өткізу;
- «Менің отбасым», «Жыл отбасы» конкурстарын ұйымдастыру;

Кітап көрмелерін және кітап өнімдеріне қоғамдық шолу; «Кітап оқитын мектеп», «Кітап оқитын колледж», «Кітап оқитын ЖОО» жарыстары өткізілді.

Білім беру ұйымдарында отбасылық тәрбие беру механизмдеріне:

1. «Буккроссинг». Кітап алмасу үшін арнайы орындар ұйымдастыру;

2. «Қадірлі сыйлық». Кітапханаларға кітаптарды ерікті түрде тапсыру үшін қайырымдылық іс-шарасын ұйымдастыру;

3. «Кітапхана – білім ордасы». Оқушылардың кітапхана қызметкерлерімен, оқушылар үйлердегі әдеби кештер және оқушылар демалыс орталықтарында кездесулер ұйымдастыру;

4. Отбасылық оқуға арналған кітаптар, альбомдар, буклеттер, фильмдер, бейнематериалдар және т.б. ұйымдастыру.

Бұл шараларды қамтамасыз ету жолдары:

- оқуды мәдениеттің маңызды элементі ретінде және интеллектуалды әлеуетті, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін, жастардың шығармашылық және әлеуметтік белсенділігін арттыру құралы ретінде толық қолдау;

- білім беру мекемелерінде кітап алмасу үшін арнайы орындарды ұйымдастыру - буккроссингтер;

- білім алушылар мен үлкендер арасында (кітапханашы, мұғалім, ата-ана, білім алушы) кітапқа деген ортақ қызығушылық негізінде (ертегілер, аңыздар, мысалдар, хикаялар, эпостар) бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру.

Отбасылық тәрбие жұмыстарын критериялды бағалауға өзінің жанұясы мен ұрпақтарына отбасы құндылықтары мен моральдық қағидаларды сақтауы арқылы үлгі көрсетуі жатады [6].

Сабақтан және мектептен тыс өтетін отбасылық тәрбие жұмыстары мемлекеттік немесе мемлекеттік емес ұйымдардың жоспарларына сәйкес жүргізіледі.

2015 жылғы 2-қарашада Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңы қабылданды. Осы Заң қоғамдық кеңестердің құқықтық мәртебесін, халық алдында есеп беретін мемлекет қалыптастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруға, барлық деңгейлердегі мемлекеттік органдардың шешімдер қабылдауына коммерциялық емес ұйымдардың, азаматтардың кеңінен қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған қызметін қалыптастыру және ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Елімізде осы заңға сүйенген отбасылық тәрбиені қамтитын төмендегідей қозғалыстар, бірлестіктер, одақтар, институт, ұйымдар бар:

1. «Алдаспан» қоғамдық қоры.

2. БИЛ қоғамдық қоры.

3. «Бақытты бала» қоғамдық қоры.

4. «Бақытты бала» әскери-қоғамдық қоры.

5. Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» БЖҰ қоғамдық бірлестігі.
6. «Жанұя Отбасын қолдау орталығы» қоғамдық қоры.
7. «BILIM FOUNDATION» қоғамдық қоры.
8. Республикалық «Әкелер одағы» қоғамдық қоры.
9. «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты.
10. «Асыл бала» қоғамдық қоры.
11. «Келешек» психологиялық орталығы.
12. Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы.
13. Нұр-Сұлтан қаласындағы «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігі.
14. «SAMRUK-KAZYNA TRUST» әлемеуттік жобаларды дамыту қоры.
15. Отбасылық тәрбиелеу институты.

Аталған ұйымдар жұмысы заңға сәйкес бала мен отбасы тәрбиесіне бағытталған. Ата-аналар мен бала тәрбиесіне қатысты мәселелер толығымен қамтылған және қол жетімді. Өзіңізді мазалаған мәселелердің жауабын осы ұйымдардың сайтынан табуға болады.

**Отбасылық тәрбиелеу институты.** Отбасылық тәрбиелеу институты отбасылық тәрбиеге байланысты екі тілде журнал (1-сурет) шығарады.



1-сурет. Республикалық «Отбасылық тәрбие» ғылыми-практикалық журналы

Журнал ата-аналар мен педагогикалық қоғамды ақпараттандыруды мақсат етеді. Бүгінде журнал мұғалімдердің, ата-аналардың қызығушылығын оятып, қоғамның да сұранысына ие болды.

**«Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасы.**

Қазақстан халқы Ассамблеясының мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған «Мың бала» республикалық мәдени-ағарту жобасы аясында «Асыл сөз» мектебі бар.

«Асыл сөз» мектебі – шешендік өнердің негіздеріне баулитын және қарым-қатынас шеберлігін шыңдайтын тиімді курстар мен коммуникативтік тренингтер;

«Тиімді тілдік орта» ойын алаңы – демалыспен ұштастырылған қазақ тілін оқыту алаңдары, ұлттық және спорттық ойындар, байқаулар өткізеді.

Еліміздегі кейбір білім беру ұйымдарында отбасылық тәрбиеге қатысты жобалар «Рухани жаңғыру» аясында эксперимент түрінде жүргізіліп келеді. Бұл жобалардың авторлары «Рухани жаңғыру» бағдарламасын өз бетімен жүзеге асыруға ынталы адамдар. Олар білім беру саласында ұзақ жылдар жұмыс жасаған білікті мамандар, ғалымдар мен тәжірибелі ұстаздар. Ынталы жандар өз тәжірибелеріне сүйене отырып сұранысқа сай жобалар (8-кесте) әзірлеген.

8-кесте – Астаналық білім беру ұйымдарындағы авторлық жобалар

№	Жоба атауы	Мақсаты	Білім беру ұйымы
1	«Тау тұлға»	Ғұламалардың өмірі мен қызметін, шығармашылығын, танымал еңбектерін, сонымен бірге, сол қоғамның мәдени құндылықтарын, адамгершілік ұстанымдары мен дәстүрлерін жас ұрпақтың бойына дарытып, рухани жан дүниесін жаңғырту	2, 8, 23, 42, 48, 56 мектептер
2	<i>Музей ұлағаты</i>	Ұлттық құндылықтарды және музей бағытын негізге ала отырып, е қала оқушыларының бойында патриотизмді қалыптастыру	40, 37, 52, 61 мектептер
3	«Сазды Сарыарқа»	Ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы, қазақ фольклоры мен музыкасының негізін сақтап қалу және жас ұрпаққа насихаттау	№17, 25, 66, 81, 83 мектептері
4	«Тарихы тасқа кашалған»	Өскелең ұрпаққа ескерткіштеріміздің пайда болу тарихын таныстыра отырып, рухани-мәдени құндылықтарды бойларына сақтау және арттыру	15, 18, 19, 21, 35 мектептері
5	«Қолөнер-өркениет керуені»	Заманауи технологиялар арқылы ескірген қолөнерімізді жаңғыртып, жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды насихаттау	4, 20, 26, 41, 58, 68, 70, 77, 82, 87 мектептері
6	Жерұйық	Оқушылар бойында өз елінің тарихи қасиетті жерлерін білуге, рухани қастерлі жерлеріміздің тарихын зерттеуге, құндылығын айқындауға бағыттау	69, 9, 47 мектептері



7	«ZEREK» дарынды балаларға арналған класс	Қазақ халқының ұлттық ұндылықтарымен тәрбиелей отырып, дарынды, іскер, өздік ойлау жүйесі дамыған, мәдениеті жоғары, қабілетті тұлға қалыптастыру мақсатында класс ашу	53 мектеп
8	«Алмас қылыш» ұлттық ойындар	Қазақ халқының ертеден қалыптасқан, атадан-балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын-сауық түрлерін насихаттау	Шығыс, 46, 32, 86, 44, 13 мектептері
9	«Астау FEST: Ұмытылған ұлттық тағамдар»	Жас ұрпақтың санасында қазіргі заманғы және ұмытылған қазақ халқының ұлттық тағамдары туралы білімді қалыптастыру.	КОПИС 30, 55, 28 мектептері
10	«Отбасы тірегі»	Отбасы құндылықтары мен әкенің отбасындағы және қоғамдағы рөлін нығайту үшін мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға ықпал ету	М.Өтеміс- ұлы атындағы оқушылар сарайы
11	«Сыр сандық» жасөспірімдер киножурналы	Оқушыларды жалпыадамзаттық құндылықтарды, сұлулық пен үйлесім сезімін бекітетін әлеуметтік роликтерді, қысқаметражды фильмдерді жасау арқылы тәрбиелеу	84 мектеп, Оқушылар сарайы
12	«Қазақтың 100 фильмі ұрпақтар жадында»	Қазақ киносы арқылы ұлт мұраты мен елдік идеяны насихаттау	74 мектеп
13	«Master ART»	Балалардың бойына қазақ халқының мәдениеті туралы танымдық қызығушылығын қалыптастыру	57, 64, 43, 38 мектептері
14	«Qazaq bii – Rúhani qazyna»	Қазақтың ұлттық биін жандандырып, Қазақ халқының рухани өмірін ұлттық биді жандандыру арқылы қалыптастыру	60 мектеп
15	«Халық ауыз әдебиеті кейіпкер- лерінің заманауи келбеті»	Ертегі кейіпкерлері арқылы оқушыларды рухани-адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу	59, 33, 12 мектептері
16	«Wikipedia және мәдени	Қазақстанның мәдени мұрасын насихаттау мақсатында	22, 5, 1, 50, 36

	мұра»	«Wikipedia» клубын ашу	мектептері
17	«Сөз күдіреті»	Қазақстандық жазушылардың шығармаларын және халық ауыз әдебиетін сақтау және насихаттау	«Астана Дарыны» орталығы
18	«Салтың санаң, ғұрпың ғұмырың, дәстүрің дәулетің»	Өскелең жас ұрпаққа көнерген салт-дәстүрімізді үйретіп, қолданысқа енгізу	54, 65, 34, 10, 80 мектептері
19	«TULPAR»	Этникалық киіз үй лагері оқушыларға Қазақстан халқының әдет ғұрыптар мен салт дәстүрлерін, байырғы тұрмыс-тіршілігін қоршаған ортамен ұштастыра таныту	Жас саяхатшылар орталығы
20	«Күмбірлеген домбыра үні»	Қалалық домбыра байқауы Өскелең ұрпақтың бойына рухани құндылықтарды дәріптеу, ұлттық аспаптарды насихаттау	№1 Балалар музыка мектебі
21	«Туған жерім, қасиетті мекенім»	Оқушыларға көркемдік-шығармашылық ойын қалыптастыру, ұлттық мақтаныш сезімін ояту, эстетикалық талғамын ұштау	78 мектеп
22	«Ұлттық қолөнер-тәрбие көзі»	Тоқыма, сүйек өңдеуден шеберлік-класс ашу арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу	78 мектеп
23	«Ата көрген оқ жонар, Ана көрген тон пішер»	Ата-аналар арасында интеллектуалдық сайыс. Мектеп - отбасы - бала қарым - қатынастың тиімді модельдерін іздестіру	78 мектеп
24	«Ұрпақтан ұрпаққа»	Даланың ұлы тарихи тұлғаларының өмірі мен мұраларын зерттеу және насихаттау	«Астана Дарыны»
25	«Түркі әлемінің өнері»	Түркі мәдениетін, түркі тілдес елдердің мәдениетін зерделеу	78 мектеп
26	«Өркендеу»	Жас ұрпақтың бойына ұлттық тәрбиені сіндіре отырып, біліммен қаруландыру	40, 51, 52, 54, 56, 64, 67, 68, 79 мектептер
27	«Отаны бірдің - рухы бір»	Жастарды, әлеуметтік серіктестерді еріктілер ретінде қайырымдылық шараларға жұмылдыра отырып, азаматтық ұстанымдары мен әлеуметтік белсенділіктерін қалыптастыру	Техникалық шығармашылық орталығы

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Берік отбасылық құндылықтар арқылы ғана мемлекеттің іргесі мығым, ғұмыры мәңгі болады», – деген сөзін басшылыққа ала отырып **Республикалық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы, «Nur Otan» партиясы жанындағы «Jas Otan» Жастар қанаты, «Алдаспан» батырлар қорымен** және басқа да мүдделі тараптармен бірлесіп, жас ұрпақтың бойында адамгершілік, ұлттық дәстүрге негізделген ізгі қасиеттерді, имандылықты және патриотизмді қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жүргізіп келеді. Осындай бірлескен жұмыстарының бірі – жас ұрпақтың бойында ұлттық, оның ішінде отбасы құндылықтарын қалыптастыру мен дамытуға бағытталған «Өркендеу» пилоттық жобасы.

Бұл жоба Алматы қаласында Қ.А. Яссауи атындағы №123 мектеп-гимназиясында, М.Әуезов атындағы №128 ЖББМ, М.Базарбаев атындағы №138 мектеп-гимназиясында, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қ.Орымбетов атындағы орта мектебінде және Нұр-Сұлтан қаласындағы 9 мектепте жұмыс жүргізіп келеді.

«Өркендеу» жобасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негізінде және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 29 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көзделген «Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету» жөніндегі 1.6. - міндетін жүзеге асыру шеңберінде жүргізіледі.

#### **«Өркендеу» жобасының мақсаты:**

– кемеңгер Абайдың «толық адам» тұлғасына сай ұлттық дүниетанымы жаңғырған, жаңарған, жаңа өмірге бейім ұрпақ тәрбиелеу;

– мектептерде класс жетекші, оқушы, ата-ананың үштік одағын құрып, білім алушылардың ұлттық отбасылық құндылықтарға оң бағдарын қалыптастыру.

– «Қашықтықтан оқыту» технологиясын үштік одақта тиімді қолдану.

#### **Міндеттері:**

– мектептерде білім алушылардың отбасылық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған дәстүрлі тәрбие (ата, әже, әке, ана, аға, жеңге) мектептерін құру;

– класс бойынша «Жас ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысын арнайы 7 тәрбие бағыты бойынша жүзеге асыру;

– тәрбие бағдарламасы бойынша жүргізілген жұмыстарды қорытындылап, нәтижелерін жинақтау;

– мектептердің тәрбие жүйесін насихаттау, тәжірибе алмасу мақсатында оқу-әдістемелік құралдар шығару.

Класс жетекші, оқушы, ата-ананың үштік одағы – білім алушылардың ұлттық отбасылық құндылықтарын қалыптастырады.

**Нәтижесі:**

– сандық технология және салт-дәстүрге жүйрік, шежіреге жетік, туыстық атауларды білетін, бауырмал, инабатты, иманды, арлы, адал, ұлттық рухы биік ұрпақ тәрбиеленеді.

**«Өркендеу» пилоттық жобасының әдістемелік нұсқаулығы**

Білім берудегі тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары, мектепұланбасы, тәлімгер, класс жетекшілер бірлестігінің жетекшісі «Өркендеу» жобасын жүзеге асыру бойынша әдістемелік нұсқаулықты зерделеп оқып, танысады.

Тәлімгер барлық кластағы топбасшыларға, кластағы оқушыларға түсіндіреді. Класс жетекшілері кластағы оқушылардың ата-аналарын хабардар етеді. Оқушы, ұстаз, ата-аналардың барлығы танысып болған соң, жұмысқа бір кісідей жұмылады.

Оқу жылы аяғына дейін жүргізілген жұмыстарды қорытындылап, нәтижелерін жинақтау, тәжірибе алмасу мақсатында оқу-әдістемелік құралдар шығару үшін «Өркендеу» жобасының жұмысшы тобы құрылды. «Өркендеу» жобасының жұмысшы тобы мүшелеріне 9 адам қабылданды.

Мектеп бойынша мектепұланбасы мен тәлімгер тоқсан сайын **«Мектептің рухани жаңғыру жетістігі»** қабырға газетін шығарып отырады.

Класс бойынша ата-ана, оқушы және класс жетекшісі үштік одағының жұмысы 3 бөлімді қамтиды:

1.«Өркендеу» ұлттық тәрбие мектептерінің (ата, әже, әке, ана, аға, жеңге) класс деңгейіндегі жұмысына директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жауапты.

2.«Жас ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы көшбасшыларының 7 бағытының класс деңгейіндегі жұмысына тәлімгер жауапты.

3.Класс жетекші жұмысына Жетекшілер бірлестігі жауапты.

**1-БӨЛІМ. «Өркендеу» ұлттық тәрбие мектептерінің (ата,әже, әке, ана, аға, жеңге) класс деңгейіндегі жұмысы**

Барлық класта оқушылар ата-аналармен бірлесіп «Өркендеу» ұлттық тәрбие мектептерін (*«Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебі», «Аға мектебі», «Жеңге мектебі»*) ашады. Класта ата-аналардан «Өркендеу» мектебінің 6 жетекшілерін сайлайды. Олар бойға жиған тәжірибесін өзінің баласы, інісі, қайынсіңлісі, қайнысы, немерелері оқитын кластағы балаларға үйрететін қоғамға танылған ата-аналарды, үлгілі зейнеткер ата-әжелерді, кәсіпкер аға-жеңгелерді т.б. жобаны іске асыруға жұмылдырады.

Жүректен сөйлеген шын сөзімен адамның бойын жылытып, денесіне қан жүгіртіп, көңілдің кірбеңінен тазартатын, жүректегі иманын арттырып, рухани азық бере алатын адамдарға ұқсас, мектеп бойынша мұғалімдерден, ата-аналардан және оқушылардан сайланған «Әділ билер» кеңесі мүшелері мектептегі тәртіпке жауапты.

Жетекшілер бірлестігі берілген 6 тақырып бойынша бейнебаянның 6 сценарийі мен 6 тәрбие сағатының жазбаша нұсқасын жазады. Директор бекіткен соң, барлық кластардың класс жетекшілеріне таратып береді. Бейнебаян мен тәрбие сағатының тақырыбы ортақ. *(Жас ерекшелігіне байланысты бастауышқа(1-4класс) ертегі т.б. жеңіл тақырыптарды Жетекшілер бірлестігі таңдайды.)*

«Өркендеу» ұлттық тәрбие мектептері бойынша белгіленген 6 тақырып:

- 1.«Ұрпақ тазалығы мен қан тазалығын сақтау» («Ата мектебі»);
- 2.«Бабалар мұрасы – ұрпаққа аманат» («Әке мектебі»);
- 3.«Әке – отбасы тірегі («Аға мектебі»);
- 4.«Қыз тәрбиесі – ұлт болашағы» («Әже мектебі»);
- 5.«Шебердің қолы ортақ» («Ана мектебі»);
- 6.«Қазіргі қазақ қыздары қандай болуы керек?» («Жеңге мектебі»)

### **1.«Ата мектебі»**

Класс бойынша «Ата мектебі» жетекшісі мен «Ата мектебі» жұмысын жүргізуші оқушы жасұландықтардың «Руханият» бағытының көшбасшысына ақыл-кеңес береді. Жеті ата шежіресін үйретеді. Әр класта ата мен әкелерден сайланған «Әділ билер» кеңесінің мүшелері арқылы қоғамдағы озық салт-дәстүр мен имандылыққа жат әрекеттерге (жат ағымдардан сақтануға.) жаман әдеттерге(арақ ішуге, темекі тартуға т.б.) қатаң және шұғыл тыйым салады.

Класс жетекші әр балаға 7 атасын жаттауға, ата-бабаларының ішінен шыққан батырлардың ерлігі, шешендердің билігі туралы зерттеп, әңгіме дайындауға тапсырма береді. Оқушылар өз ата-бабаларының батырлары мен билері туралы әңгімелейді. Ашық тәрбие сағатына «Әділ билер» кеңесінің ата-аналардан сайланған мүшесі де қатысып, жаман әдеттерден сақтану жолдарын айтады.

- 1.«Ұрпақ тазалығы мен қан тазалығын сақтау»

Аталармен кездесу тәрбие сағатын фото мен бейнебаянға түсіру *(сценарийді класс жетекшісі береді).*

- 2.«Ұрпақ тазалығы мен қан тазалығын сақтау» тақырыбының жазбаша нұсқасы бойынша Ата мектебінің жетекшісі мен класс жетекшісі бірігіп тәрбие сағатын өткізеді.

### **2.«Әке мектебі»**

Класс бойынша «Әке мектебі» жетекшісі мен «Әке мектебі» жұмысын жүргізуші оқушы «Зерде» бағытының көшбасшысына ақыл-кеңес береді. «Әке мектебі» бойынша балаларды ұл, қыз деп бөлмей көркем мінезді, білімді, жан-жақты ой-өрісі кең, елім, жерім дейтін отаншыл, иманы күшті адам етіп тәрбиелейді.

- 1.«Бабалар мұрасы – ұрпаққа аманат» фото және бейнебаянға түсіру, *(Сценарийін класс жетекшісі береді).*

- 2.«Бабалар мұрасы – ұрпаққа аманат» тақырыбында «Әке мектебінің» жетекшісі мен класс жетекшісі бірігіп тәрбие сағатын өткізеді.

### **3.«Аға мектебі»**

Класс бойынша «Аға мектебі» жетекшісі мен «Аға мектебі» жұмысын жүргізуші «Зерде», «Салауат» бағыттарының көшбасшыларына ақыл-кеңес береді. Білім алушылардың отбасылық құндылықтарын қалыптастыру үшін отбасында атасы, әжесі, әкесі, шешесі, ағасы, жеңгесі барлығы бірге тұратын толық отбасы таңдалып алынады. Таңдалып алынған өнегелі отбасы мүшелері («Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебі», «Аға мектебі», «Жеңге мектебі») бойынша отбасылық тәрбие көрсетіліп бейнебаянға түсіріледі, презентацияға ұсынылады. Класс жетекшімен бірге Тәрбие сағатын (слайд жасап) класта өткізеді. Бейнебаян пен тәрбие сағатының тақырыбы ортақ. «Аға мектебі» басшылығымен «Абай жолы» эпопеясын класта ата-ана, оқушы, класс жетекші болып жабыла оқиды. Мұхтар Әуезов бұл туындысында оқырманға қаймағы бұзыла қоймаған қазақ халқының өмір сүру салтын, діні мен ділін, қоғамның рухын ашық баяндайды. (Таңдалып алынған толық отбасында атасы: 7 атасын, олардың тарихын үйретеді; Әжесі: Абайдың Зере әжесіндей ертегі айтып береді, батырлар жырын жаттады; Әкесі: «Абай жолы» эпопеясын балаларына оқытып, Әке Құнанбайдың дана Абайды тәрбиелеудегі үлгісін басшылыққа алып, балаларды ұл, қыз деп бөлмей, отаншыл, күшті адам етіп тәрбиелейді; Шешесі: Абайды дәретпен емізген Ұлжан анадай, отбасының иесі, лидер етіп Әкені көрсетеді, отбасы мүшелері ӘКЕГЕ БАҒЫНАДЫ. Қызының ашық-шашық жүрмеуін қадағалайды; Жеңгесі: қайын сіңлісіне бір әулеттің келіні болатынын ұғындырады. Ағасы: Қыз балаларды көздің қарашығындай қорғауды мойнына алады.(Нағашы туыстары мен қайын жұртын қосуға болады).

Ұлттық озық салт-дәстүрді дәріптеу мақсатында үлгі ретінде қойылым «Өркендеу» қалалық семинарда (мәжіліс залында) және Наурыз мерекесінде халыққа көрсетіледі.

1.«Әке – отбасы тірегі», «Абай жолы» эпопеясындағы Әке рөлінің көрініс табуы»

Фото және бейнебаянға түсіру (Сценарийін класс жетекшісі береді).

2. «Абай жолы» эпопеясында Әке рөлінің көрініс табуы» тақырыбында «Аға мектебінің» жетекшісі мен класс жетекшісі бірігіп, тәрбие сағатын өткізеді.

### **4.«Әже мектебі»**

Класс бойынша «Әже мектебі» жетекшісі мен «Әже мектебі» жұмысын жүргізуші оқушы жасұландықтардың «Отан» бағыты көшбасшысына ақыл-кеңес береді. Аналарға отбасының ұйтқысы екендігін түсіндіріп, әулеттік тәрбие береді. «Ақ әже» кеңесі баланы ана тілі – мемлекеттік тілде оқыту насихатын жүргізіп, немерелеріне ертегілер оқытып, батырлар жырын жаттатады. Ертеңгі өмірдің баянды да бақытты болуын қалаған әрбір ата-ана ұстазға құрмет көрсетуді баласының құлағына құйып отырады.

1.«Қыз тәрбиесі – ұлт болашағы»

Фото және бейнебаянға түсіру, (Сценарийін класс жетекшісі береді).

2.«Қыз тәрбиесі – ұлт болашағы» тақырыбында «Әже мектебінің» жетекшісі мен класс жетекшісі бірігіп тәрбие сағатын өткізеді.

### **5.«Ана мектебі»**

Класс бойынша «Ана мектебі» жетекшісі мен «Ана мектебі» жұмысын жүргізуші оқушы «Еңбек» бағытының көшбасшысына ақыл-кеңес береді. Отбасының иесі Әкені баласына Алатаудай биік етіп көрсетеді. Қызына ашық-шашық жүрмеуді, кісіге тіке қарамауды, қыдырмауды, албаты күлмеуді жалықпай айтады. Ісмерлікті, кісі сыйлап қонақ күтуді, астың бабы, дастарханның мәзірін үйретеді.

1.«Шебердің қолы ортақ» (қойылым) Фото және бейнебаянға түсіру, (Сценарийін класс жетекшісі береді)

2.«Шебердің қолы ортақ» тақырыбында «Ана мектебінің» жетекшісі мен класс жетекшісі бірігіп тәрбие сағатын өткізеді.

### **6.«Жеңге мектебі»**

Класс бойынша «Жеңге мектебі» жетекшісі мен «Жеңге мектебі» жұмысын жүргізуші оқушы «Экология» бағытының көшбасшысына ақыл-кеңес береді. Жеңгесі қайын сіңлісін сырлас дос тұтып, болашақ өмірлік қосағын айқындауға, орнықты отбасын құруға пайдалы кеңестер береді. Келешекте бір әулеттің келіні болатынын ұғындырып, көркем мінезді болуға баулиды.

1.«Қазіргі қазақ қыздары қандай болуы керек?»

Фото және бейнебаянға түсіру (Сценарийін класс жетекшісі береді).

2.«Қазіргі қазақ қыздары қандай болуы керек?» тақырыбында «Жеңге мектебінің» жетекшісі мен класс жетекшісі бірігіп тәрбие сағатын өткізеді.

#### **ҚОРЫТЫНДЫ:**

«Әділ билер» кеңесінің мүшелері әділ қазылық жүргізіп 1 – орын, 2 – орын, 3 – орынға лайықты үш жеңімпаз класты анықтайды.

Оқу жылы соңында 1 – орын, 2 – орын, 3 – орынға лайықты үш жеңімпаз кластағы «Өркендеу» ұлттық тәрбие мектептерінің 18 жетекшілері, 3класс жетекшісі, ата-аналарынан сайланған «Әділ билер» кеңесінің мүшелері, Алғыс хаттарымен және класс ұжымы «Жас Отан» Жастар қанатының 1,2,3 – дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

1 – орын имденген «Өркендеу» ұлттық тәрбие мектептерінің жетекшілері берілген 6 тақырып бойынша 6 бейнебаянды (сценарийімен) және 6 тәрбие сағатының жазбаша нұсқасын (слайдымен) қосып «Мектептегі рухани жаңғырудың жемісі» атты оқу-әдістемелік кітапшаға мектеп бойынша жауапты қазақ тілі мұғаліміне тапсырады. (25 мамырға дейін «Өркендеу» жобасы класс бойынша жүргізіле береді.)

**2-БӨЛІМ. «Жас ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы көшбасшыларының 7 бағытының класс деңгейіндегі жұмысы**

Оқушылардан сайланған көшбасшылардың класс деңгейіндегі жұмысына тәлімгер мен мектепұланбасы жауапты.

Мектеп бойынша оқушылардан сайланған 7 бағыт көшбасшылары барлық сыныптардағы «Руханият» бағыты, «Отан» бағыты, «Зерде» бағыты, «Жеті жарғы бағыты, «Еңбек» бағыты, «Салауат» бағыты, «Экоәлем» бағыты жұмыстарына басшылық жасайды. Оқушы көшбасшылардың класс деңгейіндегі жұмысы әр класста оқу жылы соңына дейін жүргізіліп, нәтижесі анықталады.

Жетекшілер бірлестігі жеті тақырып бойынша мақаланың жазбаша нұсқасы мен 7 бейнебаянның сценарийін жазады. Директор бекіткен соң, барлық класстардың топбасшыларына таратып береді.

Арнайы белгіленген 7 тақырып:

- 1.«Жеті атасын білген ұл, Жеті жұрттың қамын жер» – «Руханият» бағыты;
- 2.«Алпамыс батыр» жырын жаттау – «Отан» бағыты;
- 3.«Класс бойынша қазақ тілі, тарих, математика пәндерінен білім сайысын өткізу – «Зерде» бағыты;
- 4.«Тура биде туған жоқ» («Әділ билер» кеңесі арқылы дау-дамайды сотқа жеткізбей реттеу) – «Жеті жарғы» бағыты;
- 5.«Шебердің қолы ортақ» (Ұлттық қолөнер байқауы) – «Еңбек» бағыты;
- 6.Интеллектуалды ойын «Алтын сақа» – «Салауат» бағыты;
- 7.«Қоршаған ортаны қорғау, мектеп ауласын таза ұстау» – «Экоәлем» бағыты;

Топбасшы класта сценарий бойынша бейнебаянға түсіріп, презентацияға дайындалады. Топбасшы өз класында берілген тақырыпта өзін-өзі басқару бойынша класс сағатын (слайд жасап) өткізеді(*Бейнебаян мен Тәрбие сағатының тақырыбы ортақ*).

Мектепұланбасы барлық класстарда топбасшылардың Рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негізінде әзірленген «Өркендеу» жобасының жұмыстарына көмектеседі.

Класс бойынша оқушылардан сайланған «Әділ билер» кеңесі мүшелері класс тәртібіне жауапты.

Топбасшы тоқсан сайын «**Кластағы рухани жаңғыру жетістігі**» атты қабырға газетін шығарады.

### **1.«Руханият» бағыты**

«Руханият» бағыты көшбасшысы «Жеті ата» шежіресін үйренеді, ұрпақтар сабақтастығын сақтау үшін батыр бабаларының, би-шешен аталарының тарихын зерттеп, «Алдаспан» журналында жариялайды(**Индекс75617**). Ата-аналармен бірлесіп «Өркендеу» жобасының жұмысын (кездесу, дөңгелек үстел т.б.) жүргізеді. Жоспарлы түрде имандылық сабақтарын (пікірталас, әңгіме т.б.) жүргізу арқылы өзін-өзі жетілдіріп, суицидтің алдын алады, өз-өздеріне мотивация мен рухани азық жинайды.

- 1.«Жеті атасын білген ұл, Жеті жұрттың қамын жер»

Фото және бейнебаянға түсіру, (Сценарийін топбасшысы береді).

- 2.«Жеті атасын білген ұл, Жеті жұрттың қамын жер» тақырыбында топбасшы дайындалып келген оқушылармен класс сағатын өткізеді.

### **2.«Отан» бағыты**



«Отан» бағыты көшбасшысы «Батыр бабалардан өнеге» атты батырлар жырын жаттатудан жарыстар өткізеді. Ел қорғаған ұлт батырларының, халық қаһармандарының, отаншыл қайраткерлердің, алаш арыстарының т. б. ерлігін өнеге етеді.

«Алпамыс батыр» жырын жаттау.

1. Бейнебаянға түсіріп, Инстаграм әлеуметтік желісінде #Жасұланұйымы, #Өркендеужобасы, #Батырларжыры хэштегтерімен жариялау.
2. «Туған өлке батырлары» тақырыбында жазылған үздік шығарма жұмысын «Отан» бағытының көшбасшысы «Алдаспан» журналына жариялауға жібереді.

### **3.«Зерде» бағыты**

«Зерде» бағыты көшбасшысы «Шешендік өнер» және «Қазақша жыл қайыру» сайысын өткізеді.

Класта қазақ тілі, тарих, математика пәндерінен білім сайысын өткізуге және мектепшілік, қалалық, республикалық олимпиадаларға, білім фестиваліне қатысуға күнделікті дайындалады.

«Аға мектебі» жетекшісі жас түлектерді бейімділігіне қарай мамандық таңдауына және компьютерлік, цифрлық сауаттылықты игеруіне, дамытуына көмектеседі.

Студенттердің еріктілер тобы (волонтерлер) дарындыларды дүниежүзілік олимпиадаларға дайындайды. Үздік оқитын белсенді «Жас ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының мүшесі үлгерімі төмен оқушылардың үй тапсырмаларын орындауына көмектеседі, бастауыш класс оқушыларына жан-жақты ағалық көмегін көрсетеді.

1. Класс бойынша қазақ тілі, тарих, математика пәндерінен білім сайысын өткізу,

Фото және бейнебаянға түсіру, (Сценарийін топбасшысы береді).

2. Класс бойынша өткізілген білім сайысының жазбаша нұсқасын «Зерде» бағытының көшбасшысы «Алдаспан» журналына жариялауға жібереді.

### **4.«Жеті жарғы» бағыты**

«Жеті жарғы» бағыты көшбасшысы құқықтық сауаттылықты арттырады. «Әділ билер» кеңесі арқылы қарттар үйі мен балалар үйінің санын азайту. Қыз баланы ел намысындай қорғау. Республикалық ардагерлер кеңесі, Қамқоршылар кеңесі, Әйелдер-қыздар секторымен бірлесіп сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін кездесулер өткізу, адам және оқушы құқықтарын білу. Кластағы оқушылардың тәртіп мен білімге жауапкершілігін талап ету, қадағалау. Ұстаздардың мәртебесін көтеріп, әлсізге әлімжеттік жасауға тыйым салу.

1.«Тура биде туған жоқ» («Әділ билер» кеңесі арқылы дау-дамайды сотқа жеткізбей реттеу»),

1. Фото және бейнебаянға түсіру, (Сценарийін топбасшысы береді).

2. «Тура биде туған жоқ» тақырыбында өткізілген класс сағатының жазбаша нұсқасын «Жеті Жарғы» бағытының көшбасшысы «Алдаспан» журналына жариялауға жібереді.

## 5.«Еңбек» бағыты

«Еңбек» бағыты көшбасшысы ұлттық қолөнерді, тағамды, киімді насихаттауды үлгі етеді.

Алаш баласы анасын айырықша ардақтаған. Бала үйде ата-анасына көмектесіп, жастайынан еңбекке, үй шаруасына бейімделіп, жауапкершілікті сезінген. Анасы баласына «жаман болады», «ұят болады», «обал болады» деген тыйым сөздердің мағынасын түсіндіреді.

1.«Шебердің қолы ортақ» (Ұлттық қолөнер байқауы).

Фото және бейнебаянға түсіру, (Сценарийін топбасшысы береді).

2.«Шебердің қолы ортақ»(Ұлттық қолөнер байқауы тақырыбында өткізілген класс сағатының жазбаша нұсқасын «Еңбек» бағытының көшбасшысы «Алдаспан» журналына жариялауға жібереді(Индекс75617).

## 6. «Салауат» бағыты

«Салауат» бағыты көшбасшысы денсаулық сақтауды, дұрыс тамақтануды, ұлттық спортты дамытуды және этносаралық толеранттылықты нығайтуды жүзеге асырады.

1.Интеллектуалды ойын «Алтын сақа»

Фото және бейнебаянға түсіру, (Сценарийін топбасшысы береді).

2.Жазбаша нұсқасын «Алдаспан» журналына жариялауға жібереді.

## 7.«Экоәлем» бағыты»

«Экоәлем» бағыты көшбасшысы аулада ағаш отырғызуға, қоршаған ортаны қорғауға, табиғатты аялауға, ауланы, мектепті, ауылды, қаланы таза ұстауға, жасылдандыруға аянбай үлес қосуға жетекшілік етеді. Туған өлке тарихын зерттеп, эссе жазады.

1.«Қоршаған ортаны қорғау, мектеп ауласын таза ұстау» сенбілік өткізу.

Фото және бейнебаянға түсіру, (Сценарийін топбасшысы береді).

2.Туған өлке экологиясы туралы жазылған үздік шығарма жұмысын «Экоәлем» бағытының көшбасшысы «Алдаспан» журналына жариялауға жібереді (Индекс75617).

### **ҚОРЫТЫНДЫ:**

Әр класс топбасшысы өз класында тәлімгер және мектепұланбасының ұйымдастыруымен «Өркендеу» презентациясын өткізеді.

«Әділ билер» кеңесінің мүшелері әділ қазылық жүргізіп 1 – орын, 2 – орын, 3 – орынға лайықты үш жеңімпаз класты анықтайды.

Оқу жылы соңында 1 – орын, 2 – орын, 3 – орынға лайықты үш жеңімпаз кластағы 3 топбасшыны, 3 класс жетекшілерін Алғыс хаттарымен және **3 класс ұжымын «Жас ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының 1, 2, 3 – дәрежелі дипломдарымен марапаттайды.**

1 – орын, иемденген көшбасшылар 7 бейнебаянды (сценарийімен) және 7 тәрбие сағатының жазбаша нұсқасын (слайдымен) қосып, сауалнама жүргізіп,

талдау жасап, т.б. жұмыстарын біріктіріп қосады да **«Мектептегі рухани жаңғырудың жемісі»** атты шығатын оқу-әдістемелік кітапшаға мектеп бойынша жауапты қазақ тілі мұғаліміне тапсырады.

### **3-БӨЛІМ. Класс жетекшінің класс деңгейіндегі жұмысы**

Жетекшілер бірлестігі класс жетекшінің класс деңгейіндегі жұмысының дұрыс жүргізілуіне жауапты (*«Өркендеу» жобасының жұмысы әр класста оқу жылы аяғына дейін жүргізіліп, нәтижесі қорытындыланады*).

Класс жетекшісі:

1.«Өркендеу» ұлттық тәрбие мектептерінің (ата, әже, әке, ана, аға, жеңге) класс деңгейіндегі жұмысына көмектеседі;

2. Оқушылардан сайланған көшбасшылардың класс деңгейіндегі жұмысына жетекшілік етеді;

3.«Мінсіз класс моделі» презентациясын өткізеді;

4.Класс жетекші тәрбие сағаттары мен ашық сабақта өткізілетін тақырыптарды класс жоспарына кіргізеді: «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге», «Сәлем – сөздің анасы», «Ата-ананы құрметтеу», «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет», «Ибалы қыз», «Мейірімді әке», «Ата пейілі», «Ақ әже», т), «Ұстаз ұлағаты», «Отбасындағы әке беделі», «Туысқандық қарым-қатынас» т.б. Класс сағаты арқылы ұлттық салт-дәстүрлер дәріптеледі.

Класс жетекшісі, оқушылары, ата-аналары үштік одақ болып, белсенділікпен «Өркендеу» жобасын жүзеге асырып, ағымдағы оқу жылы аяқталғанда жұмыс нәтижесі бойынша **«Класстағы рухани жаңғырудың жемісі»** атты оқу-әдістемелік кітапшаға енгізу үшін:

1-бөліміне ата-аналардан сайланған 6 ұлттық мектеп жетекшілері («Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебі», «Аға мектебі», «Жеңге мектебі») жұмысын;

2-бөліміне оқушылардан сайланған көшбасшылардың класс деңгейіндегі жұмысын;

3-бөліміне класс жетекшісі жұмысын дайындап рухани жаңғыруды жүзеге асырудағы жұмыстарының жетістіктерін, сауалнама нәтижесін, шығармашылық еңбектерін, мақалаларын жинақтап, кітапшаға жауапты кластағы қазақ тілі мұғаліміне тапсырады.

#### **ҚОРЫТЫНДЫ:**

«Әділ билер» кеңесінің мүшелері әділ қазылық жүргізіп 1 – орын, 2 – орын, 3 – орынға лайықты үш жеңімпаз класс жетекшіні анықтайды.

Оқу жылы соңында 1 – орын, 2 – орын, 3 – орынға лайықты (барлық класс жетекшілері ішінен) үш жеңімпаз класстың 3 класс жетекшісі және мектеп басшысы мен 2 орынбасары, Жетекшілер бірлестігінен 2 адам **«Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі басшысы мен Білім басқармасы атынан Алғыс хаттарымен марапатталады.**

1 – орын, иемденген класс жетекші жұмыстарын **«Мектептегі рухани жаңғырудың жемісі»** атты шығатын оқу-әдістемелік кітапшаға енгізу үшін, мектеп бойынша жауапты қазақ тілі мұғаліміне тапсырады.

Бұл жоба бойынша түрлі тренингтер, семинарлар, онлайн-шеберлік сағаттары өткізіліп келеді. Бұл іс-шараларға ата-аналар онлайн режимде тікелей қатысып отырады. Сабақтың көркемдігін, мазмұнын, шынайылығын арттырып, балалардың қызығушылығын оятуда «қашықтықтан оқыту» технологиясының пайдасы орасан зор деп санаймыз. Сонымен қатар мектептердің есеп беру жұмыстары да осы технология бойынша жүргізіледі. Осы технология арқылы мектептерде Жобаны жүргізетін ұстаздар шеберліктерімен бөліседі, бағыттарын айқындайды.

Жоба бойынша материалдар қосымшада берілген. (Қосымша 2).

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы аға тәлімгер мен класс жетекшінің бірлесіп сабақтан тыс жұмыстар арқылы отбасылық құндылықтарды қалыптастыра алады. Бұл әдіс ауысым алдында немесе салтанатты сап түзеу сәттерін де жүргізіледі. Ең бастысы мектеп жалпы қатысып, классаралық бәсеке туындауы тиіс. Бұл жұмысты аға тәлімгер, класстағы «Жас ұлан» ұйымының белсенділері, класс жетекшілері тартылады (9-кесте). Алдымен әрбір классқа құндылықтар беріледі.

Клас с	Құндылықтар	Класс жетекші	Аға тәлімгер
1	Ынтымақтастық, достық, бауырмалдық	<b>Ауысым алдында</b>	<b>Салтанатты сап түзеуде</b>
2	Сүйіспеншілік. Отанға, адамдарға, отбасыға, табиғатқа, достарға, білімге		
3	Отанға, ата-анаға, үлкендерге, өзіңе, табиғатқа, өзгелерге деген құрмет		
4	Әдептілік. Үйде, мектепте, қонақта, қалада, асханада, көшеде.		
5	Жомарттық, қайырымдылық, кішіпейілділік, қанағат, рақым, қамқорлық		
6	Әділдік, шыншылдық, ақиқат		
7	Адалдық. Қоғамға, досқа, мамандыққа		
8	Денсаулық, тән, жан, табиғат, қоғам тазалығы		
9	Еңбекқорлық, төзімділік, табандылық		
10	Азаттық, Тәуелсіздік, бостандық		
11	Батылдық, жаниқярлық, ерлік, Отан қорғау		

9-кесте – Құндылықтармен мектепшілік жұмыс.

Әрбір класс осы құндылыққа сәйкес тақпақ таңдап оны белсенді оқушының көмегімен жаттайды (10-кесте).

Біз әдепті баламыз, Айтқан тілі аламыз. Үлкендерге жол беріп, Біз ақылды боламыз.	1-сынып.
2-сынып	Атам менің әманда

	<p>Әдепті жан бол деген.  Асыл сөзі санамда –  Жасы үлкенге жол берем.  Алдын орап кішінің,  Кесіп өтпей көлденең,  Ізетімен кішінің  Сәлемдесіп, қол берем</p>
<p>Атам менің әманда  Бол дейтұғын тілалғыш.  Асыл сөзі санамда –  Алып жүрмін кіл алғыс.  Үлкеннің де кішінің  Айтқан тілін аламын.  Істеп бәрін ісінің,  Көңілдерін табамын.</p>	3-сынып
4-сынып	<p>Атам менің әманда  Әділетті бол деген.  Асыл сөзі санамда –  Жүрем әділ жолменен.  Қалдыратын ұятқа  Жалған сөзге төзбеймін.  Жеткізетін мұратқа  Тек шындықты көздеймін</p>
<p>Атам менің әманда  Бол дейтұғын бауырмал.  Мынау байтақ ғаламда  Қаншама дос, бауыр бар.  Ақ, сары деп, қара деп,  Бөлуінді білмеймін.  Жаралған сол бала боп,  Барлығың да бір деймін.</p>	5-сынып
6-сынып	<p>Жасұланды ел танысын,  Көтеріңдер оң қолды! (оң қолдарын  көтереді)  Мың алғысқа дайынсың сен,  Көтерейік сол қолды! (сол қолдарын  көтереді)  Көрсін әлем, есті әлем,  Өскелең елдің Жасұланын! (шапалақ)</p>
<p>Қазағымның жерін, елін  қорғайтын  Жас жеткіншек ұланы бар елі бар  Міне осындай егеменді еліміз  Кең жазира ұлан байтақ жеріміз</p>	7 класс

Туған елін жерін сүйетін Біз қазақтың ұланымыз еріміз	
8 класс	Мен қазақпын, ұланымын елімнің, Мен қазақпын, тірегімнің жерімнің Ұланымның туын көкке көтерген, Ертеңімін Егеменді елімнің
<b>Ж</b> – жастық жігері жалындаған <b>А</b> – айбынды армандары асқақтап <b>С</b> – салауаттылықты саналарына серік етіп, самұрықтай самғаған <b>Ұ</b> – ұлардай ұзаққа ұшуға ұмтылып, <b>Л</b> – лағылдай лапылдап лаулаған <b>А</b> – ар менен абыройды адал ақтап <b>Н</b> – намысты, нар мінез нағыз – <b>жасұландармыз біз!</b>	9-сынып
10-сынып	Тамырсыздың басы қайда қалмаған?! Төрт анасын сыйламаған халықтың Ешқашанда бақ жұлдызы жанбаған. Қасиетті бұл төрт ана-тағдырыңның тынысы, Төрт ана үшін болған күрес - күрестердің ұлысы.
Ұлы дала – ұлылардың даласы, Өмір сүрген даналардың данасы. Ағайынды алты Алаштың баласы Алтай менен Атыраудың арасы	11-сынып

10-кесте – Класс бойынша берілетін тақпақтар үлгісі.

Бұл тақпақты білім алушылар сап түзеу сәтінде күнделікті жаппай жатқа айтып тұрады. Нәтижесінде санасында берік ұялайды. Бұл тақпақтар үлгі ретінде берілді, оны әр тоқсанда ауыстыруға болады. Осындай әдіспен, құндылықтарды әрбір тоқсанда өзгертіп отыруға болады. Бір класс оқу жылында 4 құндылықты жаттаған болса, 11 жылда кемінде 30 құндылықты санасына тоқып шығады.

Қоғамның негізін қалайтын отбасы болғандықтан, жастар мен балалар тәрбиесіне әкенің үлесін күшейтуді уақыт талап етіп отыр. Абыройлы міндетті атқаратын «Өркендеу» пилоттық жобасынан басқа да ұйымдар бар. Бұл ұйымдар мемелкеттік емес ұйымдар қатарында. Білім беру ұйымдарымен бірлесе отырып отбасылық тәрбие мәселесін жүзеге асырады.

**«Әкелер кеңесі».** Жастар мен балалар тәрбиесіне әкенің үлесін күшейту мақсатындағы еліміздегі жалпы білім беретін орта мектептерде «Әкелер кеңесі»

ұйымдастырлған. Әкелер кеңесі қызметі Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативті-құқықтық актілерімен іске асады [43]. (Қосымша 3).

**«Ата-аналар мектебі».** Елімізде «Әкелер мектебінен» бөлек «Ата-аналар мектебі» құрылған. Zhastar.KZ жобасы шеңберіндегі «Ата-аналар мектебі» мақсаты: ата-аналарды арнайы білім беруді қажет ететін балаларға арналған мемлекет тарапынан болатын қолдау түрлері туралы ақпарат, баланы үй жағдайында дұрыс дамыту мәселелері, отбасындағы кризистік және материалдық мәселелердің шешімдері жайлы кеңес беру болып табылады.

**Тәрбие жұмысына техникалық қызметкерлердің атсалысуы.** Бұл жұмысқа мектеп әкімшілігі бастамашыл болуы тиіс. Оның алғашқы қадамы мектеп қабырғасына техникалық қызметкерлердің суреті қойылған стенд жасаймыз. Екіншісі, мектеп директоры мен тәрбие ісінің меңгерушісі әрбір қызметкерлерді класқа ертіп әкеліп білім алушылармен таныстырғаны зор ықпалы тигізеді. Таныстыруда мәтін мазмұны мынау; – Қымбатты балалар, бұл еден жуушы Ажар апай!. Мектебіміздің жарқырап тұрғаны осы апаның еңбегінің арқасы. Ол мектепке ерте келіп, біз келгенше жарқыратып жуып қояды. Сол үшін рахмет айтып, үнемі амандасып жүретін болайық! –деп балаларға құрмет көрсетудің себебін түсіндіреді. Барлық техникалық қызметкерлер осылай таныстырылуы керек. Оқу жылының басында жүргізілетін бұл шара мектепте балаларды жалпыадамзаттық құрмет құндылығын қалыптастыруға ықпалы зор.

Мемлекет басшысы биылғы жылды **«Волонтерлер жылы»** деп жариялады. Осыған байланысты елімізде еріктілер қозғалысы кең қанат жайды. Әр түрлі іс-шаралар өткізіліп жатыр. Ата-ана мен баланың қатынасына, ынтымағына ықпал ететін шаралар ұйымдастырылуда. Осы мақсатта көптеген тәрбиенің тиімді тәсілдері жүзеге асырып келеді. Олардың қатарына жатады:

1. «Менің әкем – волонтер» еріктілер қозғалысын ұйымдастыру.
2. Мектептегі техникалық қызметкерлерді тәрбие жұмысына араластыру.

Қаңтар айында қардың қалың түсуі мен коммуналдық қызмет жұмысшыларына қолдау көрсетуге байланысты «Біз біргеміз» және «Менің әкем волонтер» қалалық челленджі бастау алды.

Аталмыш челленджге елордалық білім беру мекемелерінің ерікті әкелері мен балалары қатыса алады. Қазіргі таңда 40-тан астам білім мекемесі қайырымдылыққа бағытталған бұл челленджге қатысуға ниет білдіріп отыр. Бұл іс-шара ақпан мен сәуір айлары аралығында жүзеге асатын болады. Челленджге қатысушылар өздері жасаған бір қайырымды істі бейнекамераға түсіріп, инстаграмм ғаламтор желісіне ортақ хэштегпен салды. #Бізбіргеміз!, #МеніңӘкемВолонтер #ОтбасыТірегіӘке хэштегтерін белгілеу арқылы барлық челлендж қатысушылары белгілі болады. Бұл челленджге ел Президенті қолдау көрсетіп, алғысын айтты.

Нұр-Сұлтан қаласындағы Махамбет Өтеміс атындағы оқушылар сарайына келуші оқушылардың әкелеріне «Әкем-Құтқарушы», «Әкем-батыр»,

«Папа-продюсер, «Әкем-Отан қорғаушы» номинациялары жыл сайын табысталып тұрады. Бұл баланың әкеге деген құрметін арттыра түсетіні рас.

«**BILIM FOUNDATION**» қоғамдық қоры [44].

Жоба мектептер мен колледждерде оқитын жастарда салауатты өмір салтын қалыптастыру мен әлеуметтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

– Бұл мақсатқа жетуде жоба оқушыларға арналған мультимедиялық материалдар ұсынады және ата-аналарға маңызды ұсынымдар мен кеңестер береді;

– Психолог, жалпы тәжірибе дәрігерлері мен психиатрия саласының дәрігерлерін оқытады;

– БАҚ және құқық қорғау органдарының өкілдерімен бірігіп қызмет жасайды.

Қоғамдық қордың интернет порталында білім алушыларға, ата-аналарға, ұстаздарға арналған мультимедиялық материалдар берілген.

*Білім алушыларға.* Порталда білім алушыларға мультимедиялық материалдар берілген. Бұл материалдар жастардың өзін еркін араласу, салауатты өмір салтын ұстану және қиын жағдайларда өзін қорғау дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Сондай-ақ, берілген материалдар мамандық таңдауда да жол сілтейтін көмекші құрал бола алады.

Порталдағы мультимедиялық материалдар тақырыптары:

- Біз неге ашуланамыз?
- Жасөспірімдердің ересектерге арналған мессенджі.
- Өз көңіл күйінді қалай басқаруға болады?
- Отбасы. Отбасыңды құруға дайынсың ба?
- Ерте жүктіліктің жасырын жақтарын білесіз бе?

*Ата-аналарға.* Бұл жоба ата-аналарға балалармен жақсы қарым-қатынас орнату және балаларының бойында өмірлік маңызы бар дағдыларды дамыту үшін жаңа білім алуға көмектеседі.

Сұхбаттар, әкімшілік қолдауымен әзірленген әртүрлі тақырыптардағы бейнебаяндар орналастырылған.

- «Сіздің балаңыз үшін мамандықты кім таңдайды?»;
- «Өмір сақшылары»;
- «Балаларымызды қорғайық!»;
- «Мен бәрін жеңемін»;
- «Ұялы телефонға тәуелділік»;
- «Дабыл»;
- «Балаңды қаншалықты жақсы білесің?»;
- «Перфекционизм»;
- «Өзін-өзі бағалау»;
- «Әлеуметтік үрей»;
- «Сен агрессияны қалай жеңесің?»;
- «Буллинг», «кибербуллинг», «ашу», «кәсіптік бағдар беру», «депрессия» т.б.

Сайт беттерінде бала тәрбиесі туралы материалдар орналастырылған.



*Ұстаздарға.* Бұл бөлімде ұстаздар білім алушылардағы эмоциялық өзгерістерді дер кезінде байқап, жағымсыз салдардың алдын алуға мүмкіндік беретін материалдармен таныса алады.

Бұл материалдар жастардың өзін еркін араласу, салауатты өмір салтын ұстану және қиын жағдайларда өзін қорғау дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Сондай-ақ, берілген материалдар мамандық таңдауда да жол сілтейтін көмекші құрал бола алады.

- «Жыл отбасы» конкурсы, «Үздік отбасылық альбом» шығармашылық жұмыстар фестивалі т.б.;

- «Ұл мен қыз – ұлт намысы» диспуттар, дебаттар, әңгімелер, лекциялар;

- «Болашаққа көзқарас» білім алушының болашаққа хат жазу акциясы;

- қылмыстың алдын алу үшін «Сенім» қоғамдық қабылдау ұйымдастыру.

«Тәрбие және білім» кіші бағдарламасы бойынша республикалық «Отбасы әлемі» жобасы жолға қойылған. Нәтижесінде өңірлерде отбасылық аула клубтары ашылды. Аймақтарда «Жыл отбасы», «Тілге бай отбасы», «Шығармашыл отбасы», «Спортшы және дені сау отбасы», «Сазды жанұя», «Интеллектуальды отбасы», «Оқымысты отбасы», «Саяхатшы отбасы» конкурстары өткізіліп жеңімпаздары анықталды. Бұл конкурстар отбасы мүшелерін ынтымақ, ауызбіршілікке тәрбиелеп, өнерін шындайды.

Өмірінің жалғасы баласының керемет ғалым болмаса да, тәрбиелі, үлгілі, ақылды, кішіпейіл, бауырмал, мейірімді болып өсуін ата-ана қадағалайды. «Тәрбие басы тал бесік», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп айтылған дана сөздер текке айтылмаса керек. Баланы тәрбиелеуде ата-ананың бір-біріне деген қарым-қатынасы, қалай сөйлесетіндігі, туған-туыспен, көрші-көлеммен қалай араласатындығы, келген қонақты қалай сыйлайтыны, тіпті ұсақ-түйек болса да қалай тамақтанатыны, дастархан басындағы әдептілігі, қалай киінетіні бұның барлығы балаға әсер етеді. Бала үлкенге қарап өседі.

Қазіргі уақытта бала тәрбиесінің табысты болуы ата-аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасына, көзқарастарының және мақсаттарының бірлігіне байланысты. Ол үшін ата-аналар күнделікті өмірде балаларының мінез-құлқына, қажетті қасиеттердің қалыптасуына назар аударуды, тәрбие үрдісінде теріс қылықтарды болдырмауды ойластыруы шарт. Отбасында тәрбие ісімен айналысу үшін, ең алдымен ата-ана өз өмірін, өз ісін дұрыс ұйымдастыра білуі қажет.

Бүгінгі оқушы мемлекетіміздің ертеңгі үлкен азаматы, кәсіп иесі. Сондықтан да бала тәрбиесіне асқан жауапкершілікпен қарап, жас ұрпақты назардан тыс қалдырмаған жөн.

## Қорытынды

Жаһандану жағдайындағы елімізде қоғамдық санамыз сілкініске түсті. Тұрмысымызға дендеп енген технологиялық жаңалықтар адами капиталды арттырудың уақыт талабы екенін көрсетті. Терең білім – жарқын болашақ кепілі саналатын заманда тәрбиенің де алатын орны ерекше. Әлімсақтан данагөй бабаларымыз тәрбие мен білімнің егіз екенін ұқтырып кеткен. Әбу Насыр Әл-Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берген білім адамзаттың қас жауы» дегені тасқа басқан таңбадай мазмұнын жоғалтқан емес.

Ұсынымдаманың алғашқы бөлімінде адам баласының бойына біткен құндылықтар және оның тарихы баяндалады. Антикалық заманнан бастау алатын құндылықтар тарихы ұлы ақын Абай мен ойшыл Шәкәріммен ширатыла түседі.

«Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» дегендей дүние жүзі халықтарының бала тәрбиесін тереңнен үніліп зерделедік. Шетелдің отбасындағы бала тәрбиесін екшей отырып, әлемге ортақ құндылықтарды анықтадық.

Екінші бөлімде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар көрсетіледі. Олардан отбасылық құндылықтарға қатыстысын жеке топтастырады. Анықталған 21 отбасылық құндылықтардың қасиетіне қысқаша анықтама берілді. Ұлы Абайдың «толық адам» тұжырымын талқылап, оны қалыптастырушы құндылықтары жан-жақты ашып айтылады.

Үшінші бөлімде отбасы тәрбиесі, бала құқығы, ата-ана жауапкершілігі туралы ҚР заңдарының жекелеген баптарына тоқталады. Оқу бағдарламаларындағы пәндер бойынша отбасылық құқық, құндылықтар, бала тәрбиесін қамтыған тақырыптар көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңға сәйкес атқаратын қызметі отбасылық тәрбиені қамтитын қозғалыстар, бірлестіктер, одақтар, институт, ұйымдар тізімі беріліп, олардың қызметінен қысқаша мәліметтер берілген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен «Рухани Жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің төртінші бағыты «Отбасы тәрбиесін» жүзеге асыру механизмдерін толық орындаудың жолдары қарастырылады.

«Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп ұлы Абай сөзі өз биігінде тұр. Қосымша бөлімінде білім беру ұйымдарында отбасылық құндылықтарды қалыптастырудың тың әдіс-тәсілдері берілген.

Бұл әдістемелік ұсынымның ата-ана, мектеп және педагогтарға берері мол.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы. 12 сәуір, 2017жыл. <http://www.akorda.kz/ru>.
2. Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы. 21 қараша 2018 жыл. <http://www.akorda.kz/ru>.
3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы. 9 қаңтар, 2020 жыл <http://www.akorda.kz/ru>.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілді.
5. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқын Отбасы күнімен құттықтауы. 8 қыркүйек 2013 жыл. <http://www.akorda.kz/ru>.
6. «Рухани Жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілді.
7. Личность. Ценности. Изменяющийся мир / Под ред. Ю. Н. Кулюткина. СПб.: ИОВ РАО, 1998.
8. Ушинский К.Д. Избранные педагогические произведения. – М., Просвещение, 1968, с.371.
9. [Выготский Л.С.: Собрание сочинений. - М.: Педагогика, 1983](#)
10. Боярчук Ю.В. Воспитательная работа в японской школе //Педагогика, №8, 1999. С. 85.
11. Крнета Н. Формы обращения в японской семье. Сайт Института стран Азии и Африки при МГУ [Электронный ресурс]// URL. [http://www.komi.com/japanese/from\\_int/family.htm](http://www.komi.com/japanese/from_int/family.htm)
12. [https://knigarazuma.ru/article/yaponskoe\\_vospitanie](https://knigarazuma.ru/article/yaponskoe_vospitanie)
13. Ключарева О. Японская ячейка общества [Электронный ресурс]// URL. <http://olga-asia.ucoz.ru/publ/71-1-0-57>
14. [https://www.researchgate.net/publication/331116581\\_The\\_Character\\_Formation\\_of\\_Children\\_in\\_Japan\\_A\\_Study\\_of\\_Japanese\\_Children\\_Textbook\\_on\\_Moral\\_Education\\_Doutoku](https://www.researchgate.net/publication/331116581_The_Character_Formation_of_Children_in_Japan_A_Study_of_Japanese_Children_Textbook_on_Moral_Education_Doutoku)
15. Куликова Т. А/ Семейная педагогика и домашнее воспитание: Учебник для студ. сред. пед. учеб. заведений. - 2-е изд., испр. и доп. - М.: Издательский центр «Академия», 2000. - 232 с.
16. <https://interesnoznat.com/kak/kak-vospityvayut-detej-v-ssha.html>
17. <https://byharest.ru/chto-znachit-shvedskaya-semya-semya-v-shvecii>
18. Овчинникова С.В. Особенности обычаев и традиций в Великобритании // Молодежный научный форум: Гуманитарные науки: электр. сб. ст. по мат. XVIII междунар. студ. науч.-практ. конф. № 11(17). URL: [https://nauchforum.ru/archive/MNF\\_humanities/11\(17\)](https://nauchforum.ru/archive/MNF_humanities/11(17))
19. <https://psibook.com/sociology/traditsii-semejnogo-vospitaniya-v-kitae.html>
20. <http://voeto.ru/nuda/osobennosti-semejnogo-vospitaniya-vo-francii/main.html>
21. <https://leksii.org/14-35401.html>

22. [https://www.molomo.ru/inquiry/family\\_canada.html](https://www.molomo.ru/inquiry/family_canada.html)
23. [https://cpm.kz/ru/portal/blogs/?page=post&blog=Alimov\\_Ashat&post\\_id=](https://cpm.kz/ru/portal/blogs/?page=post&blog=Alimov_Ashat&post_id=)
24. Әлем елдеріндегі бала тәрбиесі. <https://massaget.kz/kyizdarga/shayra/38693/>
25. Психолого-педагогические основы духовно-нравственного развития личности в этнокультурном пространстве. Науч.изд/под ред. Ж.О.Жилбаева.- Астана: Фолиант,2014,-252 стр.
26. Ұлттық құндылығын сақтай алмаған елдің ертеңі не болмақ? <https://adyrna.kz/post/25632>
27. «Ұлттық салт-дәстүрлер мен халықтың менталитетін ескере отырып, отбасылық тәрбие» республикалық әдістемесі. ҰБА. Нұр-Сұлтан, 2019 ж.
28. [https://alashainasy.kz/til\\_tas\\_jarady/bzden-bayagy-i-darkandyik-kendk-ashyiktyik-degen-kasietter-ketkel-kashan-112812/](https://alashainasy.kz/til_tas_jarady/bzden-bayagy-i-darkandyik-kendk-ashyiktyik-degen-kasietter-ketkel-kashan-112812/)
29. [http://bilimdiler.kz/oyin\\_sayk/kizikti/2597-zhaksy-korshi-tynysyn.html](http://bilimdiler.kz/oyin_sayk/kizikti/2597-zhaksy-korshi-tynysyn.html) -
30. <http://www.ozin-oz-i-tanu.kz/>
31. <https://ruh.kz/kz/news/qursaq-shashu-toiynyn-mani-nede/>
32. Жеті атаңды білесің бе?. <https://sputniknews.kz/multimedia/Zheti-ata.html>
33. Қазақ баласын үш-ақ ауыз сөзбен тәрбиелеген... <http://tattialma.kz/post/view?>
34. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%B8%D0%B5>
35. kazislam.kz <https://kazislam.kz/eislam-175/?lang=ru>
36. 2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 440 б.
37. Н.Ә.Назарбаевтың 2013 жылы 8 қыркүйекте алғаш рет өткізілген «Отбасы күні» атты мерекесінде сөйленген сөзі. <http://www.akorda.kz/ru>.
38. [http://www.ekbgo.gov.kz/index.php?site\\_id=55&mod\\_id=4&modact=view&item\\_id=7469](http://www.ekbgo.gov.kz/index.php?site_id=55&mod_id=4&modact=view&item_id=7469)
39. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру түрлері. <http://zkoipk.kz/ru/c3/449-conf.html>
40. Қасым-Жомарт Тоқаев волонтерлік жұмыстардың негізгі бағыттарын атады. <https://www.inform.kz/kz/kasym-zhomart-tokaev-volonterlik-zhumystardyn-negizgi-bagyttaryn-atady>
41. Жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары – ҰБА
42. Бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы-ҰБА
43. <https://infourok.ru/keler-keesini-is-sharalar-zhospari-651263.html>
44. <https://zhastar.org/>

## Қосымша 1

Келісім шартта Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының ережелерін, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңдарын, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексіне және мектеп жарғысының 9- бабының 1 тармағына сәйкес құрылады.

*Ата-анамен келісімшарт*

Орта мектебі мен \_\_\_\_\_ ата-ана арасында келісімшарт.

1. Келісімшарт тараулары

1.1 Келісімшарт мекеме директоры мен оқушылардың ата-анасы арасында жасалды.

1.2 Келісімшарттағы шарттарды орындауға екі жақ міндетті.

2. Оқушыларды қабылдау

2.1 Орта мектебіне оқушы ата-аналардың өтініші бойынша қабылдау комиссиясы арқылы қабылданады /күні, айы, жылы/

2.2 Оқушы \_\_\_\_\_ қабылданды.

(Аты-жөні, туған жылы, айы )

2.3 Сабақта болатын уақыты 08:00-ден 14:15 – ге дейін 13:30-ден 19:30- ға дейін

2.4 Демалыс күндері: сенбі, жексенбі

*Ата-ананың құқықтары мен міндеттері*

*Оқушының ата-анасы құқықты:*

- оқушы туралы кез келген мәліметті алуға, пән мұғалімдері мен психологтан жеке кеңес алуға;

- мұғалім келісімімен сабаққа қатысуға, сабақтың қорытындысын талдауға;

- мектептегі кез келген шараларға қатысуға;

- мектептегі өз баласының мүддесін қорғауға;

- оқу-тәрбие жұмыстарының сапасын талап етуге;

- бала денсаулығына келтірілген зияндықтардың орнын толтыруды талап етуге;

- жұмсалған шығындардың есебін талап етуге.

*Оқушы ата-анасын*

- мектеп пен ата-ана арасында жасалған келісім - шартты орындауға;

- мектептің Жарғы талаптарын орындауға;

- мектептің материалдық базасын кеңейту мен ұйымдастыруда өз мүмкіншіліктерінше қатысуға;

- мектеп басшыларының өтініші бойынша мектептегі үлкен шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысуға;

Мектеп тарапынан ата-анаға қойылатын талаптар

1. Баланың ар-намысын құрметтей отырып, өзін кез келген жағдайда лайықты ұстау.

2. Баланың оқуға арналған уақытты толық пайдалануға, өзінің білім аясын кеңейтуге, ынтамен жұмыс істеуге, сабаққа жүйелі түрде дайындалуға, класстан және мектептен тыс шараларға қатысуға жағдай жасау.

3. Міндетті түрде ата-аналар жиналысынан қалмау, баланың сабақ үлгерімін қадағалау.

4. Мінез-құлық ережелерін сақтау:

басқа адамның ар-намысын қадірлеу, құқық бұзушылыққа жол бермеу; баланың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі туралы қам жеу.

6. Ата-ана тарапынан салауатты өмір салтын сақтау (темекі шекпеу, ішімдік пайдаланбау, нашакорлықпен күресу).

7. Оқушыны сабаққа уақытында таза және ұқыпты мектеп формасымен жіберу (балалардың шаш қойысын ескеру), сабақтан кейін қарсылап алу.

8. Сабаққа кедергі жасайтын түрлі техникалық құралдар (ұялы телефон, аудио - видеоплеер) әкелуге тыйым салу.

9. Өндірістік және қоғамдық пайдалы еңбекке белсенділікпен қатысуға жағдай жасау.

10. Сабақтан тыс уақытта ата-аналар баланың тәртібіне жауап береді;

11. Баланың кешкі сағат 10<sup>00</sup>-ден кейін көшеде жүруіне тыйым салынады;

12. Баланы дүкенге темекі, алкогольді ішімдіктерге жұмсауға тыйым салынады;

14. Отбасындағы ұл-қыздың тәрбиесіне, жыныстық тәрбиесіне (әсіресе қыз бала тәрбиесіне) қатты көңіл бөлу;

15. Заман талабына сай өзінің діни білімін көтеріп, балаға дұрыс бағыт беру.

16. Егер бала тарапынан әдеттен тыс іс-әрекеттер байқалса, мектепке шұғыл хабарлау.

19. Бірнеше рет мектеп Жарғысын бұзған, жасы 15-ке толған оқушы мектеп Кеңесінің шешімімен мектептен шығарылады..

Мектеп оқушыларының құқықтары мен міндеттері

*Оқушының құқығы*

- Жарғыда кепілдік берілген, мемлекеттік стандартқа сай деңгейде білім алу;

- оқу үрдісі барысында лаборатория, кабинет, аудитория, кітапхана, есептеу техникасы, асхана, медициналық кабинет қызметтерін пайдалану;

- өздерінің класс бөлмелерін сақтау және оқу-тәрбие үрдісінің сапасына қатысты өз пікірін білдіру;

- мектеп бітірген соң білімін жоғарғы оқу орындарында жалғастыру;

- оқушыларды қоғамдық, қоғамдық-саяси ұйымдар, қозғалыстар мен партиялар лажсыз кіргізуге, сондай-ақ бұл ұйымдардың қызметіне қатысуға жол берілмейді. Мектеп білім беру саласында мемлекеттік саясат принциптерін сақтайды, діни және ақсүйектілік білімге бөлінбейді.

*Оқушының міндеті*

- Білім бағдарламалары мен жоспарларында қарастырылған барлық тапсырмалар түрлерін бекітілген мерзімде орындау;

- Өзінің мәдени деңгейін жүйелі көтеруге, мектеп формасын сақтауға;

- Әрқашан мектеп ұжымының игілігіне үлес қосу, мектеп намысын, беделін қорғап, оның дәстүрлерін жалғастыру;

- Мұғалімдер мен мектептің басқа қызметкерлерін қадір тұту, мектеп директорының, мұғалімдердің, педагогикалық ұжымның нұсқаулары мен бұйрықтарына, сондай-ақ класс жетекшісінің нұсқаулары мен мектептің кадрларына бағыну.

- Мінез-құлық ережелерін сақтау:

үлкендерді құрметтеу;

басқа адамның ар-намысын қадірлеу, құқық бұзушылыққа жол бермеу;

өзінің және жолдастарының денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі туралы қам жеу.

- Мектеп оқушыларына темекі тартуға, ішімдік ішуге, нашақорлықпен айналысуға тыйым салынады. Оқушы әрдайым таза және ұқыпты болып жүреді.

- Сабакқа кедергі жасайтын түрлі техникалық құралдарды (ұялы телефон, аудио, видеоплеер) әкелуге тыйым салынады.

- Мектеп ғимараты мен оның аумағын үнемі тазалықта ұстау;

- Өндірістік және қоғамдық пайдалы еңбекке белсенділікпен қатысу;

- Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет таныту, мұғалімдер мен ата-аналардың заңды талаптарын орындау.

*Мектеп тарапынан ішкі тәртіп ережелерін сақтауға қойылатын талаптар.*

- Осы Жарғының талаптарын, оқушылар ережелері мен басқа да мектептің локальдық актілерін сақтау

- Заңға қарсы әрекеттер, Жарғыны өрескел, бірнеше қайтара бұзушылықты жасағаны үшін мектеп Кеңесінің шешімімен педагогикалық ықпал жасаудың ең соңғы шарасы – жасы он алтыға толмаған оқушыларды мектептен шығару қолданылады.

## Білім беру ұйымдарында «Өркендеу» жобасын жүзеге асыру жұмысы

Білім беру ұйымдарындағы «Өркендеу» жобасының класс бойынша жоспары

Білім алушылардың класс бойынша жұмысы				
№	Іс-шара атауы	Өтетін орны	Мерзімі	Жауапты
1	Руханият бағыты, Зерде бағыты «Жеті атасын білген ұл, Жеті жұрттың қамын жер!» /шежіретану/			
2	Отан бағыты, Жеті жарғы бағыты «Тура биде туған жоқ»			
3	Салауат бағыты, Еңбек бағыты, Экология бағыты Интеллектуалды ойын: «Алтын сақа»			
Ұлттық тәрбие мектептерінің класс бойынша жұмысы				
№	Іс-шара атауы	Өтетін орны	Мерзімі	Жауапты
1	«Әже мектебі» «Ана мектебі» «Шебердің қолы ортақ» Ұлттық колөнер байқауы			
2	«Аға мектебі» «Жеңге мектебі» «Сіздей болсақ деп едік». Кездесу сабақ			
3	«Ата мектебі», «Әке мектебі» Дөңгелек үстел: «Ұрпақ тазалығы мен қан тазалығын сақтау»			

Класс жетекшілердің класс бойынша жұмысы				
№	Іс-шара атауы	Өтетін орны	Мерзімі	Жауапты
1	«Мінсіз класс моделі» /презентация/			
2	Класс сағаты: «Бозбала мен бойжеткен тәрбиесі»			
3	«Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге»			



## «Өркендеу» жобасының мектеп деңгейіндегі жоспары

Мектептер деңгейіндегі жұмыс				
№	Іс-шара атауы	Өтетін орны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Қалалық семинар: «Алтын ордаға – 750 жыл»			
2	Рухани жаңғыруды жүзеге асырушы «Өркендеу» жобасының презентациясы			
3	«Әже мектебі», «Ана мектебі» Қалалық семинар: «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы»			
4	«Ата мектебі», «Әке мектебі» Қалалық семинар: «Бабалар мұрасы – ұрпаққа өсиет» Абай Құнанбайұлына – 175жыл			
5	«Аға мектебі», «Жеңге мектебі» Қалалық семинар: «Әке – отбасы тірегі»			
6	Қорытындылау. Оқу- әдістемелік құрал шығару			

### «Өркендеу» пилоттық жобасы бойынша семинар жұмысы

Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданының орта мектептерінде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тұжырымдамалық мақала негізінде жасалған жас ұрпақтың бойында отбасы құндылықтарын қалыптастыру мен дамытуға бағытталған «Өркендеу» жобасы аясында семинар өткізілді.

*Семинар мақсаты:* Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру. Жанұядағы ата-ана және бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Ата-анаға деген бала махаббатын ояту. Мектеп, ұстаз, ата-ана бірлігін нығайту. Отбасы мүшелері арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық, қарым - қатынасты қалыптастыру, үлкенді сыйлауға, сыпайы, ілтипатты болуға тәрбиелеу.

Семинар барысында аудан мектептерінің педагог-ұйымдастырушылары мен класс жетекшілері семинар коучинг, шеберлік сағаты, класс сағаты, тәрбие сағатын өткізді. Үздік деп танылған ұстаздар арнайы номинация иесі атанды. Ұрпаққа ұлттық құндылықты сіңіруде іс-шараның маңызы зор болды. Назарларыңызға семинар сабақтарын ұсынып отырмыз.

Мектептің химия және өзін-өзі тану пәні мұғалімдерінің «Әкешім – асқар тауым» тақырыбымен кіріктірілген сабағы.

Күні	«Қ.Орымбетов атындағы орта мектеп» КММ
Мұғалімнің аты-жөні:	Нуркиясова Эльмира, Алимжанова Бану
Сабақтың тақырыбы:	«Әкешім – асқар тауым»

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	Жанұядағы әке мен бала арасындағы қарым қатынасты нығайту. Ұлттық салт-дәстүрімізге байланысты әке орнының ерекше екендігін ұғындыру. Әкеге деген бала махаббатын ояту.	
Бағалау критерийі	- қоғамдағы әкенің рөлін білу; - үлкендерді мұқият тыңдау, сыйлау, адамгершілікке тәрбиелеу; - әкеге деген сүйіспеншілік сезімін нығайту;	
Құндылықтарға баулу	Өзара бірін-бірі сыйлау; Адамгершілікке баулу;	
Пәнаралық байланыс	Әдебиет, тарих, өзін-өзі тану, музыка	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы  3-5 мин	<p>Ұйымдастыру кезеңі.</p> <p>Армысыздар, аяулы ұстаздар, қадірменді қонақтар, сүйікті шәкірттер! Ежелден қалыптасқан – «Әке-отбасының пірі», Әке-үй ішінің тірегі, баласының жүрегі деген дана халқымыз. Мұндағы әр айтылған сөздің мағынасы өте терең. Өйткені әр шаңырақта әкенің алатын орны ерекше. Ендеше, бүгінгі «Әкешім - асқар тауым» атты өнеге сабағымызда әке туралы ой қозғалады.</p> <p>-Ендеше мына бейнероликке назар аударыңыздар?</p> <p><b>I.</b> «Әке деген кім?» бейнеролик көрсету.</p> <p>1. Осы ұғымға тағы қандай ой қосар едіңіздер?</p>	Үлестірме қағаздар
Сабақтың ортасы 10 мин	<p><b>I-топ:</b> «Әке» кластер, әке сөзіне кластер құрады.</p> <div style="text-align: center;"> </div> <p><b>II-топ:</b> «Әкеге парыз» әке алдындағы міндеттері туралы айтады.</p> <p>Әке алдындағы міндеттер: тілін алу, сөзін тыңдау, ізет көрсету, әдеп сақтау, парыздар: балалық міндеттерді орындауды дәстүрге айналдырып, әкеңе көмекші, демеуші, сүйеуші болып, оны әрқашан да қуанышқа бөлеп отыру; кәметке жеткен соң, әкеге біржола қызмет көрсетіп, оның қартайған шағында асыраушысы болу, әкенің әкелік еңбегін өтеу.</p> <p><b>III-топ:</b> «Әкеге хат»</p> <p>Мысалы: «Әке - асқар тау, ана қайнар бұлақ, бала жағасындағы құрақ» дегендей «Әке» деген сөз қандай жақын, қандай ыстық десеңші!. Өмірде әкесін жақсы көрмейтін бала жоқ шығар, өйткені бала үшін әкенің орны бөлек қой. Менің өмірдегі қымбат, ең қымбат адамым ол - сіз менің сүйікті әкешім. Сіз менің кішкентайдан ақылшым, қамқоршым болдыңыз. Мен сізден көп тәрбие алдым. Сіздің бақытты аман - сау болуыңызды тілеймін.</p> <p><b>II.</b> Домбырашылардың орындауында әкелерге арнап, «Балбырауын» күйін орындалады.</p>	

**Көрініс:**

Еркін: Маған әкем ұялы телефон сатып әперді.

Саят: Кәне, көрсетші? Өте әдемі екен. Бірақ менің әкем ең алдымен сабақты жақсы оқы, білім ал. Өскен соң еңбек етіп, қымбат телефонды өзің аласың деген.

Еркін: Ой, сен де сабақ – сабақ дейсің де жүресің. Маған әкем ақшаң болса бәрін сатып алуға болады деген болатын.

**«Ситуациялық сұрақтар»**

Келесі бөліміміз ата-ана мен оқушы арасындағы қарым-қатынасқа арналған жағдайларға беріледі. Ортаға оқушыларды шақырамыз. Ата-аналардың сол сәттегі әрекеті тыңдалады.

1-оқушы: Әкешім, мен бүгін сабаққа бармай-ақ қояйыншы, үйге берілген өлеңді жаттаған жоқпын, текке «2» алып қалармын.

Апайға телефон соғып «Аурып жатыр» деп айта салыңызшы.

2-оқушы: Әке, бүгін менің атымды линейкада атап ортаға шақырды, себебі сабаққа кешігіп келгенімді кезекшілер жазып алыпты.

3-оқушы: Әке, мен бүгін мектепте жарысқа қатысып мақтау қағазын алдым.

Сізсіз әке - ең ақылды, ең шыншыл,

Сізсіз әке - ең жақыным, ең сыршыл.

Шуақ шашқан қашанда асыл жүрегің,

Жанымдасың, қамқорымсың білемін.

Қабыл алғын бала – жүрек тілегін...дей келе оқушылардың өлең шумақтарына кезек берейік!

**Әке туралы Монолог (Фондық әуен «Күй»)**

Әкедей тірек табылмас,  
 Әкесіз жүрек қағылмас.  
 Асқар тауың тұрмаса,  
 Жанымның шамы жағылмас.  
 Әкемен өмір мәндірек,  
 Әкемен жатар ән түлеп.  
 Әкеге деген сағыныш  
 Айтар ем, қалар мәңгі деп.  
 Перзентін сүйген әкелер,  
 Аялап мәңгі мәпелер.  
 Әке деген сұрасаң,  
 Аспаннан айды әперер.  
 Әкелер сенім тірегі,  
 Ананың сүйген жүрегі.  
 Қосылса екі құдірет  
 Орындалған тілегі.

Әкемен күнің жарық қой,  
 Әкелер деген алып қой.  
 Дүниеге келіп қуантсаң,  
 Жасайды саған анық той.  
 Әкенің сөзі оқ деген,  
 Әкеден асқар жоқ деген.  
 Қарайып жүрсе қасыңда,  
 Уайым қайғы жоқ деген.  
 Әкемен басың жоғары,  
 Әкемен орның толады.  
 Әкесі сүйген баласы,  
 Мәңгі бірге болады.  
 Аман болсын асқарың,  
 Өтер өмір қас қағым.  
 Тіршілік тілі әкелер,  
 Қадірлей біл жастарым.

**Жүргізуші:**

Әкелерім бақытымсың, барымсың

Тірегімсің, сүйенішім, бағымсың

Жалғасындай әкелердің балалар,

Жақсы атымен бар әлемге танылсын – деген тілекпен

кейшімізді аяқтай отырып, келіп ой бөліскен әкелерімізге алғысымызды айтамыз.

Оқушылардың орындауында хор **«Менің әкем».**

Сабақтың соңы Рефлексия	«СИНКВЕЙН» әдісі бойынша әр топ «әке» сөзіне бес жолды өлең құрастырады. Мысалы: әке мейірімді, қатал тәрбиелейді, үйретеді, сынайды Әке – отбасы тірегі, қорғаны. Асқар тау, бәйтерек	
----------------------------	---	--

Орта мектептің мұғалімі Г.С. Ешмагамбетованың «Бізге үлгі тұлғалар» тақырыбындағы тәрбие сабағы.

Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:	
Класс: 7 «Б»	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспағандар:
Жүзеге асатын оқу мақсаттары	«Бізге үлгі тұлғалар» аталар, әкелер мектебі	
Сабақ мақсаты	Жанұядағы әке мен бала арасындағы ынтымақтастықты нығайту Отбасындағы әке орнын, рөлін көрсете отырып, халықтық тәрбие негіздеріне тоқталу; Оқушыларды үлкендерді сыйлауға, әкені пір тұтуға, адамгершілікке, әке мен ер азамат ұғымының мәнін ұғынуға тәрбиелеу.	
Құндылықтар	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Әке мен бала арасындағы қатынасты орнату арқылы ынтымақтастық құндылық бағдарын нақтылау.</li> <li>- Оқушыларға отбасының ұйтқысы, негізгі тірегі әке екенін, әкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</li> <li>- Бала мен әке арасындағы тығыз әрі ыстық байланысты, отбасына деген құрметін, өзіне деген азаматтық жауапкершілігін арттырады.</li> </ul>	
<i>Жоспар</i>		
<i>Сабақ кезеңдері</i>	<i>Жоспарланған іс - әрекеттер</i>	<i>Ресурстар</i>
Сабақтың басы 5 минут	Амандасу. Жағымды ахуал туғызу. «Ата – сая болар бағың болса, Әке-асқар тауың» дейді қазақта. Бір күн бар, жылытар күн, жұбатар күн, Бір күн бар, мұнайтар күн, қуантар күн. Мейлі ол шаңырақ сәтті болсын, сәтсіз болсын, «Әке» деген сезімді ұмытар кім,-дей отырып, сіздерге арналған «Бізге үлгі тұтар тұлғалар» атты аталар, әкелер мектебі тәрбие сағатына қош келдіңіздер! Мұғалім: Әр шаңырақта әкенің орны ерекше. Әке – отбасының асыраушысы, отбасы мүшелерінің тірегі, қамқоршысы. Әкенің мінез - құлқы, өзгелермен қарым - қатынасы, өнері мен білімі баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын оған қарап өсетін нысанасы. Бүгінгі тәрбие сағатымызда отбасындағы бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі туралы пікірлеспекпіз. Қонақтарымызбен таныстыра кетсек: шақырылған әкелермен таныстырамын.	Слайд 1

Сабақтың ортасы	Бүгінгі тәрбие сағатымыз бірнеше бөлімдерден тұрады.	
15 минут	<p>I кезең: «Жеті атасын білген ер» (әкеге сұрақ)</p> <p>Ұлы ғалым, философ Әбу-Насыр әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген екен. Қазіргі кезде бала тәрбиесімен аналар айналысып жүр, әке мен бала арасындағы қарым- қатынас күрделеніп, баяулап қалған сияқты. Себебі, отбасын асырап жүрген әке бала тәрбиесімен жиі айналыса қоймайды. Ал сіздің балаңызбен қарым-қатынасыңыз қандай? Отбасында балаңыздың тәрбиесіне қаншалықты көңіл бөлесіз? Әкелерге сөз беріледі.</p> <p>Оқушыларға сұрақ.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сен әкенді мақтан тұта аласың ба? Әлде ол жайлы ештеңе айта алмайсың ба?</li> <li>2. Сабақтан келген соң қандай іспен шұғылданасың?</li> <li>3. Жеті атаңды атай аласың ба?</li> </ol>	Микрофон әдісі
10 минут	<p>2 кезең: «Халық тәлімі-тәрбие бастауы»</p> <p>«Бала туылғанда ақ қағаздай болып таза туады, сол ақ қағаздың үстіне шимайды қалай салсаң, солай түседі. Бала тәрбиесі де сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, солай тәрбиеленеді» деген екен, Жан-Жак Руссо. Балаңыз қалай тәрбиеленуде? Жалпы қазір ұлдарымыз ұсақталып, жасық болып бара жатқан секілді. Бұрынғы ат құлағында ойнаған, құралай көзді мергендеріміз бен алпамсадай азаматтарымыз қайда?</p>	
5 минут	<p>Осы сұрақ төңірегінде ойларыңызды ортаға салсаңыздар. (әкелерге сөз беріледі)</p> <p>III кезең. «Мені немін, мені тап...»</p> <p>Ортаға бірнеше құрал-жабдықтар қойылады. Оқушылар сол құралдардың атын тауып, неге пайдаланатынын айтады.</p> <p>Әкелерге сауалнама ауызша:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Балаңыздың туған күні, айы, жылы ?</li> <li>2. Балаңыз нешінші класста және қай класста оқиды?</li> <li>3. Балаңыздың сүйікті пәні қандай?</li> <li>4. Балаңыздың класс жетекшісінің толық аты-жөні кім?</li> <li>5. Балаңыздың аяқ киім өлшемі?</li> <li>6. Балаңыздың парталас көршісі?</li> <li>7. Кеше қандай пәндерден, қандай баға алды?</li> <li>8. Балаңыздың сүйікті асы қандай?</li> <li>9. Балаңыз спорттың қандай түрін жақсы көреді?</li> <li>10. Балаңызға қандай еркелететін сөз айтасыз?</li> <li>11. Балаңыздың ең жақын досы?</li> <li>12. Балаңыз 1 классқа қай жылы барды.</li> </ol> <p>Сұрақ: Бүгінгі ұл балалардың киімі мен шаш қою үлгісі көңілдеріңізден шыға ма?</p> <p>Оқушылар әке туралы нақыл сөз, мақал-мәтел айтады.</p>	Микрофон әдісі

	<p>Әке балаға сыншы.  Әкеден — ақыл, анадан — мейір.  Әкеден безген ұл болмас, Анадан безген қыз болмас.  Әке жүрегі таудан үлкен, Ана жүрегі теңізден терең.  Әкелі бала жаужүрек, Әкесіз бала сұмжүрек (Бұқар жырау).  «Әкем бар» деп мақтанба топқа түсері жоқ болса.  «Балам бар» деп мақтанба жаман туған боқ болса.  «Ағайыным бар» деп мақтанба дос-дұшпаның келгенде қарасуы жоқ болса (Төле би).</p>	
<p>Сабақтың соңы 5 минут</p>	<p>IV кезең. «Аяқталмаған сөйлемдер» әкелеріне қойылады. Егер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Баланы үнемі сынап берсе, ол.(жек көруді) үйренеді.</li> <li>- Бала ызақорлықта өмір сүрсе, ол.(агрессивті болуға) үйренеді.</li> <li>- Баланы кемсіте берсе, ол.(кінәлі сезіммен өмір сүруге) үйренеді</li> <li>- Баланы қолдап отырса, ол.(өзін бағалауға) үйренеді.</li> <li>- Баланы келемеждей берсе, ол.(тұйық болуға) үйренеді.</li> <li>- Баланы мақтай берсе, ол.(өзімшілдікке, өркөкіректікке) үйренеді.</li> </ul> <p>V кезең. «Әкеге хат»  Оқушылар әкелеріне жасырын түрде хат жазады. Оны құрия жәшікке саламын.  Отқа түстің, суға түстің мен үшін,  Енді міне бағың берді жемісін.  Бала қыран шыңға шықса бұл күнде,  Бұның бәрі ӘКЕ сенің жемісің!  Анашымды отырғызып қасыңа,  Той берейін салып алақаныма.  Ей, адамдар, шүкіршілік етіңдер  Бұл өмірде әкелердің барына.  Тек, Әкелер, сендер ғана лайықсың  Хан сарайы, патша тағына!-деп отырып бүгінгі ашық тәрбие сағатымызды аяқтаймыз. Бүгінгі ашық тәрбие сағатымызға уақыттарыңызды бөліп, бала деп келгендеріңізге көптен-көп алғыс айтамын.</p>	

## **Әкелер кеңесінің ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1.1. Мектеп Әкелер кеңесінің ережесі ҚР «Білім беру» Заңы, ҚР «Бала құқығы» Заңы, ҚР «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» Заңдарын негізге ала отырып жасалды.

1.2. Әкелер кеңесі қызметі Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативті-құқықтық актілерімен іске асады.

1.3. Әкелер кеңесі мектептің ата-аналар жиналысының бөлімі болып табылады.

### **2. Мақсаты мен міндеттері**

2.1. Әкелер кеңесін құрудың мақсаты отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, ата-аналардың жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы рөлін арттыру.

2.2. Өз қызметінде Әкелер кеңесі келесі міндеттерді шешеді:

2.2.1. Тәрбие процесін ұйымдастыруда және басқаруда мектепке көмек көрсету.

2.2.2. Отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау

2.2.3. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде және білім беру мекемелерінде балалардың қауіпсіздігін сақтау шараларын ұйымдастыру.

### **3. Әкелер кеңесінің құзіреті**

#### **3.1 Әкелер кеңесі құзіретіне кіреді:**

- оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарында қоғамдық бақылауды ұйымдастыру;

- өмірлік қиын жағдайға тап болған ата-аналармен, оқушылармен қоғамға жат әрекеттер мен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түсініктеме жүргізу;

- імдікке, темекі тартуға, қоғамға қарсы жат мінез құлықтар көрсетудің алдын алу шараларын ұйымдастыруда көмек көрсету;

кеңеске жергілікті басқару мекемесінен, қоғамдық ұйымдардан өкіл, жеке кәсіпкерлерді, бұқаралық ақпарат қызметкерлерін шақыру;

### **4. Әкелер кеңесінің құқығы мен жауапкершілігі**

#### **4.1. Әкелер кеңесінің құқығы:**

- жасөспірімдердің қоғамға қарсы әрекеттерімен, қиын отбасылармен жұмыс істеуге, шешімдер шығаруға;

- жасөспірімдердің құқығы мен заңды қызығушылықтарын қорғауда өз көзқарастарын кіргізе алады;

- жасөспірімдерді қоғамға жат мінез құлық көрсетуге, құқық бұзуға тартатын ұйымдарды, жеке адамдарды жауапкершілікке тарту мақсатында мемлекеттік орындарға шағым жасауға;

- сұрақтарға жауап беру үшін әкелер кеңесі құқық қорғау қызметкерлері, қамқоршы және қорғаншы орындарынан сұрақтарға жауап беру үшін қызметкерлер шақыра алады;

- әкелер кеңесі қабылдаған шешіммен барлық қызығушы адамдар мен жергілікті өзін-өзі басқарушы мекемелер таныса алады.

## **5. Әкелер кеңесі мүшелері**

5.1. Әкелер кеңесі мүшесі болып ата-аналар ұсынған (заңды өкілдері) әкелер бола алады.

5.2. Әкелер кеңесі шақыруымен әкелер кеңесі жұмыстарына жергілікті өзін-өзі басқару мекемелері, полиция инспекторы, қамқоршылық бөлімінен қызметкерлер қатыса алады.

5.3. Әкелер кеңесінде дауысты тек әкелер кеңесі мүшелері, инспекторы, қамқоршылық бөлімі өкілі бере алады.

5.4. Отырысты бірінші жиналыста көп дауысқа ие болып сайланған төраға мен төрайым жүргізеді.

5.5. Хаттама жазу үшін кеңес мүшелері ішінен хатшы сайланады.

## **6. Әкелер кеңесі жұмысын ұйымдастыру және жүргізу**

6.1 Әкелер кеңесі отырысы жылдық жоспар бойынша өткізіледі немесе кезектен тыс мәселелерді шешуде жылына 2-ден кем емес.

6.2 Әкелер кеңесі мүшелері мектеп бұйрығымен бекітіледі.

6.3 Әкелер кеңесі отырысы мүшелерінің  $2/3$  бөлігі жиналғанда өкілетті болып табылады.

6.4 Әкелер кеңесі шешімін мүшелерінің 50 пайызы дауыс берілгенде қабылданады.

6.5 Әкелер кеңесі хаттамамен рәсімделеді, онда уақыты, қанша адам жиналғаны және қаралған мәселелер көрсетіледі

6.6 Әкелер кеңесі отырысының хаттамасына төраға мен хатшы қол қояды.



## Мазмұны

Кіріспе .....	3
1 Отбасылық құндылықтарды орта білім беру ұйымдарында қалыптастырудың халықаралық тәжірибесі .....	5
2 Дәстүрлі мәдени құндылықтар - отбасындағы тәрбиенің негізі .....	26
3 Орта білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесінде отбасы институтының маңыздылығы мен отбасы құндылықтарын тарату бойынша әдістемелік ұсынымдар .....	53
Қорытынды .....	82
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі .....	83
Қосымша .....	85

## Введение

В Послании от 2 сентября 2019 Глава государства Касым-Жомарт Токаев объявил о поддержке института семьи и детства [1]. В условиях масштабной политической и экономической модернизации страны воспитание детей – это огромные инвестиции в будущее. Именно сегодняшнему молодому поколению предстоит завтра принимать эстафету и продолжать *продвигать, укреплять Казахстан* и его позиции на международной арене, приносить пользу Родине, родному народу, высоким идеалам, гражданскому долгу. Единая задача педагогов и родителей - посеять добрые зерна воспитания, чтобы получить хорошие плоды.

Семейное воспитание рассматривается как изначальная форма воспитания и социализации подрастающего поколения. В то же время необходимо учесть, что семья как социальный институт может оказать отрицательное влияние. Как особо подчеркивается в Конвенции ООН о правах ребенка, «Ребенку для полного и гармоничного развития его личности необходимо расти в семейном окружении, в атмосфере счастья, любви и понимания» [2]. Семейное воспитание направлено на обеспечение эффективного воспитательного воздействия на детей, освоение подрастающим поколением духовно-нравственных основ семьи, формирование культуры семейных отношений, сохранение и развитие этнокультурных семейных традиций. Приоритетным направлением семейного воспитания становится формирование ценностей казахстанского патриотизма и гражданственности. Семейное воспитание вносит весомый вклад в дело возрождения и наращивания интеллектуального, духовного и нравственно-культурного потенциала нации.

